

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘӨЖ: 81'373.21

Қолжазба құқығында

ШУРИЕВА АЙСЛУ БАУРЖАНОВНА

Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналар

8D02304 - Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық кеңесші
филол. ғылым. док., проф.
Пангереев А.Ш.

Шетелдік кеңесші
Анкара Хаджи
Байрам Вели ун-ті
PhD, проф.
Наджие Йылдыз

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	4
1 ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАР МЕН ӘПСАНАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	14
1.1 Топонимдік фольклорды Еуразия кеңістігінде зерттеудің алғышарттары	14
1.2 Топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеудің жаңа парадигмалары	28
1.3 Топонимдік аңыздар мен әпсаналардың мәдени-рухани мұра ретіндегі қызметі	36
Бірінші бөлім бойынша тұжырым	41
2 ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАР МЕН ӘПСАНАЛАРДЫҢ ПОЭТИКАСЫ	42
2.1 Еуразия кеңістігіндегі аңыздардың (Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан елдері фольклоры бойынша) танымдық, ақпараттық, мекендік және эстетикалық негіздері	42
2.2 Еуразия кеңістігіндегі әпсаналар Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан елдері фольклоры бойынша): мифтік мотивтері, ғажайыпты сипаттары, таралу ареалы	89
2.3 Топонимдік нарративтердің халықтардың мәдени ықпалдастығына әсері: салыстырмалы талдау	100
Екінші бөлім бойынша тұжырым	105
ҚОРЫТЫНДЫ	107
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	111

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Фольклор – халықтың шығармашылық өнері. Сан жылдардан бергі халықтың өмір тәжірибесі негізінде жинақталған рухани мұрасы.

Аңыз – өмірде бір кезде болған оқиғаларға негізделіп баяндалатын, уақыт өте келе ол тарихи шындықтар көмескіленіп жартылай тарихи шындықты білдіретін фольклорлық жанр. Бұл жанр тарихи және топонимдік аңыздар болып екіге бөлінеді

Әпсана – аңыз бен ертегінің аралығындағы қиял негізді ғажайыпты сипаттарға құрылып, ғибрат беруді көздейтін жанр. Ол мифтің де хикаяның да аңыздың да жанрлық қасиеттерін бойына сіңірген.

Геосаясат – мемлекеттердің және халықтардың географиялық орналасуына байланысты саяси-экономикалық, мәдени ықпалдарын зерттейтін ғылым саласы. Геосаясат тарихи оқиғалар мен мәдени өзара әрекеттесулерге әсер етеді.

Гидроним – топонимика ғылымында географиялық су атауын білдіретін ұғым, мысалы, өзендер, көлдер, теңіздер.

Мифология – әлемді және табиғат құбылыстарын мифологиялық бейнелер арқылы түсіндіретін халықтық дүниетаным жүйесі.

Мотив – фольклорлық шығармаларда бір өлшеммен қолданылатын ырғақ, негізгі идеяның түп негізі, архетипі ретінде анықталатын бірлік.

Ойконим – елді мекендердің атауы, мысалы, ауыл, қала, аудан атаулары. Бұл атаулар халықтың әлеуметтік құрылымын, мәдени ерекшеліктерін айқындайды.

Ороним – тау, қырат сияқты биік жерлердің атауы. Оронимдер ландшафттың ерекшеліктерін, халықтың табиғатқа деген көзқарасын көрсетеді.

Топоним – географиялық нысандардың ресми және тарихи атаулары, мысалы, өзендер, таулар, қалалар, ауылдар сияқты жер атаулары. Топонимдер мәдени және тарихи мұраны бейнелейді.

Топонимдік фольклор – белгілі бір географиялық атаулармен байланысты аңыздар мен әпсаналар. Бұл фольклор халықтың дүниетанымын, тарихи жадын және мәдени мұрасын көрсетеді.

Топонимдік сюжет – фольклор үлгілеріндегі жер-суға байланысты айтылатын сюжеттер. Ол сюжеттер мифтің, аңыздың, әпсананың, хикаяттың да элементтерін қолдана алады.

Этнография – халықтың мәдениетін, тұрмыс-салтын, салт-дәстүрлерін зерттейтін ғылым. Этнография әр халықтың ұлттық ерекшеліктерін, тарихи және мәдени мұрасын жинақтайтын қор.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Халықтың шығармашылық өнері болып табылатын фольклор өмірдің өзі секілді даму, жетілу үстінде. Қазіргі таңда фольклортану ғылымы басқа да гуманитарлық саладағы ғылымдармен өрелесе дамып, жаңа жанрлық түрлері ғылыми айналымға ене бастады. Сондай жанрдың бірі – топонимдік фольклор. Фольклор мен топонимиканың өзара тығыз байланысынан келіп туындаған бұл жанрдың әлемдік ғылым, мәдениет, өнер айдынында көтерер жүгі қомақты. Осы топонимдік фольклор жанрының іргелі салалары – топонимдік аңыздар және эпсаналар. Аңыз бен эпсана әлем халықтарының қай-қайсысында да бар жанрлық түрлер. Қандай да бір елде болмасын бір кездері болып өткен тарихи оқиғалар, әртүрлі соғыс-қақтығыстар мен жаугершілік әрекеттер, халықтардың миграциясы, табиғат құбылыстары, белгілі тарихи тұлғаларға байланысты оқиғалар, басқа да ел есінде қалған жағдаяттар аңыз, эпсана түрінде халық жадында сақталады. Мұндай топонимдік аңыздар мен эпсаналардың халықтың өткен өмір тарихынан, әлеуметтік тұрмысынан, айнала қоршаған орта, табиғат туралы түсінігінен, мәдени-эстетикалық танымынан берер мәліметтері мол.

Сондықтан бұл тақырыпты жан-жақты ашу үшін және ортақ негіздерін табу үшін әртүрлі халықтардың топонимдік аңыздары мен эпсаналарын бірлікте алып зерттеген жөн. Сол себепті біз Еуразия кеңістігіндегі Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан секілді елдердің топонимдік аңыз, эпсаналарын зерттеуге алып отырмыз. Топонимдік аңыз, эпсаналардың поэтикалық сипатын ашу үшін де, салыстырмалы талдау жүргізу үшін де, халықтар арасындағы танымдық-эстетикалық негіздердің бірлігін анықтау үшін де мұндай зерттеудің мәні зор деп білеміз.

Зерттеудің өзектілігі.

Жер бетіндегі әрбір халықтың өзінің ұлттық рухани дүниесін көрсететін танымдық белгілері бар. Еуразия кеңістігінде өмір сүріп келе жатырған халықтардың рухани жан дүниесін танытатын сондай бірегей белгілері олардың аңыздары мен эпсаналары арқылы айқындық табады. Себебі, халықтардың қоршаған әлемді танып, білуі, табиғаттың әртүрлі құбылыстарын ұғынуы, өмірден тоқыған тәжірибелері, наным-сенімдері, мифологиялық түсініктері осы аңыздар мен эпсаналар бойында сақталып, кейінгі ұрпаққа жетіп отыр. Бұл аңыздар мен эпсаналардың ішінде жер-суға қатысты айтылған түрлерінің мәні ерекше. Себебі жер-су атаулары қай халықтың болмасын тарихи санасынан хабар береді. Өйткені жер-су халық үшін кіндік кесіп, кір жуған туған жер, атамекен, отан ұғымының байырғы атауы. Бұл атаулардың бойында белгілі бір этностың танымы, қоршаған ортаға қатынасы, өздері өмір сүріп отырған кеңістік бөлігінде болып өткен неше түрлі тарихи оқиғалардың іздері сақталып отырады және сонымен бірге олар аңыздар мен эпсаналардың туындауына өзек болады. Сондықтан топонимдік аңыздар мен эпсаналарды зерттеу фольклордың синкретті сипатын, халықтың өткен өмірін, дүниеге көзқарасын, наным-сенімдерін, табиғатқа қатысын және басқа тіршілік-тынысын зерттеуге

мүмкіндік береді. Топонимдік аңыз, әпсаналар халықтың ауызша тараған мұрасы бола отырып, адамның рухани және материалдық өмірінің барлық қырларын көрсете алады. Сонымен қатар, бұл аңыздар мен әпсаналарда адамның танымдық-эстетикалық құндылықтары, әр халықтың өзіндік ерекшелігі мен менталитеті көрініс табады.

Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеу фольклор, топонимика, география, тарих, лингвистика секілді бірнеше ғылымдардың тоғысында орындалатын бірегей мәселе. Өйткені, топонимдік аңыздар мен әпсаналар Еуразия халықтарының фольклорлық дәстүрі мен мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып саналады. Олар тарихи оқиғаларды, этникалық үдерістерді, әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттердің өзара әрекеттесуін көрсетеді. Бұл нарративтерді зерттеу өткен тарихты білуге жол ашады. Бұл өте маңызды, өйткені өткенді білмей, болашаққа, өркениетке бет түзей алмаймыз. Сондықтан бұл тақырып фольклорлық мұраны ғана емес, этномәдени байланыстардың эволюциясын және даму арналарын түсінуге мүмкіндік береді. Жаһандану жағдайында және бірегейлік пен мәдени дәстүрлерді сақтауға деген қызығушылықтың артуы жағдайында топонимдік фольклорды зерттеу рухани мұраны сақтауға және насихаттауға ықпал етеді.

Топонимдік аңыздар мен әпсаналар халықтардың өмір тәжірибесінен туған фольклорлық сюжеттерді, аңыз, әпсана арқылы танылатын ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беру құралы ретінде қызмет етеді. Осы аңыздар мен әпсаналарды зерттеу Еуразия кеңістігінде өмір сүретін халықтардың фольклор арқылы көрініс беретін танымдарын, этнопсихологиялық ерекшеліктерін, қоршаған орта, табиғат туралы көзқарастарын анықтауға жол ашады.

Топонимдік нарративтерді салыстырмалы талдау фольклорды, этнографияны, мәдениетті және басқа ғылымдарды біріктіретін пәнаралық зерттеулерді дамытуға негіз бола алады. Бұл тұрғыда айтылған ғалымдардың пікірлер көп, солардың ішінен тақырыбымызға орайлас айтылған Л.Н. Гумилевтің: «Әпсаналар мен аңыздар – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттың мәдени кодын сақтаушылар» [1], С.А. Ерофеевтің: «Әпсаналар мен аңыздар – халқымыздың тарихы мен мәдениетін түсінудің кілті» [2] деп білеміз деген сөздеріне екпін түсіріп айтқымыз келеді. Сонымен қатар, «ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенциясы» адамзаттың мәдени мұрасының бөлігі ретінде фольклорды сақтау мен зерттеудің маңыздылығын атап көрсететіндігін де атап өту жөн деп білеміз [3]. Себебі бұл де айтылған пікірлер тақырыптың өзектілігін таныта алады.

Этнограф С.А. Токарев «Фольклор – бұл қорқыныштарын, үміттері мен ұмтылыстарын көрсететін халық жанының айнасы» [4] деп айтқан екен. Фольклордың халық өмірінің айнасы екендігі туралы айтылған пікірлер бір бұл емес, оны фольклортанушы ғалымдардың бәрі де айтып өткен. Себебі халықтың шығармашылық өнімі болғандықтан фольклордың ел өмірінің барлық қырларын ашып көрсетуге мүмкіндігі мол. Ал, фольклор құрамынан тұрақты орын алып, ел өмірінің шежіресіне айналған топонимдердің де халық өмір тіршілігінен беретін

мағлұматы зор. Өйткені, әрбір топонимнің астарында қай халықтың болса да басынан өткізген оқиғасы, не болмаса белгілі бір тарихи тұлға төңірегінде болған бір оқиға, мейлі жаугершілік кезеңде болсын, мейлі бейбіт күндерде болсын әйтеуір ел есінде сақталған жәйттер бой көрсетіп тұрады. Сондықтан топонимдер көне дәуірлерден келе жатырған халықтың тарихи санасы болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасының мәдени мұраны сақтау және ұлттық бірегейлікті нығайту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді [5]. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңында ұлттық тілді зерттеу мен насихаттаудың маңыздылығы атап өтіледі. Бұл топонимдік аңыздар мен эпсаналарды зерттеумен тығыз байланысты, өйткені олар тіл арқылы көрініс табатын халық жадының көрінісі және халықтың өзіндік менталдігін, ұлттық мәдени кодты сақтаудың бір құралы болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы халыққа Жолдауында тарихи мұраны сақтау және жаһандану жағдайында ұлттық мәдениетті дамыту қажеттілігі айтылған [6]. Топонимдік аңыздар мен эпсаналарды зерттеу осы мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етіп, Еуразия халықтарының тарихи процестері мен этномәдени байланыстарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Аңыз бен эпсана ең алдымен халықтың шығармашылық өнері болып табылады. Зерттеуші ғалым А. Сейдімбеков халықтың осындай шығармашылық мұрасының сол әдеби үлгілерді жасаушы халықтың өмірінен де мол мәлімет беретіндігін айта келіп: «Сондай деректі ұғымдардың бір арнасы – ел жұрттың, яғни, фольклор шығармасының әрі кейіпкері, әрі жасаушысы болып табылатын халықтың жайлаған, қыстаған, көшіп-қонған мекендерді, географиялық жағдайын танытатын жер-су атаулары, тағы басқа сол сияқты мәліметтер болмақ» [7], – деп атап көрсетеді.

Сондықтан бай мәдени мұрасы бар көптеген елдерді қамтитын Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен эпсаналарды зерттеу бүгінгі таңдағы күн тәртібіне қойылатын маңызы жоғары еңбек болып табылады. Алайда, Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздарды зерттеу мәселесі әлі күнге дейін түбегелі қолға алынбағандығын, жүйелі зерттелінбегендігін атап өткіміз келеді. Бұл саладағы зерттеулерді жүргізгенде алдымен топонимдік аңыз, эпсаналардың поэтикалық сипатын, атқаратын танымдық, ақпараттық, мекендік функциясын және сонымен бірге топонимдік нарративтердің қалыптасуы мен сақталуына тарихи, мәдени және этнографиялық факторлардың әсерін ескеру маңызды.

Осы мәселелерді ескере келе жасалынған теориялық тұжырымдар негізінде диссертациялық зерттеу тақырыбы: «Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен эпсаналар» деп аталып отыр.

Зерттеу нысаны – Еуразия кеңістігіндегі Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстанның топонимдік аңыздары мен эпсаналары.

Зерттеу пәні – топонимдік аңыздар мен эпсаналардың мәдени, тарихи және этнографиялық қырлары, олардың поэтикасы, мәдени-рухани мұра ретіндегі

қызметі, сондай-ақ олардың Еуразия кеңістігіндегі халықтардың мәдени ықпалдастығына әсері.

Зерттеудің мақсаты Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналардың генезисін, типологиясын, поэтикасын зерттеу.

Зерттеудің міндеттері

1. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеудің теориялық негіздерінің ғылыми тұжырымын жасау; олардың халықтың дүниетанымын, кеңістікке қатыстылығын және тарихи жадын бейнелейтін ұлттық-танымдық құбылыс ретіндегі ерекшеліктерін көрсету;

2. Еуразия кеңістігінде топонимдік фольклордың аңыз, әпсана жанрларының шығу тегін, бұл жанрлардың әр елде қолданысқа түскендегі типологиялық белгілерін, поэтикасын зерттеу;

3. Еуразия кеңістігінде топонимдік аңыздар мен әпсаналардың пайда болып, халық арасында қолданысқа түсуінің негізгі мотивтерін анықтау. Аңыз, әпсанаға өзек болатын тарихи оқиғалар, табиғат құбылыстары, көші-қон, миграция, жаугершілік соғыстар сияқты себептіліктерді саралау;

4. Топонимдік аңыз, әпсаналардың танымдық, ақпараттық, мекендік және эстетикалық функцияларын анықтау. Оларды әр елдің этникалық ерекшелігіне байланысты салыстыра отыра талдау;

5. Топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеудің жаңа парадигмаларын негіздеу. Топонимдік нарративтерді пәнаралық тұрғыдан қарастырып, оларды фольклортану ғылымында жаңа бағыттар мен зерттеу тәсілдерін қалыптастыру;

6. Топонимдік аңыздар мен әпсаналардың рухани мұра ретіндегі қызметін зерттеу, олардың Еуразия халықтарының тарихи санасын жаңғыртудағы, сақтаудағы рөлін анықтау; топонимдік аңыздар мен әпсаналар ұрпақтан-ұрпаққа берідетін танымдық, тәрбиелік және мәдени код ретіндегі қызметін зерттеу;

7. Топонимдік аңыздар мен әпсаналардың поэтикасын зерттеуде қолданылатын көркемдік әдістер мен құралдардың атқаратын функциясын саралау; топонимдік аңыздар мен әпсаналардағы бейнелеу тәсілдері, көркем тіл өрнектері, мифтік образдар мен символдардың қолданылу ерекшеліктерін зерделеу.

Зерттеу әдістері

Диссертациялық жұмысты орындау барысында тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы-типологиялық, талдау, саралау, жүйелеу, жинақтау, кросс-мәдени тұрғыда талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері. Диссертациялық жұмыста Еуразия кеңістігіндегі халықтардың фольклоры, соның ішінде топонимдік аңыздар мен топонимдік әпсана жанрлары негізге алынды.

Зерттеу тақырыбы бойынша қазақстандық, таяу және алыс шетел ғалымдарының теориялық еңбектері, фольклорлық жинақтарға енген аңыз, әпсана, мифтік сюжеттер пайдаланылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Топонимдік аңыздар мен әпсаналардың ежелгі заманнан келе жатқан, ғасырларға созылған тарихы бар. Геродот пен Страбон сияқты ежелгі авторлар

өз жазбаларында топонимдік аңыздарды бірінші болып жаза бастады. Геродот өзінің «Тарихында» [8] жер атауларын жиі атап өтті және оларды аңыздармен байланыстырды, бұл жер атауларының мағынасы туралы ерте түсініктер жасауға мүмкіндік берді. Орта ғасырларда Ибн Хордадбех «Жолдар мен мемлекеттер» кітабында [9] исламдық топонимдер мен олардың аңызға айналған әңгімелерінің сипаттамаларын ұсынды. Ренессанс Себастьян Мюнстер «Космографияда» [10] алғаш рет әлемді жүйелі түрде сипаттады, оның ішінде топонимдермен байланысты аңыздар да бар. Л.П. Грот өзінің «Путь норманизма от фантазии к утопии» [11] әртүрлі географиялық атаулардың шығу тегін түсіндіретін аңыздар мен оқиғаларды қамтыды. Жер-су атауларына байланысты аңыздарды зерттеу бұдан кейін де жалғасып, біршама еңбектер жарық көрді. Олардың қатарына мынадай зерттеу жұмыстарын жатқызуға болады: А. Гура «Славяндық дәстүрлі мәдениет пен мифология» [12], С. Толстов «Ежелгі Хорезм өркениетінің ізімен» [13], А. Самадов «Тәжікстан топонимдері» [14], Гумилев «Ежелгі Ресей мен Ұлы дала» [15], М. Элиаде «Мәңгілік оралу мифі» [16].

Отандық авторлар арасында топонимдік әпсаналар мен аңыздар тақырыбына өз жұмыстарын арнаған ғалымдарды атағанда топонимдік аңыздарды алғаш дербестеп алып зерттеген академик Қасқабасовты атаймыз [17]. Бұл ретте әр жылдары жарық көрген Б. Рахимовтың [18], К. Матыжановтың [19], А. Әбсадықтың [20], Б. Олжабаевтың [21], А.Т. Жаманкозованың [22], С.О. Құлбарактың [23] зерттеу еңбектерін де атаған жөн.

Ал, енді бұл тақырыптың докторлық диссертация көлемінде зерттелу мәселесін айтар болсақ А.Ш. Пангереевтің «Қазақтың топонимдік фольклоры» [24], А.З. Кенбаеваның «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» [25] зерттеулерін айтуға болады. Бұл зерттеулер фольклор мен топонимика ғылымдарының тығыз байланыстылығы негізінде топонимдік фольклор жанрының туындап, ғылыми айналымға енуіне жол салды. Айта кету керек топонимдік фольклор өз алдына дербес жанр ретінде отандық және әлемдік ғылым айдынында бұрын зерттелген жоқ. Осы ретте біздің зерттеуге алып отырған «Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналар» аталатын тақырыбымыз да айтарлықтай жаңа деп айтуға болады.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері – Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеудің әдіснамалық негіздері фольклортану, тарих, мәдениеттану, этнография, этнология, лингвистика және философия сияқты ғылыми пәндердің теориялық және тұжырымдамалық тәсілдерін қолдануға негізделген. Осы ретте фольклор мен топонимиканың өзара тығыз байланысын зерттеген, фольклортанушылық тұрғыда әр елдің фольклоры мен мифологиясын талдаған академик С.А. Қасқабасовтың, топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін алғаш зерттеген А.Ш. Пангереевтің еңбектері негізгі әдіснамалық басшылыққа алынды. Сонымен бірге топонимдік аңыз, әпсаналардың тарихи мәдени және әлеуметтік құбылыстарға әсері символикалық белгілері этнографиялық маңызы туралы айтқан шетелдік ғалымдар Арнольд Тойнби, Карл Ясперс, Эдвард Сапир, Бенджамин Уорф, Сапир-Уорф, Клод Леви-

Стросс, Виктор Тернер, Михаил Бахтиннің еңбектері методологиялық басшылыққа алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

1. Еуразия кеңістігіндегі (Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан) топонимдік аңыздар мен әпсаналарға алғаш рет жан-жақты зерттеу жүргізілді.

2. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың генезисі, типологиясы, поэтикасы және таралу ареалы зерттелді.

3. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың атқаратын танымдық, ақпараттық, мекендік, эстетикалық функциялары анықталды.

4. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың туындауына әсер ететін ортақ мотивтер айқындалды.

5. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың халықтардың этникалық ерекшелігіне байланысты орындалу қызметі дәйектелді.

6. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың поэтикасы алғаш рет салыстырмалы талдау арқылы зерттелінді.

Зерттеудің теориялық мәні

Зерттеу Еуразия халықтарының фольклоры, оның ішінде топонимдік фольклордың аңыз, әпсана жанрларын ғылыми айналымға енгізіп, бұл елдердегі қолданыс аясын айқындап және халықтардың мәдени ықпалдастығы туралы теориялық түсінікті кеңейтеді. Жұмыс топонимдік аңыздар мен әпсаналарды халық шығармашылық өнерінің озық үлгісі ретінде қарастыра отырып, олардың танымдық, ақпараттық, мекендік, эстетикалық, қырларын жан-жақты ашады. Сонымен бірге халықтың тарихи санасында сақталған топонимдердің этнографиямен, халықтың тіл эстетикасымен тығыз байланыстылығы туралы жаңа мәліметтер береді. Этнографиялық материалдарды талдау Еуразия халықтарының жер атауларымен байланысты мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын тереңірек түсінуге жол ашады. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналарды салыстырмалы тұрғыда талдау тақырыптың теориялық тұрғыдағы маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы

Зерттеу нәтижелерін білім беру мекемелерінде, оқу орындарында фольклортану, тарих, мәдениеттану, этнография және лингвистика бойынша курстар мен оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін пайдалануға болады. Бұл білім алушыларға топонимдік аңыздар мен әпсаналар, олардың мәдени және тарихи маңызы туралы терең білім алуға мүмкіндік береді. Топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеу Еуразия аймақтарының мәдени мұрасын насихаттауға бағытталған жаңа туристік маршруттар мен мәдени жобаларды құруға да ықпал етуі мүмкін. Зерттеу негізінде топонимдік аңыздар мен әпсаналарды халық жадында сақтау және ел ішінде насихаттау үшін ұсыныстар мен әдістер жасауға болады. Зерттеу нәтижелерін өлкетануға, қоршаған ортаны тануға байланысты халықаралық жобалар мен бағдарламаларға пайдалануға болады. Бұл әртүрлі этникалық топтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты дамытуға

ықпал етеді. Зерттеудің ғылыми пәндердің дамуына және жаңа пәнаралық зерттеулер жүргізуге ықпал ету мүмкіндігі де бар.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар

1. Еуразияның әртүрлі аймақтарында (Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан) қалыптасқан топонимдік аңыздар мен әпсаналар халықтардың кеңістікке деген ерекше көзқарасы мен тарихи-этникалық болмысын көрсететін бірегей фольклорлық феномен болып табылады. Осы ретте Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз бен топонимдік әпсананы зерттеудің теориялық алғышарттары жасалу тиіс.

2. Топонимдік аңыздар мен әпсаналардың генезисі, типологиясы, поэтикасының зерттелуі және танымдық, мекендік, ақпараттық және эстетикалық қызметтерінің анықталуы, қазіргі заманғы фольклортану ғылымындағы жаңа зерттеу арнасы болып табылады.

3. Әр елдің топонимдік аңыз, әпсаналарында орын алатын мифологиялық, тарихи-мәдени және этнографиялық мотивтер ұлттық мәдениеттің қалыптасуына және кеңістіктің киелі бейнесін жасауда маңызды рөл атқарады. Өз кезегінде бұл аңыз, әпсаналардың ұқсас құрылымдық және аймақтық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

4. Топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеу фольклортану, топонимика, этнография, география, тарих, лингвистика сияқты бірнеше пәндердің тоғысында қарастырылады. Осылайша зерттеу негізінде Еуразия кеңістігі халықтарының дүниетанымы, поэтикалық зердесі, табиғатқа көзқарасы, қоршаған ортаға, кеңістікке берер бағасы айқындалады.

5. Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстанның топонимдік аңыздары мен әпсаналарын олардың этникалық ерекшеліктерін ескере отырып салыстырмалы талдау жаңа танымдық дүниелерді ашады және Еуразия кеңістігіндегі мәдени байланыстар мен ықпалдастықтарды арттырады.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы

Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 8 мақала жарияланды.

Оның ішінде индекстелген Scopus базасында рецензияланған ғылыми басылымдарда – 2 мақала:

1. Epic toponyms as carriers of a linguocultural code. Eurasian journal of applied linguistics (2023), 9(1), 13-23 (85%). Doi:<http://dx.doi.org/10.32601/ejal.901002>
<https://ejal.info/menuscript/index.php/ejal/article/view/440/119>

2. Eurasian bilingual hydronyms nominations with the components "ak/kara". XLinguae, Volume 17 Issue 2, April 2024, ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X (80%). DOI: 10.18355/XL.2024.17.02.02

ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарық көрген еңбектер:

1. Топонимический фольклор как жанр устного народного творчества. "Keruen" scientific journal №3, 84 vol, 2024 ISSN: 2078-8134 | ELSSN: 2790-7066. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-15>

2. Toponymic folklore researches in the eurasian space. "Keruen" scientific journal №1, 86 vol, 2025. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.1-12>

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Особенности топонимического фольклора тюркской цивилизации. «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты халықаралық ғылыми конференция. – Орал: Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университетінің баспа орталығы, 2023. – б. 71-73. <https://wkitu.kz/wp-content/uploads/2024/02/konf-so-y-var-24.1123.pdf>

2. Топонимические легенды как культурное наследие тюркских народов. Қ.Қ.Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі ХІ халықаралық конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2024. –306-309 б.

3. Heroic epic of the peoples of central asia and southern siberia. «Қобыланды батыр жыры және ұлттық қаһармандық рух» атты Халықаралық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2024. – 118-121 б.

4. Түркі халықтарының аңыздары мен дәстүрлеріндегі топонимдердің орны. «Түркі әліміне жас көзқарас». (Türk Dünyasına Genç Bakışı) атты халықаралық симпозиумы, 25-26 сәуір, 2024. Түркия, Анкара.

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді

Бірінші кезеңде - 2022-2023 жж.— Зерттеудің негізгі мақсаттары мен міндеттерін анықтау, гипотеза мен жетекші идеяны тұжырымдау. Еуразиялық кеңістіктегі топонимдік аңыздар мен эпсаналар бойынша әдебиеттерге алдын-ала шолу жасау және қол жеткізген зерттеулерге талдау жасау. Зерттеудің әдіснамалық тәсілдері мен әдістерін анықтау және негіздеу. Зерттеу жоспарын құру және деректерді жинау үшін қажетті ресурстарды дайындау. Тарихи құжаттарды, этнографиялық материалдарды, фольклорлық жинақтарды және заманауи ғылыми зерттеулерді, бастапқы және қосымша дереккөздерді жинау. Жергілікті тұрғындардың сұхбаттары мен сауалнамалары арқылы алдын-ала зерттеулер жүргізу, мәліметтер жинау.

Екінші кезеңде – 2023-2024 жж. – Жиналған деректерге тарихи-мәдени, этнографиялық, лингвистикалық және салыстырмалы-типологиялық талдау жүргізу. Еуразияның әртүрлі халықтарының топонимдік аңыздары мен эпсаналарындағы негізгі заңдылықтарды анықтау. Топонимдік аңыздар мен эпсаналарды талдаудың жаңа пәнаралық әдіснамалық тәсілдерін негіздеу және әзірлеу. Жалпы және бірегей ерекшеліктерді анықтау үшін Еуразия кеңістігіндегі әртүрлі халықтардың (Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан, Қазақстан) топонимдік аңыздары мен эпсаналарын салыстыру. Топонимдік нарративтердің Еуразия халықтарының мәдени ықпалдастығына әсерін талдау.

Үшінші кезеңде – 2024-2025 жж. – Талдауды қорытындылау, алынған деректерді жүйелеу және жалпылау. Зерттеу нәтижелерін білім беру және мәдени жобаларда пайдалану бойынша ұсыныстар дайындау. Диссертациялық жұмысты жазу және рәсімдеу, ғылыми журналдарда жариялау үшін мақалалар

дайындау. Зерттеу нәтижелерін ғылыми конференцияларда, семинарларда таныстыру.

Кіріспеде диссертациялық жұмыстың өзектілігі анықталып, ғылыми-зерттеу жұмысының ғылыми аппараты құрылды, онда: зерттеудің мақсаты, міндеттері, зерттеудің пәні мен нысаны, зерттеудің болжамы, зерттеу базасы мен зерттеу кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен қорғауға ұсынылған тұжырымдар берілген.

«Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеудің теориялық негіздері» бөлімінде топонимдік аңыздар мен әпсаналарды талдауға негіз болатын іргелі ұғымдар қарастырылды. Берілген құбылысты зерттеу үшін қолданылатын негізгі теориялық тәсілдер сипатталды. Топонимдік аңыздарды Еуразия халықтарының мәдени мұрасының маңызды бөлігі және олардың бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі ретінде қарастыруға ерекше назар аударылды. Еуразиялық кеңістікте топонимдік фольклордың қалыптасуы мен сақталуына ықпал еткен тарихи және мәдени алғышарттар зерттелді. Тарихи оқиғалардың, көші-қон мен өзара мәдени әрекеттесудің топонимдік аңыздар мен әпсаналардың дамуына әсері талданды. Географиялық объектілермен байланысты мифологиялық және аңызға айналған әңгімелердің жинақталуы мен берілуіне ықпал еткен маңызды тарихи кезеңдер мен процестер сипатталды. Осы салада қолданылатын заманауи әдістемелік тәсілдер мен инновациялық зерттеу әдістері ұсынылды. Қазіргі заманғы технологиялар мен пәнаралық тәсілдерді қолдана отырып, топонимдік әпсаналар мен аңыздарды талдау нәтижесінде алынған жаңа теориялық және практикалық тұжырымдар талқыланды. Еуразия халықтарының мәдени және тарихи мұрасын жете игеру үшін бұл тұрғыда мәліметтерді одан әрі зерделеуге және олардың маңыздылығына ерекше назар аударылды. Топонимдік аңыздарды мәдени және білім беру жобаларында қолдану мысалдары, сондай-ақ олардың қазіргі қоғамға әсері талданды.

«Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналардың поэтикасы» бөлімінде топонимдік аңыздар мен әпсаналардың құрылымы, сюжеттік негіздері, орындалу ерекшелігі мен таралу ареалы талданды. Топонимдік аңыздардың танымдық мәні топонимдік әпсаналарда көрініс беретін ғажайыптылық сипаттар кеңінен қарастырылды. Олардың маңызы және көркемдік талғам мен мәдени қабылдаудың қалыптасуына әсері зерделенді. Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстанды қамти отыра Еуразияның әртүрлі елдерінің топонимдік аңыздары мен әпсаналарына салыстырмалы талдау жүргізілді. Бұл елдердегі топонимдік сюжеттердің жалпы және ерекше белгілері, олардың мәдени және тарихи маңызы зерттелді. Нақты аңыздар мен әпсаналардың мысалдары, олардың сюжеттері мен негізгі кейіпкерлері талдауға алынды. Әр түрлі этникалық және мәдени топтар арасындағы мәдени ықпалдастық пен өзара әрекеттесу үшін топонимдік нарративтерді сәтті қолданудың мысалдары қарастырылды.

Қорытындыда жұмыстың нәтижелері негізінде ғылыми ұсыныстар берілді және жалпы тұжырымдар жасалды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация жұмысы кіріспеден, іштей тарауларға бөлінген екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ЕУАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТОПОНІМДІК АҢЫЗДАР МЕН ЭПСАНАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Топонимдік фольклорды Еуразия кеңістігінде зерттеудің алғышарттары

Жер атауларымен байланысты аңыздар мен эпсаналарды қамтитын топонимдік фольклор көптеген халықтардың фольклорлық және тарихи-мәдени мұрасының маңызды бөлігі болып саналады. Еуразиялық кеңістікте бұл жанр халықтардың этникалық және ментальдық айырмашылықтарына, дүниетанымдары мен қоршаған әлемді қабылдау, тану ерекшеліктеріне байланысты туындап дамиды. Топонимдермен байланысты аңыздар мен эпсаналар халықтардың дүниетанымын көрсетіп қана қоймай, олардың тарихын, әдет-ғұрыптары мен нанымдарын түсінудің өзіндік кілті болып табылады. Әр кезеңдерде зерттеушілер эпсаналар мен аңыздарды белгілі бір географиялық ерекшеліктермен байланыстыру арқылы жүйелеуге және түсіндіруге тырысты.

Бұл бөлім Еуразия аумағында таралған топонимдік фольклордың аңыз және эпсана жанрларын зерттеуге арналып, олардың туындауына себеп болған алғышарттарды талдауға арналған. Ол алғышарттар зерттеу бағытының өзектілігін анықтайтын фольклорлық және топонимдік заңдылықтарға сүйене отырып тарихи, мәдени және ғылыми факторларды қарастырады.

Еуразиялық кеңістік ғасырлар бойы әртүрлі халықтарды, олардың рухани мұрасын, мәдениеті мен тілдік қатынастарын қалыптастырған бірегей тарихи орта. Жаппай көші-қон, жаулап алу, сауда жолдары мен мәдени алмасулар белгілі бір географиялық ерекшеліктерге байланысты аңыздардың, эпсаналардың пайда болуына және таралуына ықпал етті. Мысалы, Ұлы Жібек жолы сияқты ұлы тарихи оқиғалар көптеген мәдениеттер мен этностарды біріктіріп, әртүрлі халықтар арасындағы фольклорлық мұраларды, көшпелі сюжеттерді, соның ішінде эпсаналар мен аңыздардың пайда болуы мен сақталуына қолайлы жағдай жасады. Бұл аңыздар көбінесе өзендердің, таулардың, аңғарлардың және басқа да табиғи нысандардың атауларында аталып, Еуразия халықтарының ұлттық тарихи-мәдени бірегейлігінің ажырамас бөлігіне айналды. Географиялық ерекшеліктер туралы аңыздар мен эпсаналар көбінесе атаулардың шығу тегін түсіндіріп қана қоймайды, сонымен қатар халықтардың дүниетанымы мен наным-сенімдеріне, діни түсініктеріне, этнографиялық танымдарына байланысты терең мағыналарды білдіреді.

Поэтикалық ономастиканың бір бөлімі ретінде топонимика географиялық атауларды, олардың шығу тегі мен қалыптасуын, сондай-ақ фольклорлық шығармалардағы рөлі мен қызметін қарастырады. Фольклорлық шығармаларда географиялық атауларды қолдану арқылы авторлар кейіпкерлер мен олардың стилінің белгілі бір ерекшеліктерін жасап, дамыта алады. Фольклорлық шығармаларда қолданылған топонимдер оқырмандарға белгілі бір халықтың ұлттық өмір салтына тән белгілерді ашуға мүмкіндік береді [26]. Бұл өте дұрыс айтылған пікір, себебі фольклордың өмір танытушылық маңызы зор. Оның

үстіне фольклор сюжеттерінде орын алатын топонимдік атаулар деректілік қызмет атқарып оқиғаның сенімді баяндалуына өзек болады.

Фольклорлық шығармалардың бағыты – халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, әдет-ғұрпын, ырым-жорамалын, жалпы айтқанда бүкіл өткен өмірін бейнелеп көрсетуге, ұқсата суреттеуге құрылады десек, топонимиканың да фольклор құрамынан елеулі орын алып, табиғатқа, қоршаған ортаға халықтың қоғамдық көзқарасын танытуға септігін тигізетіндігін ескеру қажет [27].

Табиғаттың беймәлім сырларына үңілу, оларды білмекке құштарлық қандай да болмасын халықтың тарихи санасына тән нәрсе екендігі белгілі. Халықтың тарихи санасы мен фольклор туындыларын бір-бірінен бөліп алуға келмейді, бұл екеуі сан ғасырлар бойы бірге жасасып, бірігіп кеткен ұғымдар. «Жалпы фольклорлық процестің ерекшеліктерін халық тұрмысының, әдет-салттарының, дәстүрлерінің тереңіне бойламай анықтап алу тіпті мүмкін емес. Халықтың сөз, ән, күй өнері сол халықтың өзімен бірге туып, бірге өскен, халық тағдырын сол халықтың өзімен бірге арқалап көтеріскен, халықтың тарихи өмірінде болып өткен үлкенді-кішілі оқиғалар фольклорлық шығармаларда іздерін қалдырып отырған» [28]. Қазақ топонимдік фольклорын ғылыми айналымға енгізген ғалым А.Ш. Пангереев фольклор мен халықтың тарихи санасы ажырамастай бірлікте екендігін осылайша түсіндіреді. Осы халықтың тарихи санасының фольклорда орын алған ізі туралы ойын ғалым былай деп жалғастырады: «Фольклорлық шығармаларда ізін қалдырып отырған халық танымының бір парасы – топонимдер десек, ол да сол халықтың шығармашылық өнері аясында туып, халықпен бірге жасасып келе жатырған мәдени-рухани құндылықтары қатарынан орын алады. Мәдени, рухани құндылық дегенде біз әдетте ұлттың асыл қасиеттерін білдіретін абстракциялық ұғымдарды еске алатынымыз анық. Ал енді дала төсінде халықтың шежіресіндей жазылып, орнығып қалған жер-су атаулары дерексіздіктен гөрі, деректілігімен ерекшеленеді. Сайын даланың өзінің аталу ерекшелігіне байланысты талай сырды бойына бүккен, шешуін тауып сөйлеткен кісіге тарихтың куә көзіндей әңгіме шертетін жер-су, елді мекендер мен мұңдалап тұнып тұр» [28, б. 465].

Топонимдік фольклор ұғымы аясына кіретін рухани құндылықтарды зерттеу алғашқы этнографиялық экспедициялардан және халықтық дәстүрлерді жүйелеу әрекеттерінен басталды. XIX ғасырда зерттеушілер жергілікті аңыздар мен мифтерді жинап, жаза бастады және оларды белгілі бір топонимдермен байланыстырды. Бұл алғашқы жұмыстар осы саладағы ғылыми зерттеулердің негізін қалады деуге болады. Біз осы негізі қаланған жұмысты одан ары жалғастырып, енді тек қазақ халқының топонимдік фольклорымен шектеліп қалмай, оны Еуразия кеңістігіндегі халықтардың фольклорын зерттеуге ұластырып отырмыз.

Зерттеу жұмысының негізін «топонимдік фольклор», «аңыздар», «әпсаналар» ұғымдары құрайды. Сондықтан зерттелетін категориялардың даму, зерттелу жағдайын қарастыру және талдау орынды болып саналады. Бұл жерде біз топонимдерді жалпы номендік атау түрінде зерттеген тілші ғалымдардың еңбектеріне сүйенбей тұра алмаймыз. Тақырыпты толық ашу үшін ондай

зерттеулер қажет екені белгілі. Шындығына келгенде топоним атаулы тілдің де, әдебиеттің де, фольклордың да объектісі емес, ол географияның объектісі. Әрбір ғылым өз зерттеу арнасын кеңейткенде басқа ғылым салаларымен байланысты дамиды, алға басады. Сондықтан, топонимиканың лингвистика, география, әдебиеттану, тарих, фольклортану ғылымдарымен байланысты зерттелуі бүгінгі ғылымның алдына жаңа мүмкіндіктер ашады. Біздің зерттеуімізде бұндай мүмкіндік топонимика мен фольклордың байланысына негізделіп отыр.

Жалпы, жеке алғандағы топоним дегеніміз – құжаттарда ресми түрде тіркелген және уақытпен бекітілген географиялық нысанның атауы (өзендер, шөлдер, таулар, қалалар, ауылдар және т.б.). Бұл терминге авторлар мынадай анықтамалар берген (кесте 1).

Кесте 1 – «Топоним» терминінің анықтамалары

№	Авторлар	Анықтамасы
Шетелдік авторлар		
1	A.A. Lutfullina [29]	Топоним – лингвистикалық, геосаяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени мағыналары бар атау.
2	S. Sechka [30]	Топоним – географиялық нысанды білдіретін сөз.
3	S. Ryzhkova [31]	Топоним – сәйкестендіру және даралау қызметтерін орындайтын географиялық нысанның атауы.
4	Heera Ramesh, Sachin Somashekar [32]	Топоним – географиялық жерден шыққан кез келген атау.
Ресейлік авторлар		
5	И.Романова, О.Коннова [33]	Топонимдер – топографиялық ортаның элементтерін білдіретін тілдік бірліктер. Топонимика география мен лингвистиканы байланыстырады және географиялық объектілердің тарихы мен тілдің ерекшеліктерін білуді талап етеді.
6	С.Аноркулов [34]	Топоним – лингвистика, география және тарих қиылысында пайда болған пәнаралық лингвистикалық бағыт.
7	С.Кийко, И.Якубович [35]	Топоним – географиялық нысанға сілтеме жасау үшін қолданылатын сөз. Топонимия жер атауларын екі негізгі категорияға бөледі: елді мекендердің атаулары және табиғи нысандардың атаулары.
Отандық авторлар		
8	С.Е. Давлетова, Л.У. Алипбекова [36]	Топонимдерді бағыт бойынша географиямен, ал мазмұны мен мағынасы бойынша лингвистика мен геологиямен байланыстырады
9	Г.А.Тұяқбаев [37]	Топоним – тіліміздің лексикалық жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі.
10	Г.К. Абишева [38]	Топоним – автордың идеялық пікірлерінің семантикалық бірлестіктері ретінде қызмет етеді

Сонымен, топонимика термині географиялық атауларды зерттеумен байланысты тіл білімінің немесе лингвистиканың, ал біздің зерттеуімізде фольклортанудың жаңа бағытын білдіреді. Топонимдік зерттеулер төменде көрсетілген мына жәйттерді ұсынады (сурет 1):



Сурет 1 - Топонимдік зерттеулердің бағыты

Топонимика географиялық атауларды белгілі бір жерлерге нақты сәйкестендіруге көмектеседі, бұл түсінік-пайымдар адамдарға жер-су атауларын пайдаланғанда ыңғайлы болуы және өзара әрекеттесуі үшін маңызды. Географиялық атаулардың нақты жүйесі болмаса, адамдардың өмірі едәуір күрделене түседі [39]. Ол үшін белгілі топонимист В.А. Никоновтың мына бір пікіріне назар аударсақ та жеткілікті: «Жер бетінен бір сәтте барлық географиялық атаулар – қалалар, ауылдар, өзендер, теңіздер, таулар, елдер, көшелер жоғалып кетті деп елестетсек барлық жұмыс бірден тоқтап қалар еді. Өрт сөндіру мен жедел жәрдем көліктері өзалдына босқа лағып жүр, себебі мекенжайлар жоқ, адрес белгісіз. ...Оның бәрі атаулар деп аталатын «ұсақ-түйектің» кесірінен. Бар болғаны сөздер ғана! Маршактың тамаша өлеңінде айтылғандай:

Шеге жоқ болса, таға жоғалады.

Таға жоғалса, жылқы ақсайды.

Ат ақсақ болды – қолбасшы өлтірілді.

Қолбасшы өлтірілді - әскер қашты.

Жау тұтқындарды аямай, қалаға кірді,

Өйткені ұстаханада шеге болмады.

Бұл болмайды ғой, өмірден атауларды «алып тастау» мүмкін емес, олар қазіргі қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады» [40]. Бұл айтылған пікірлер қай өңір, қай континентке де бірдей. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік жүйені қарастырғанда да осыны ұстанамыз. Себебі топонимдік атаулардың функциясы қай өңірде де бірдей. Топонимдердің жеке алғандағы қызметі бірдей болғанымен, олардың фольклор мәтіндерінен орын алып, топонимдік фольклор құрамында қарастырылғандағы зерттеу бағыттарында өзіндік ерекшеліктері

болуы мүмкін. Осы ұстаным бойынша біз топонимдік фольклорды Еуразия кеңістігінде зерттеудің алғышарттарын бес бағыт бойынша қарастырамыз (кесте 2):

Кесте 2 – Топонимдік фольклорды зерттеудің алғышарттары


Алғышарттар	Сипаттамасы
Тарихи	Еуразия кеңістігінің мәдениеттерінің алуан түрлілігі; мыңдаған жылдарға созылған көші-қон және халықтардың өзара әрекеті; ежелгі өркениеттердің пайда болуы.
Этнографиялық	Еуразия аумағында тұратын этностардың әртүрлілігі және олардың өзара әсері. Әр түрлі халықтардың фольклорындағы топонимдердің мағынасы.
Мәдени-мифологиялық негіздер	Топонимдер мифологиялық дүниетанымның негізгі элементтері ретінде. Әпсаналар мен аңыздардың географиялық объектілер атауларының шығу тегін түсіндірудегі маңызы.
Ғылыми	Әпсаналар мен аңыздарды филология, тарих, география және мәдениеттану тұрғысынан зерттеуге қызығушылық
Геосаяси және әлеуметтік	Тарихи оқиғалардың (соғыстар, отарлау, саяси өзгерістер, бейбіт миграция) топонимдердің қалыптасуы мен өзгеруіне әсері.

Топонимдік фольклорды Еуразия кеңістігінде зерттеудің алғышарттарын айқындау үшін әдебиеттік шолу жүргізілді. Айта кету керек топоним жеке тұрғанда географиялық нысанның атын білдірсе, лингвистикалық талдауда оның этимологиясы анықталады. Ал топонимнің қозғалыс өрісі, оқиғаға қатысы, сюжетте тұрақты орын алуы фольклорға тән құбылыс.

Топонимдік фольклорды географиялық тұрғыдан зерттеудің өзектілігі пәнаралық байланыспен және қазіргі қоғамдағы позицияның маңыздылығымен байланысты. Бір жағынан, топонимдік аңыздар мен әпсаналар – фольклордың көрінісі, қоғамның рухани-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі. Олар өлкенің тарихы мен табиғатын көрсетеді, мәдениеті мен тілдік дәстүрін сақтайды. Екінші жағынан, топонимдік аңыздар «халық топонимикасының» бір бөлігі болып табылады. Олар географиялық атаулардың шығу тегін түсіндіреді және топонимдік аумақтық жүйелермен тығыз байланысты.

Бұл бағыттағы әдебиеттерге шолу жасау үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі жарияланымдар енгізілді, оларды іздеу ғылыми әдебиеттермен бірге электрондық кітапхана дерекқорларында, сондай-ақ Elibrary, Google Scholar, Pubmed және Web of Science ресурстарында жүргізілді. Ауқымы 10 жылды қамтитын (2015-2025 жж.) түйінді сөздер бойынша іздеу барысында: ғылыми мақалалардың 185 көзі табылды, олардың 50-і іріктелді.

Дереккөздерді тандау алгоритмі 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2 - Деректер базасы арқылы зерттеулерді анықтау

Диссертацияны орындау барысында тақырыпқа сай дереккөздер пайдаланатыны белгілі. Себебі дереккөздер ғылыми жұмысты дәйекті де тұжырымды етіп тұрады. Зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде ізденісімізге орайлас келеді деп тапқан біршама ғылыми әдебиеттерді қарастырып, іріктей пайдаландық. Іріктелген әдебиеттер ішінен келесі жұмыстарды атап өткіміз келеді:

- М.Багомедов атап айтқандай біздің тұжырымдамамыз бойынша М.Багомедов топонимдік аңыздар мен эпсаналарды мифологиялық және тарихи сипаттағы деп екі топқа бөліп қарастырды. Мифологияда негізгі мотив мифтік жаратылыстар, ырымдар және т.б. айналасында топтастырылған [41].

- Топонимдер тарихи өткенді анықтау, діни көзқарастарды өзгерту, зерттелетін аймақтың экономикасы мен мәдениетін дамыту үшін сенімді дереккөз болып табылады, кейде олар осы аймақ туралы бұрыннан бар деректерді жаңа фактілермен толтыруға көмектеседі. Ғалым А.Р. Гашарованың ойынша фольклордың әртүрлі жанрларында топонимдерді қолданудың негізгі қызметі - географиялық кеңістіктің ерекшелігін көрсету, топонимикалық терминдерді анықтау ғана емес, сонымен қатар бірқатар басқа факторларды қарастыру [42].

- Барлық мәліметке сүйене отырып топонимдер ауызша халық шығармаларын нақтылай отырып, географиялық ақпарат береді. Халықтық туындылар, өз кезегінде, аймақтық топонимия туралы ақпараттың маңызды көздері болып табылады, өйткені олар шығармашылық өнері арқылы оны өздері сақтайды, тіпті жойылып бара жатқан атаулардың өмірін ұзартады, олар туралы белгілі бір мәліметтерді жинақтайды [43].

- М.В. Ондар фольклордағы топонимдердің функционалдығы туралы айта отырып, болашақта арнайы зерттеуді қажет ететін фольклорлық шығармаларда белгілі бір географиялық атаулардың пайда болу себебі туралы мәселені қарастыру қажет деп санайды. Ол өзі атап өткендей, фольклордағы топонимдер уақыт пен кеңістікте ғана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени құбылыстарды жеткізу тәсілі болып есептелінеді [44].

- Зерттеуші Е.Э. Хабунованың пайымдауынша, фольклорлық топонимдер Орталық Азия аймақтарының топонимдік жүйесін одан әрі зерттеу үшін маңызды бай және бірегей материал. Экспедициялық жазбалар арқылы топонимдік жүйенің жалпы бейнесін ұсынуға болады, семантика, елді мекендер атауларының этимологиясы, географиялық нысандар туралы құнды мәліметтерді қамтиды [45].

- О.Р. Хисамов өз зерттеу жұмысында фольклорлық топонимия Сібір татарларының идеяларындағы этномәдени ақпараттың топонимдік нұсқасын беру құралы және татар тілінің Шығыс диалектісін зерттеу көзі ретінде қарастырады. Ол фольклорлық мәтіндерде нақты және ойдан шығарылған жер атаулары кездесетінін атап өтеді. [46].

- З.З. Құдаева мен Л.С. Хагожева жұмысы адыг топонимдік аңыздарының жанрлық ерекшеліктерін талдауға арналған, авторлар аңыздардың екі негізгі тобын ажыратады: архаикалық және заманауи, олардың сюжеттік ерекшеліктері мен геореференцияларын зерттейді [47].

- Су тасқыны, мұз дәуірі және аймақтың жер атауларында көрініс тапқан басқа да әлемдік апаттар туралы эпсаналарға ерекше назар аударылады. Біздің пайымдауымыз бойынша Н.Р. Ойноткинованың еңбегі Алтайдағы топонимдердің мифологиясын зерттеуге арналған. Жұмыста мифологизацияның эпсаналық мәтінмен күшейтілген лексикалық мотивация негізінде қалай жүретіні көрсетілген [48].

- Х.Е. Толибаев Қарақалпақ эпостарында кездесетін топонимдерге мифолингвистикалық талдау жүргізеді. Географиялық нысандар атауларының пайда болуымен байланысты аңыздар мен эпсаналар және олардың халықтың мәдени дәстүріндегі маңызын зерттейді [49].

- С. Курилованың жұмысында этномәдени айырмашылықтар мен юкагирлердегі, эвендердегі және якуттардағы геобъектілерді атау стратегиялары талданады. Жергілікті халықтардың фольклорлық дәстүрлері аясында орыс солтүстігінің топонимикалық жүйесі қарастырылады [50].

Еуразиялық кеңістіктегі топонимдік фольклорды зерттеудің тарихи алғышарттары

Топонимдік фольклорды зерттеу фольклористиканың, этнографияның және топонимиканың ғылыми пәндер ретінде қалыптасуы мен даму тарихымен тығыз байланысты.

Көбінесе «тарихтың әкесі» деп аталатын Геродот (б.з. д. V ғ.) географиялық нысандарды мифологиялық тақырыптармен байланыстыра бастаған алғашқылардың бірі болды. Оның «Тарих» еңбегінде әртүрлі жер атауларының шығу тегі туралы аңыздар айтылады. Страбон (б.з. д. I ғ.) тарихи оқиғалар мен аңыздар арқылы олардың шығу тегін сипаттайтын топонимдерге назар аударды. Оның «География» еңбегінде Еуразия кеңістігінің әртүрлі халықтарының, соның ішінде грек колониялары мен Шығыс аумақтарының халықтық дәстүрлерімен байланысты топонимдердің сілтемелерін табуға болады. Орта ғасырларда Нестор (XI ғ.) сияқты шежірешілер, «Өткен жылдар туралы әңгімелер» еңбегінде өзендер мен қалалар атауларының шығу тегін түсіндіретін халық аңыздарын жинап, жазды. Бұл жұмыс топонимдік фольклорды зерттеудің маңызды көзі болып саналады.

Неміс географы және картографы Себастьян Мюнстер (XVI ғ.) өз жазбаларында өзендер мен қалалар атауларының шығу тегі туралы халықтық түсіндірмелерге назар аударды. Оның «Cosmographia Universalis» еңбегі сол кездегі ең танымал энциклопедиялардың бірі болды, ол тек географиялық қана емес, сонымен қатар фольклорлық мәліметтерді де қамтыды.

Ғалым С. Курилованың жұмысы юкагирлер, эвендер және якуттар сияқты байырғы халықтардың фольклорына енген Ресейдің қиыр солтүстігіндегі топонимдерді зерттейді. Бұл топонимдер географиялық ерекшеліктерді сипаттап қана қоймайды, сонымен қатар жазба пайда болғанға дейін этносаралық өзара әрекеттесуге байланысты мәдени және тарихи деректерді қамтиды [51].

Орталық Азия, Кавказ және Моңғолия сияқты географиялық аймақтар мәдени алмасудың ерекше үлгілерін қалыптастырғанын көрсетіп, фольклордың таралуы зерттелінген. Бұл байланыстар, әсіресе үндіеуропалық, түркі халықтары кездескен аймақтарда, жер атауларында көрініс тапты [52]. Н.Р. Ойноткинованың зерттеуі топонимдер су тасқыны және басқа да апатты оқиғалар сияқты ежелгі мифтермен байланысты алтайлықтардың жер атауларының аңыздарын талдайды [53]. М. Булгарова зерттеуі Еуразия бойынша Ертістен Дунайға дейін таралған топонимдердің көші-қон жолдары мен ноғай халқының тарихын көрсетті. Бұл жер атаулары ноғайлықтардың Еуразияның басқа халықтарымен көші-қоны кезеңдерін ашатын мәдени мәтіндер ретінде қызмет етеді [54].

Топонимдер жергілікті географиялық және тілдік жағдайларға бейімделіп, басқа тілдерге ауыса алады. Олар тұрақтылықты көрсетеді: белгілі бір аумақта тамыр жайғанда, олар қоршаған қоғамдастықтың тілі өзгерген кезде ұзақ уақыт сақталуы мүмкін. Бұл процесс олардың дамуына, көші-қон жағдайларына баса назар аудартады.. Әсіресе, екі немесе одан да көп тілдер қатар қолданылатын дәуірде байқалады. Мысал ретінде Мавераннахрды алатын болсақ, онда фарси

тілі біртіндеп соғды тілін ығыстырды. Бұл мәдени өзгерістермен қатар, топонимдік үдерістерге де әсер етті. Соғды тілі арабтар жаулап алғанға дейін мәдениет пен сауданың маңызды тілі болды, бірақ ол жойылғаннан кейін көптеген жер атаулары өзгерді немесе жаңа тілге бейімделді. Қарап тұрсақ тілдің өзгерісі топонимдік атаулардың да өзгеріске түсуіне әсер етеді екен. Тарихи шежірелер жер атауларын зерттеу үшін құнды ақпарат береді. Бұл шежірелерде топонимдер көбінесе бірнеше нұсқада жазылады және жаңа тілдік жағдайларға бейімделуін көрсетеді [55].

3 кестеде топонимдік фольклорды зерттеудің алғышарттарын сипаттайтын жұмыстар көрсетіліп отыр.

Кесте 3 - Топонимдік фольклорды зерттеудің алғышарттары

Автор	Мақаланың атауы	Зерттеу нәтижесі
Mehri Kabulovna Maksetova [56]	The Importance Of Folklore In The Study Of History	Фольклор ежелгі және ортағасырлық тарихты, әсіресе Сібір мен Орталық Азия халықтарын зерттеуде шешуші рөл атқарады.
N.R.Oinotkinova [57]	Cultural semantics of the toponym Altai in Altai folklore	Алтай топонимі таулар мен шаманизм туралы ежелгі аңыздарды бейнелейді, бұл әлемдер арасындағы Құдайдың қорғанысын білдіреді.
Z.Z.Kudaeva L.S.Khagozheeva [58]	Genre Features and Types of Adyghe Toponymic Legends	Адыг топонимдік аңыздары архаикалық және қазіргі заманғы болып бөлінеді, көші-қон процестері мен тарихи тұлғаларды ашады.
Yulia A.Krashennnikova [59]	Historical Folklore Prose of the Russian Metallurgical Traditions of the Komi Republic	Коми тұрғындарының фольклорына металлургиялық дәстүрге қатысты құндылықтар мен оқиғаларды бейнелейтін ауызша тарихи прозалық шығармалар кіреді

Еуразиялық кеңістіктегі топонимдік фольклордың аңыз, эпсана жанрларын зерттеудің алғышарттары географиялық атаулардың бұрынғы өткен тарихи кезеңдерден бері халықтың жадында сақталған, өздері ғұмыр кешкен территориядағы жер-су атауларын сарап білуге байланысты. Ғасырлар бойы Еуразия аумақтары әртүрлі өркениеттердің, халықтар мен мәдениеттердің өзара әрекеттесу орны болды, бұл топонимдердің қалыптасуы мен өзгеруіне әсер етті. Топонимдер көші-қон, миграция, жаулап алу мақсатындағы соғыстар және мәдени араласудың әсерлерінің іздерін сақтай отырып, өзіндік маркерлер ретінде әрекет етеді. Осы аумақты мекендеген халықтардың тарихи-мәдени жады мен дүниетанымының эволюциясын бақылауға мүмкіндік береді.

Еуразиялық кеңістіктегі топонимдік фольклорды зерттеудің этнографиялық алғышарттары

Еуразиялық кеңістіктегі топонимдік фольклорды зерттеудің этнографиялық алғышарттары осы аумақтарда тұратын халықтардың алуан түрлілігімен байланысты. Әр халық топонимдерде өз мәдениетінің, дүниетанымының

элементтерін көрсете отырып, географиялық нысандарды атау үдерісіне өз үлесін қосты. Осылайша, топонимдер этникалық және тарихи ерекшеліктерді сақтайтын әртүрлі халықтардың мәдени кодтарына айналады. Әр аймақтың топонимикасы қанша оқшау болса да басқа аймақтардың топонимикасымен тығыз байланысты. Оларды белгілі бір аумақта басқа аймақтар топонимдерінің толық қайталануынан немесе олардың жеке элементтерінің табылуынан көрсетуге болады [60].

Ұрпақтар арқылы сақталған топонимдер жойылып кеткен немесе өзгерген мәдени шекараларды, тарихи көші-қонды және этникалық қауымдастықтардың ерекшеліктерін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Осылайша, этнографиялық алғышарттар топонимдердің аймақтың географиялық ғана емес, ұлттық мәдени тарихын, сондай-ақ әртүрлі этностардың дәстүрлері мен салттарын, фольклорының өзара әсерін зерттеудің маңызды элементі ретіндегі рөлін көрсетеді. Бұл тұрғыда бірнеше зерттеу еңбектері бар. Мәселен, Octavian Bubociu еңбегінде румын фольклоры мен этнографиясын зерттеу пасторлық өркениет пен көрші халықтардың әсері жергілікті жер атаулары мен этнографиялық ерекшеліктерді қалыптастыратын ерекше мәдени дәстүрлерді қалай сақтағанын көрсетеді [61]. К. Матыжановтың зерттеуі қазақ ритуалдық фольклоры мен этнографиясы арасындағы тығыз байланысты анықтайды. Фольклор мен рәсімдер поэтикалық құрылымның жалпы жүйесінде өріліп, ежелгі дүниетанымдық дәстүрлерді бейнелейді [62].

Фольклорды зерттеудің этнографиялық алғышарттарына арналған жұмыстар 4 кестеде көрсетіліп отыр.

Кесте 4 - Топонимдік фольклорды зерттеудің этнографиялық алғышарттары

Авторлар	Негізгі түйіндер
P. Jordan [63]	Этнографтардың, археологтардың және тарихшылардың Солтүстік Еуразияның аңшылық және көшпелі қоғамдарын зерттеудегі өзара іс-қимылын зерттеу.
Siddiqova Osiyo Normurod Qizi [64]	Этнографиялық және тарихи нысандар арқылы су объектілерімен, таулармен және басқа объектілермен байланысты топонимдік аңыздарды зерттеу.
A.M. Tashkaraeva, B.E. Kumekov, A.P. Aliakbarova [65]	Түркі халықтарының рухани мұрасын зерттеу, олардың дүниетанымы мен этномәдени дәстүрлерін қалыптастырудың маңызды қырларын анықтау.
Natig Gubad Babayev [66]	Әзірбайжанның топонимдік мұрасын зерттеу түркі халықтарының аймақта ежелгі дәуірден бері бар екенін дәлелдейді

Еуразиялық кеңістіктегі топонимдік фольклорды зерттеудің мәдени-мифологиялық алғышарттары эпсаналардың, аңыздардың географиялық нысандарды атау үдерісіне терең әсерімен байланысты. Топонимдер алғашқы кезеңдерде көбінесе мифологиялық тақырыптардың, діни түсініктердің және эпикалық аңыздардың әсерінен пайда болды, олар орындардың шығу тегі мен ерекшеліктерін түсіндірді. Осылайша, көптеген географиялық атаулар

Еуразияны мекендеген халықтардың дүниетанымы мен рухани құндылықтарын жеткізетін ежелгі аңыздардың жаңғырығын сақтап қалды.

Сонымен қатар, мифология жағдайында топонимдер халықтардың қоршаған әлемді және ол әлемдегі өздерінің алар орнын қалайша қабылдағанын түсінуге ықпал етеді. Олар космология және адамның табиғат пен ғаламның күштерімен байланысы туралы ежелгі түсініктерді жеткізеді. Топонимдерді зерттеудің мәдени-мифологиялық алғышарттары олардың географиялық атаулар ретінде ғана емес, сонымен қатар халықтардың мифологиялық ойлауы мен олардың әлемді қабылдауына жарық түсіре алатын ежелгі мәдени мағыналардың сақтаушылары ретіндегі маңыздылығын көрсетеді. Бұның аңыз түрінде де, эпсана түрінде де айтылған мысалдары көп. Сонымен бірге көне эпостарда да бұл мәселе орын алып отырған. «Құламерген», «Жоямерген», «Дотан батыр» т.б. шығармашылықтарда мифологиялық сипаттар басым. Бұдан кейінгі батырлық эпоста да топонимдердің мифтік сипатта көрініс беретін ерекшеліктері байқалады. Мысалы, «Едіге» эпосында жер атаулары тарихи оқиғалардың дәлелі ретінде ғана емес, сонымен қатар уақыт пен кеңістіктің белгілері рөлін атқарады, көбінесе мифологиялық негізге ие [67]. Жазба әдебиетке келсек, онда да бұл үрдіс байқалады. Мәселен, Шыңғыс Айтматовтың шығармаларында халық мәдениеті мен дүниетанымымен ұштасатын мифологиялық мотивтер белсенді қолданылады [68]. Осылайша, топонимдерді мәдени-мифологиялық үрдісте қолданудың жолдары заманаларды көктей өтіп, кейінгі кезеңдерге жетіп отырған дәстүрлі сабақтастықты көреміз.

Еуразиялық кеңістіктегі топонимдік фольклорды зерттеудің геосаяси және әлеуметтік алғышарттары тарихи оқиғалармен, саяси процестермен және қоғамдардың әлеуметтік құрылымындағы өзгерістермен тығыз байланысты. Топонимдер аймақтың табиғи ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге аймақтың саяси тарихының маңызды кезеңдерін, соның ішінде жаулап алу, соғыс, халықтардың қоныс аударуы және жаңа мемлекеттердің құрылуын көрсетеді. Бұл тұрғыда жер атаулары әлеуметтік өзгерістердің, саяси биліктің және әртүрлі өркениеттердің мәдени ықпалының көрсеткіштері бола алады.

Соғыс, көші-қон және жаулап алу сияқты геосаяси өзгерістер көбінесе жер атауларының өзгеруіне әкелді. Жаулап алушылар көбінесе өз билігін бекітуге тырысып, территорияларға жаңа атаулар енгізді. Өйткені жаулап алушылар халық санасынан байырғы тарихи атауларды аластау үшін ең алдымен ол елдің ауызша жасалған топонимикалық картасын өзгерткені белгілі. Мысал ретінде Орталық Азиядағы жер атауларының араб, парсы мәдениетімен байланысты жаңа атауларға бейімделуіне және де ауыстырылуына әкелген арабтардың жаулап алуын келтіруге болады. Саяси шекаралар көбінесе жер атауларының тағдырын анықтады: мысалы, империялар кезінде атаулар стандартталған немесе орталық билік шеңберінде жаңаларына ауыстырылған болуы мүмкін. Империялар құлағаннан немесе биліктің өзгеруінен кейін топонимдер сақталуы, өзгеруі мүмкін.

Еуразияға тән көп тілді қоғамдар топонимдердің өзгертіле аталуына, әртүрлі тілдерде бірнеше формаларға ие болуына әсер етті. Бұл әсіресе сол

кездегі аймақта қандай мәдениет немесе халық үстемдік еткеніне байланысты болды. Бір топоним әртүрлі тілдік нұсқаларда әртүрлі аталды. Көші-қон, сауда сияқты әлеуметтік қатынастар жер атауларының сақталуы мен өзгеруіне де ықпалын тигізді. Ұлы Жібек жолы сияқты сауда жолдары Еуразияның әртүрлі халықтарын байланыстырды, бұл жер атауларының бастапқы аумақтарынан тыс таралуына ықпал етті. Топонимдер халықтардың мәдени бірегейлігін қалыптастыруда және сақтауда маңызды рөл атқарды. Көптеген қауымдастықтар үшін жер атаулары олардың территориялық белгісі және тарихи-мәдени мұрасының дәлелі болды. Қақтығыстар немесе отарлау жағдайында түпнұсқа атауларды сақтау, сыртқы қысымға қарсы тұрудың, жеке басын сақтаудың тәсілі болды. Әлеуметтік жады мен ұжымдық бірлік топонимдермен байланыс арқылы да қалыптасты. Жер атауларымен байланысты жергілікті аңыздар мен мифтер ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, тарих пен мәдени дәстүрлердің сақталуына ықпал етті.

Фольклорды зерттеудің геосаяси-әлеуметтік алғышарттарына арналған жұмыстар 5 кестеде көрсетіліп отыр.

Кесте 5 - Топонимдік фольклорды зерттеудің геосаяси-әлеуметтік алғышарттары

Автор	Мақала атауы	Негізгі қорытындылар
C. Hann [69]	A Concept of Eurasia	Еуразия өркениеттердің өзара байланысына негізделген біртұтас кеңістік ретінде талданады, бұл ортақ саяси-экономикалық тұжырымдаманы құруды қиындатады.
Dmitrii Novikov [70]	Eurasia in Russian and Chinese Political Expertise: A Comparative Analysis	Зерттеу Ресей мен Қытайдың өз ықпалын нығайтуға қалай ұмтылатынын көрсетеді. Бұл үдеріс әлеуметтік және саяси өзгерістер географиялық нысандардың атауларында бекітілген топонимикадағы өзгерістерден көрінеді.

Жоғарыда жер атауларына байланысты жергілікті аңыздар мен мифтер тарих пен мәдени дәстүрлердің сақталуына ықпал етті дедік. Бұл –дұрыс ұғым. Себебі белгілі бір жер аты халық санасында сақталған мифке байланысты аталса, не болмаса сол аймақта болып өткен бір тарихи оқиға қатысты қойылса, немесе елге белгілі тарихи тұлғаның әрекетіне қарай аталса уақыт өте келе оның бәрі көмескіленген кезде, сол топоним қайта айналып келіп, ол жәйттерді санада қайта жаңғырта алады. Сонымен бірге халықтар арасындағы мәдени байланыстықтар да топонимдер арқылы жүзеге асып отыратын ерекшеліктерге ие. Топонимдер көші-қон процестер және этникалық өзара әрекеттесу тәжірибелерімен де байланысты. Топонимдердің көмегімен түркі, славян, фин-угор сияқты әртүрлі халықтардың байланыс аймақтарын байқауға болады. Топонимдер арқылы көрінетін бұл ортақтықтар осы халықтардың тарихи байланыстары мен көші-қон жолдарын көрсетеді. Сонымен қатар, славян, түркі топонимдерінің қабаттасуы осы этностардың ұзақ мерзімді мәдени және тілдік байланыстарының дәлелі ретінде қарастырылады [71].

Топонимдер сондай-ақ мифтік кейіпкерлермен байланысты сабақталып отырады. Топонимдердің қалыптасуында эпсаналар мен аңыздардың маңыздылығы зор. Автор өзендер мен таулар атауларының белгілерін олардың мифологиялық кейіпкерлермен және халықтардың діни тәжірибелерімен байланысын талдайды [72]. Мысалы, өзеннің атауы ежелгі мифологиядағы су құдайының есімімен аталған болуы мүмкін, бұл сол халықтың діни наным-сенімдері мен табиғатқа деген құрметін білдіреді. Таулардың атаулары да көбінесе мифологиялық кейіпкерлермен немесе оқиғалармен байланысты болып, халықтың мәдениеті мен тарихындағы маңызды орын алады.

Өртүрлі миграцияларға байланысты да топонимиялық өзгерістер болып отырады. Түркі халықтарының тілдік және мәдени қарым-қатынасын талдай отырып, топонимдердің географиялық ландшафтты бейнелеп қана қоймай, көші-қон, мәдени ықпалдар туралы да мәліметтер беретінін ерекше атап өткен жөн [73].

Біз өз зерттеулерімізде Еуразия кеңістігінің түрлі аймақтарындағы топожүйенің қалыптасуына назар аударуды жөн көреміз. Оның салыстырмалы талдау жасау үшін қажеті бар. Осы мәселені орынды көтерген Бакшеева М.Г. халықтардың тілдік жүйесі топонимдердің қалыптасуына қалай әсер ететініне назар аударады [74].

Жалпы, топонимиканы фольклормен, басқа да ілім, білім көздерімен байланысты зерттеу күн тәртібінде тұратын өзекті мәселе. Қазіргі кезеңде бұл мәселені заманауи технологиялар негізінде зерттеу де орын алуда. Мәселен, қазіргі географиялық-ақпараттық жүйелер технологиялары аймақтардың топонимиясындағы өзгерістерді дәлірек бақылауға, сондай-ақ ежелгі топонимдік қабаттарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе көші-қон мен тарихи катаклизмдердің әсерінен өзгерген мәдени ландшафттарды қалпына келтіру үшін өте маңызды [75]. Ғылыми зерттеулерде әртүрлі халықтардың эпсаналары мен аңыздарымен байланысты топонимдердің таралуын талдау үшін цифрлық карталарды пайдалану әдістері жиі сипатталады. Бұл зерттеушілерге бар атауларды жазып қана қоймай, олардың шығу тегі мен эволюциясын талдауға мүмкіндік береді [76].

Топонимдердің жаһандану жағдайында этникалық бірегейлікті сақтау үшін маңызы зор екенін атап өтуіміз керек, өйткені қазіргі урбанизация және миграциялық процестер дәстүрлі топонимдердің сақталуына немесе өзгеруіне әсер етеді [77]. Н.В. Беленов археологиялық деректерді топонимдік дереккөздермен байланыстырады. Бұл топонимияны ежелгі мәдени аймақтарды, әсіресе Орталық Азия мен Шығыс Еуропаны зерттеу кезінде қосымша дереккөз ретінде пайдалануға мүмкіндік береді [78].

Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен эпсаналар – бұл халықтардың тарихи жадын, мәдениетін және табиғи ортасын сипаттайтын бай мұра. Топонимдік фольклор елді мекендердің, жер аттарының шығу тегі, географиялық ерекшеліктері мен олардың пайда болуы туралы халық арасында сақталып қалған аңыздар мен эпсаналарды қамтиды. Мұндай аңыздар мен эпсаналар ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша түрде жетіп, қазіргі заманға

дейін сақталып келді. Олардың көмегімен жергілікті халық белгілі бір аймақтың табиғи ерекшеліктерін, мәдени құндылықтарын және тарихи оқиғаларды жеткізген.

Топонимдер белгілі бір оқиғалармен, кейіпкерлермен немесе тарихи жағдайлармен байланысты болады. Мысалы, Еуразиядағы кейбір жер атаулары тарихи тұлғалардың есімдерімен аталған немесе мифологиялық кейіпкерлердің оқиғаларымен байланысты болуы мүмкін. Көбіне белгілі бір жерде болған ерекше табиғи құбылыстар немесе адамдардың іс-әрекеті сол жерге атау беруге себепші болады. Көптеген топонимдер атақты батырлар мен тұлғалардың есімдерін сақтайды. Мысалы, қазақтың «Алтай» немесе «Түркістан» сияқты атаулары бүкіл түркі халықтары үшін киелі орын саналады, себебі олар ежелгі түркілік өркениеттің орталықтары болып табылады. Мұндай топонимдер арқылы халық өз тарихын, ерлігін және рухани құндылықтарын көрсетеді. Аңыздар көбінесе табиғат күштері мен құбылыстарымен байланысты болып келеді. Мысалы, Еуразия кеңістігіндегі «Байкал» көліне қатысты аңыздар халықтың сол су айдынын қалай қабылдайтынын бейнелейді. Байкал көлінің шығу тегі туралы аңыздарда ол киелі орын ретінде сипатталады, оның айналасында көптеген мифтер мен табиғат күштеріне қатысты ертегілер қалыптасқан.

Топонимдік фольклордың маңызды қызметтерінің бірі – халықтың тарихи жады мен мәдени бірлігін сақтау. Топонимдер арқылы белгілі бір аймақтың тарихи жағдайлары туралы мәліметтер сақталады. Мысалы, қазақ халқының көші-қоны, белгілі жерлерде орын алған шайқастар немесе маңызды оқиғалар жайлы мәліметтер топонимдер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Топонимдік фольклор халықтың өмір сүру салты, дүниетанымы және мәдени құндылықтарын бейнелейді. Мысалы, қазақ халқының табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен оны құрметтеуі көптеген жер атауларында көрініс табады. Көптеген топонимдер жас ұрпақты рухани тәрбиеге бағыттайды. Әрбір атаудың астарында жатқан аңыз немесе эпсана ұрпаққа ел мен жерді құрметтеу, оны қорғау идеяларын насихаттайды.

Топонимдік фольклорды зерттеу лингвистика, этнография, тарих және география салаларының тоғысында жүргізіледі. Оның негізінде белгілі бір халықтың тарихы мен мәдениеті жайлы құнды ақпарат алуға болады. Сонымен қатар топонимдер тарихи-географиялық аймақтардың мәдени ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, Еуразия кеңістігіндегі әртүрлі халықтардың топонимдерін зерттей отырып, сол халықтардың арасындағы мәдени байланыстарды, ортақ аңыздарды және тарихи қатынастарды анықтауға болады.

Топонимдік фольклор – халықтың тұрмыс салтын, мәдениетін, табиғи ерекшеліктерін бейнелейтін құнды мұра. Бұл саладағы зерттеулерді жалғастыру арқылы Еуразия кеңістігінің тарихи және мәдени құндылықтарын тереңірек түсінуімізге мүмкіндік туады.

1.2 Топонимдік аңыздар мен эпсаналарды зерттеудің жаңа парадигмалары

Соңғы онжылдықтарда топонимдік аңыздар мен эпсаналарды зерттеу пәнаралық тәсілдер мен технологиялық жетістіктердің арқасында жаңа маңызға ие болды. Дәстүрлі түрде топонимдік зерттеулер филологиялық және тарихи әдістермен шектелді, бірақ қазіргі заманғы тәсілдер археология, география, антропология, мәдениеттану және тіпті цифрлық технологиялар деректерін біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл жаңа әдістер ежелгі топонимдік аңыздар туралы түсінігімізді тереңдетіп қана қоймай, оларды жаһандық мәдени және геосаяси үдерістер аясында талдауға мүмкіндік береді.

Бұл күндері зерттеушілер филологияны басқа ғылымдармен біріктіре байланыстыратын кешенді тәсілді көбірек қолданады. Мысалы, белгілі бір жерлерге қатысты археологиялық деректер белгілі бір топонимдердің шығу тегі туралы мифологиялық түсініктерді растауы немесе жоққа шығаруы мүмкін. Географиялық ерекшеліктер аңыздарды қалыптастыруда да маңызды рөл атқарады, бұл кәсіби ғылым мамандарының қатысуын талап етеді.

Геоақпараттық жүйелердің (ГАЖ) және басқа да цифрлық құралдардың дамуы топонимдерді жаңаша түрлендіруге, олардың уақыт пен кеңістіктегі өзгерістерін бақылауға, сондай-ақ аңыздардың нақты географиялық объектілермен байланысын талдауға мүмкіндік береді. Бұл белгілі бір жерлерге қатысты атаулар мен аңыздардың қалай өзгергенін нақты көрсететін интерактивті карталарды жасауға мүмкіндік береді.

Жаһандық мәдени және көші-қон үдерістері жағдайында топонимдік аңыздарды ескеру маңызды. Мысалы, белгілі бір жерлерге қатысты аңыздар мен эпсаналар көбінесе этникалық шекаралардан өтіп, жаңа тілдер мен мәдениеттерге бейімделді. Бұл Еуразиялық кеңістіктегі аңыздар мен эпсаналардың қалайша дамып, қалай байытылғанын немесе өзгергенін зерттеуге мүмкіндік береді. Мәселен, Әлішер Науаидің шығармаларында кездесетін топонимдерді талдап, олардың эпсаналар мен аңыздармен байланысын байқай аламыз. Бұл жерде түркі әдебиеті классиктерінің шығармаларындағы осы топонимдердің мәдени және тарихи маңызына баса назар аударып отырып, атаулардың пайда болуының тарихи мәнмәтініне және олардың этнографиялық аспектілеріне назар аударудың маңызы зор [79]. Топонимдер халықтық шығармашылықтар арқылы да, Әлішер Науаи сияқты жеке басының емес, халық өмірінің сырын саралаған тұлғалы ақындар арқылы да тарихи-танымдық мәнін жойған жоқ. Жер бетінде сақталған, өз сипат-белгілеріне байланысты сакралды атау иеленген географиялық нысандар бүгінгі күні де елдің назарын аудартып отыр. Бұндай тарихи орындар туристік сапар жолына да еніп отыр. Географиялық нысандармен байланысты аңыздардың туристік ресурсқа айналуы, ақпаратты қабылдауды жақсартуы және аумақтың жарқын бейнесін қалыптастыруына мүмкіндік береді [80]. Аңыз, эпсаналардың жаңа парадигмада зерттелуін айтқанда бұл тұрғыдағы ғалымдардың еңбектеріне тоқталмай кете алмаймыз.

Аңыздардың атқаратын қызметіне байланысты жазған Л.С. Дампилованың мақаласында аңыздың фольклордағы қызметі және оның тарихи оқиғалармен байланысы, әсіресе топонимдік аңыздар қарастырылады. Тау шыңдары иелерінің мифологиялық атауларын өзгертуге және шаманизм мен буддизммен байланысты аңыздардың архаикалық тамырларын сақтауға ерекше назар аударылады. Тарихи тұлғалардың мифологизация үдерістері, мәдени және тарихи өзгерістердің әсерінен осы топонимдік аңыздарының өзгеруі зерттеледі [81].

Өз жұмысында Р.В. Лебедев түркі-моңғол халықтарының этногенетикалық аңыздары арқылы Алтайдың қасиетті саналатын топонимдерін зерттеді. Онда осы халықтардың мифологиясы мен дәстүрлерімен байланысты қасиетті мағыналарды бейнелейтін географиялық атаулар қарастырылады. Хем және Хубсугул сияқты шамандық және космологиялық түсініктерге қатысты топонимдерге ерекше назар аударылады. Мақала осы топонимдердің этникалық сәйкестіктегі маңыздылығын және олардың аймақтың рухани және мәдени дәстүрлеріндегі рөлін атап көрсетеді [82].

Топонимиканың тарих, география, әлеуметтану және әдебиет сияқты ғылымдармен өзара әрекеттесуі, топонимдерді зерттеуге кешенді көзқарастың маңыздылығын атап өткен Әзірбайжан ғалымы, Т.В. Бахшыева халықтық этимологияның әрқашан ғылыми негіздемесі бола бермейтінін атап көрсетеді. Мақалада эпсаналар мен аңыздардың топонимдердің қалыптасуына қалай әсер ететінін көрсететін Әзірбайжан ұлттық мәдениетінің мысалдары талданады. Топонимика мен оның мәдени маңыздылығын зерттеу кезінде ауызша халықтық дәстүр мен жазбаша дереккөздер арасындағы байланысқа ерекше назар аударылады [83]. Топонимдік аңыздар мен эпсаналардың жіктелуі туралы айта отырып, мифологиялық, натуралистік және тарихи дәстүрлердің әртүрлі түрлерін ажыратуға болады. Дәстүрлерді тарихи және космогониялық деп бөлетін А.И. Никифоров пен Е.А. Костохиннің жіктелуіне ерекше назар аудару керек. Сондай-ақ, қазақ және түркі фольклорының мысалдары талқылана, топонимикалық дәстүрлердің көбінесе нақты оқиғаларға негізделгенін, бірақ оларды түсіндіру халық мифологиясы мен ауызша дәстүрмен байланысты екенін көрсетеді [84]. Воронеж және Челябин облыстарының топонимдік аңыздарын салыстырмалы талдауған. Р.Е. Тельпов географиялық жағдайлардың аңыздардың қалыптасуына, халықтық этимология мен мәдениетпен байланысына әсерін қарастырады. Жергілікті табиғи объектілермен байланысты эпсаналар мен аңыздарға, сондай-ақ аймаққа байланысты жер атауларын қабылдаудағы айырмашылықтарға ерекше назар аударады. Автор топонимиканы зерттеу арқылы мәдени-рухани мұраны сақтаудың маңыздылығын және оның ұжымдық есте сақтау мен аймақтық бірегейлікке әсерін атап көрсетеді [85].

Ғалым У.Ф. Саттаров өзбек топонимдік аңыздарының ерекшеліктерін және олардың жанрлық табиғатын талдайды. Аңыздардың географиялық, яғни аймақтық ерекшеліктері мен ауызша таралуы арасындағы байланыс, сондай-ақ Өзбекстан фольклорындағы дастан, ертегілер сияқты жанрлардың рөлін

сараптайды. Осы жанрлардың көркемдік-эстетикалық маңыздылығы және халық мәдениетімен байланысын атап өтеді. Топонимдік аңыздар тарихи-фольклорлық сипатқа ие және белгілі бір «жерлердің атауларының шығу тегін түсіндіреді, бұл оларды ауызша дәстүрдің маңызды бөлігіне айналдырады» [86], – деп ой қорытындысын жасайды.

Якут халқының шамандық дәстүрлерімен байланысты топонимдік аңыздарының қасиетті мағынасын қарастырған Х.Н. Осипова «Оюн» (бақсы) сияқты терминдер және олардың рухтар, табиғат және ғарыш туралы ежелгі нанымдармен байланысын зерттейді. Көлдер мен су элементіне байланысты аңыздарға және олардың якуттардың бірегей дүниетанымын қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударады. Автор бұл аңыздарды фольклор мен рухани мұраның бөлігі ретінде сақтаудың маңыздылығын атап көрсетеді [87].

Түріктердің мифологиясы, атап айтқанда космология мен дүниетанымда маңызды рөл атқаратын Тәңір Құдайы туралы, жерді бөлу және жақсылық пен жамандықтың күресі туралы ежелгі аңыздардың маңызы зор. Тәңірі таулар мен өзендерді жасайды, бірақ зұлым күштер оның жұмысын бұзуға тырысады. Тәңірдің халықтық нанымдар мен мәдени мұраларға, соның ішінде Ақыртас пен Түймекент сияқты сақталған ескерткіштерге әсерін атап өткен жөн [88].

Көшпелі қазақтардың рухани мәдениетіне негізделген Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының топонимдерін қарастырсақ мақал-мәтелдер, ертегілер, нанымдар мен тіл арқылы көрініс табатын рухани мәдениеттің байлығын олардың танымдық маңыздылығын ашатын жер атаулары көптен саналады [89].

Топонимдердің әлем, табиғат және рухани өмір туралы идеяларды бейнелейтін символдық және когнитивті мағыналары бар. Топонимдерді қалыптастырудағы, сондай-ақ мәдени жадыны сақтау және тарихи білімді беру үшін аңыздардың маңыздылығы жоғары. Аңыздардың қазақ фольклорлық дәстүріндегі орны мен олардың белгілі бір өңірмен байланысына ерекше назар аударған жөн [90].

Ғалым Г.А. Тұяқбаев Омбы облысының топонимикасын, оның ішінде қазақ елді мекендерінің атауларының шығу тегі мен ерекшеліктерін талдайды. Мақалада өңірдің қазақ халқы үшін рухани маңызын ашу мақсатында тарихи және этнографиялық зерттеулер, сондай-ақ мұрағаттық материалдар пайдаланылады. Үлкен Тебінді елді мекенінің қазақ дәстүрлерімен және жайылымдарды пайдаланумен байланысты мысалы келтіреді. Сондай-ақ, Омбы облысының қазақтар үшін тарихи маңыздылығы атап өтіледі, өйткені бұнда бұрын 100-ге жуық қазақ ауылы болған [91].

Топонимдерді ономастиканың бір бөлігі ретінде қарастырып, фольклорлық және лингвистикалық қырларына баса назар аудара отырып, мәдени мұра мен салт-дәстүрді түсіну үшін топонимиканың маңыздылығын байқаймыз. Топонимдерді қалыптастырудағы аңыздардың, нанымдардың және рәсімдердің рөліне ерекше назар аударып, сонымен қатар олардың арасындағы фольклорлық байланыстарына ерекше мән бере аламыз [92]. Фольклор үлгілеріндегі кезігіп отыратын топонимдерге ерекше көңіл аудару біз зерттеуге алып отырған елдерден басқа да аумақтарда орын алғандығы белгілі. Бұндай зерттеулер

дүниенің қай бұрышында болмасын жүргізіліп отырған. Мәселен, бұл жөнінде Мұхаммед Бабыр сияқты қайраткерлердің еңбектеріндегі тарихи маңызы бар ескертулерге ерекше назар аударылады. Талдау нәтижелері бойынша автор «Ламган» атауы ламба халқының этнонимімен байланысты деген қорытындыға келеді, ал «-ган» жұрнағы оларға қатысты екенін білдіреді. А. Тансықбайдың мақаласында лингвистикалық тұрғыдан назар аударғандағы қазіргі Ауғанстандағы аймаққа қатысты «Ламган» топонимінің шығу тегі зерттелген. Әр түрлі нұсқалар, соның ішінде аңызға айналған тұлғалармен және халықтық дәстүрлермен байланысты қарастырылады [93].

Осы келтірілген мысалдар негізінде аңыздардың, соның ішінде Еуразия кеңістігінде орналасқан Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан сынды елдерде таралған топонимдік аңыздардың ортақ моделін жасауға болады. Бұндай тәжірибе жалпы ғылымда бар. Мәселен ғалымдар О.Е. Афанасьев, А.В. Троценко зерттелген тәсілдер негізінде топонимдік аңыздарды жіктеудің өзіндік моделін жасады [94] (сурет 3).



Сурет 3 - Топонимдік аңыздарды жіктеудің моделі

Е.В. Цветкова топонимдік аңыздарды халықтық этимологияның көрінісі ретінде қарастырады. Халықтық этимологияның екінші аты – жалған этимология екендігі белгілі. Ол өзінің жалғандығына қарамастан, халықтың менталитетін және оның қоршаған ортаға деген көзқарасын көрсетеді. Ол

Кострома облысының топонимдік аңыздарын негізге ала отырып, топонимдік аңыздарды бірнеше топқа жіктеді [95]:

- Әр түрлі ежелгі тайпалармен атаулардың шығу тегін түсіндіретін аңыздар;
- Топонимдердің пайда болуын кез-келген тарихи оқиғалармен байланыстыратын аңыздар;
- Нақты тарихи тұлғаларға арналған аңыздар;
- Монахтар, әулиелер, ғажайыптар туралы аңыздар;
- Атаудың шығу тегін алғашқы қоныстанушыларға немесе табиғат иелеріне байланысты түсіндіретін аңыздар;
- Атаулардың қарақшылармен байланысын көрсететін аңыздар
- Махаббат туралы аңыздар;
- Қара күш туралы аңыздар;
- Адамдардың қандай да бір атауларына негізделген сипаттамаларын қамтитын аңыздар;
- Объектілерге қатысы бар адамдармен байланысқа негізделген аңыздар;
- Атауды адамдардың іс-әрекетімен, тұрмыстық заттармен, өсімдіктер мен жануарлар әлемімен байланыстыратын аңыздар;
- Қазыналар жасырылған жерлер туралы аңыздар;
- Географиялық объектінің атауын түсіндіріп, фонетикалық, ассоциативті белгілер негізінде жүзеге асырылатын аңыздар.

Автор белгілі бір аумақпен байланысты топонимдердің жиынтығын сипаттау үшін «топонимикалық аумақтық жүйе» ұғымын енгізеді және оларды халық өмірінің мәдени және этнографиялық қырларын ашуға қабілетті географиялық ақпараттық ресурс ретінде қарастырады. О.Е. Афанасьев топонимикалық аңыздар географиялық атаулардың шығу тегі туралы сюжеттік толық әңгімелер бола отырып, халық пен жекелеген этникалық топтар мекендеген аймақтың рухани және мәдени мұрасының маңызды бөлігін білдіретінін атап көрсетеді. Олар белгілі бір аймақтың тарихы мен ерекшеліктерін түсінуге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар геоақпараттық хабар берудің құнды көзі болып табылады [96].

Біздер қарастырған материалдарда аңыздардың осындай әр алуан функциялары көрініс тауып отыр. Топонимдік аңыздардың халық өміріне қажетті тұстары көп. Олар үлкенге де, кішігі де өз қызметтерін ұсына алады. Патриоттық тәрбие беруде мектеп оқушыларына қажетті тұстары бар. Осы ретте Д.А. Сироткин мақаласында туған өлкенің топонимдік материалын зерттеу арқылы бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру мәселесі талқыланады. Оқушылардың Ярославль облысы Мышкин ауданының мысалында географиялық объектілер атауларының шығу тегін зерттеуге баса назар аударылады. Топонимдік аңыздарды зерттеу балалардың ой-өрісін кеңейтуге ғана емес, сонымен бірге олардың тарихи-мәдени мұралармен және ата-бабаларының наным-сенімдерімен танысуына ықпал етеді. Автор топонимдермен жұмыс істеу мектеп оқушыларына славян атауы болып көрінетін қазіргі атаулар шын мәнінде фин-угор тектес болған уақыт ішінде қалыптасқан

тілдік өзара әрекеттесу мен трансформацияның ерекшеліктерін жақсы түсінуге көмектесетінін атап көрсетеді. Мұндай білім беру қызметі туған тарихқа деген қызығушылықты дамытып қана қоймай, өскелең ұрпақтың бойында патриотизм мен мәдени бірегейлік сезімін нығайтады [97].

Башқұртстан татарларының топонимдік дәстүрлері мен аңыздары шығармалардың сюжеттері мен мотивтерінде көрінетін башқұрт ертегісінен тыс халық прозасының айтарлықтай әсерін сезінеді. Зерттелген шығармаларда халықтың мифологиялық көзқарастары айқын көрінеді. Башқұртстан татарларының дәстүрлері мен топонимдік аңыздарының жалпы татар фольклорының ажырамас бөлігі ретіндегі маңыздылығын көре аламыз [98].

Ханты-Мансийск ауданының топонимдік аңыздары мен қайта ойластырыла қойылған семантикалық атаулары көңіл аудартады. Олардың едәуір бөлігі ханттан шыққан субстрат топонимдеріне жатады. Орыс тіліне көшкен кезде эндемикалық топонимдер фонетикалық және грамматикалық бейімделуге ұшырайды, бұл көбінесе жер-су атауларының бастапқы формасын жоғалтуға әкеледі. Топонимдік аңыздардың пайда болуы орыс тілдік ортасындағы Хант атауларын түсіндірумен байланысты. Хант және орыс сөздерінің арасындағы дыбыстық сәйкестік фольклор мен халықтық этимологияға негізделген жаңа мағыналардың пайда болуына әкеледі. Тіпті орыс тіліндегі дыбыстық сөздермен сәйкес келмейтін топонимдер Хант тілі арқылы түсіндіріледі [99].

Волгоград облысының топонимдік аңыздарын халықтық лингвистикалық шығармашылықтың көрінісі және халықтық этимологияның жарқын мысалы ретінде қарауға болады. Олар халық тілінің белсенді дамып, үнемі жаңа лексемалар мен фразеологиялық бірліктермен байытылып, халықтың өміріндегі өзгерістерді бейнелейтіні аян. Кейінгі ұрпақтардың сынына қарамастан, тіл ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас қабілетін сақтай отырып, тұрақты және көп қабатты болып қала береді. Топонимдік аңыздар екі негізгі түрді білдіреді: атаулардың шығу тегі туралы аңыздар және аталған жерлерде болған оқиғалар туралы аңыздар. Олар ұжымдық сананы қалыптастырады және топонимдерді халық жадында сақтайды. Бұл әсіресе этимологиялық түсіндірмелері жоқ ежелгі топонимдер үшін өте маңызды, бұл олардың шығу тегінің көптеген нұсқаларын тудырады [100].

Қарашай-балқар халық прозасындағы табиғи нысандардың атаулары мен сипаттамаларының пайда болу тарихын қамтитын топонимдік аңыздар. Олардың мазмұнының географиялық ландшафтпен байланысының шарттылығы және ауызша тараған әдебиеттің осы жанрының тарихи және діни түсіндіктермен тығыз байланысы бар [101].

И.В. Петухова Шадрасак-Кибья ауылының топонимдерін сипаттайды. Ауылдың, көшелердің, өзендердің, бұлақтардың атаулары сияқты жергілікті тұрғындардың сөйлеуінде ескі жер атауларын сақтауға ерекше назар аударылады. Бұл топоним удмурт халқының рухани мәдениетінде маңызды рөл атқара беретіндігін және оның ұжымдық жадында сақталатындығын көрсетеді. Мақала авторы өлкетану зерттеулерінде топонимдік аңыздарды қолданудың өзектілігін атап көрсетеді, өйткені олар мәдени мұраны сақтап қана қоймай,

сонымен қатар аймақтың тарихы мен этномәдени ерекшелігін түсінуді тереңдетеді. Осылайша, топонимдік аңыздар удмурт халқының тарихи-мәдени тәжірибесін зерттеу мен жеткізудің маңызды құралы ретінде әрекет етеді, бұл олардың зерттеулерін мағыналы және орынды етеді [102].

Қалмақтардың халық прозасында атаулардың шығу тегін, географиялық нысандар мен елді мекендердің ерекшеліктерін немесе тарихын түсіндіретін топонимдік аңыздар, рухани және мәдени өмірінің маңызды элементі болып табылатын тауларға құрмет көрсету дәстүрлері елеулі орын алады. Бұл дәстүрлер таулардың қасиеттілігі және олардың халық өміріндегі ерекше маңызы туралы түсіндік-танымды бейнелейді, бұл қалмақтардың табиғи ортамен және олардың рухани дәстүрлерімен байланысын көрсетеді [103].

Өз мақаласында А.А. Васютина бастауыш сынып оқушыларына этномәдени тәрбие беру аясында хакас топонимдік аңыздарының негізінде «мұражай беттерін» құрудың лингвометодикалық шарттарын қарастырды. Этномәдени мұраны сақтауға және балалардың өз мәдениетіне деген қызығушылығын қалыптастыруға ықпал ететін құрал ретінде топонимдік аңыздардың маңызы мен рөлін талдады. Жұмыста «Уятпас тауы», «Борус тауы», «Алтын кел көлі» сияқты хакас топонимдік аңыздарының мысалдары келтірілген және олардың мазмұны мен айтылу формасына байланысты осы аңыздардың әртүрлі жіктелімдері ұсынылған. Балаларға арналған әдеби оқудың бастапқы курсына хакас топонимдік аңыздарын қолдану мүмкіндігіне ерекше назар аударылады. Аңыздар ассоциативті, фонетикалық, сондай-ақ жер бедерінің географиялық ерекшеліктері, қоршаған ортаның сипаты сияқты бірнеше белгілерге жіктеледі, олардың негізінде топонимдер қалыптасады. Аңыздар атаулардың шығу тегін кейіпкерлердің ерекшеліктері, географиялық сипаттамалары немесе нақты тарихи оқиғалар арқылы түсіндіре алады, бұл оларды бастауыш мектеп жасындағы балалар үшін тартымды етеді [104]. Аңыздар мен әпсаналар халықтардың дүниетанымын жеткізіп қана қоймай, өткеннің қарым-қатынасы, әдет-ғұрыптары мен адамгершілік құндылықтары туралы білімнің маңызды көзі болып табылады [105].

Топонимдер мен фольклордың өзара әрекеттесуін, сондай-ақ ауызша халық шығармашылығы мен тарихи дәстүрлердегі топонимдердің көріну ерекшеліктерін қарастыра отырып, халықтық рухани мәдениетті зерттейтін зерттеушілер фольклористермен салыстырғанда топонимдерге аз көңіл бөлетінін атап өтуге болады [106].

Луганщина су объектілерінің топонимдік аңыздарын талдап, олардың аймақтың әлеуметтік-мәдени бірегейлігін қалыптастыру құралы ретіндегі маңыздылығын атап көрсеткен автордың бірі – Ю.П. Брайловская. Бұл аңыздар мәдени мұраны сақтауға ғана емес, сонымен қатар аймақты қоғамдық санада қабылдауға және анықтауға әсер етеді [107]. Осы жерде қазақтың біртуар ақылы Ж. Нәжімеденовтың «Қанішкен» өлеңінде айтылатын: «Жер атына мән бермеппін бұрын мен, жерлерім көп мән бермеуден сүрінген», – деген жолдары еске түседі. Топонимдік мәтіндер географиялық атаулардың шығу тегін түсіндіретін фольклорлық прозалық шығармалар бойынан көптеген табылады

және халықтың менталитеті мен мәдени тәжірибесімен тығыз байланысты болып келеді. Топонимдік мәтіндер бір-бірінің орнына жиі қолданылады, бірақ олардың арасында жанрлық айырмашылықтар бар. Аңыздар нақты оқиғалар мен тұлғаларға негізделген, ал әпсаналар ертегіге жақын және фантастикалық элементтерден тұрады. Топонимдік әпсаналар толығымен ойдан шығарылған дей келе, зерттеуші Г.И. Канакина Пенза аймағының топонимдік мәтіндерінің фольклорлық ерекшеліктерін зерттеп, Пенза мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері жинаған материалдарға, сондай-ақ «Пенза облысының топонимиясы» сайтының жарияланған дереккөздері мен деректеріне сілтеме жасайды. Топонимдердің халықтық этимологиясын құрайтын факторлардың үш тобын анықтаймыз: фонетикалық (ассоциативті), географиялық және әлеуметтік-мәдени. Топонимдерді құрудың мотивтері көбінесе алғашқы қоныстанушылардың немесе тарихи тұлғалардың есімдері болып табылады деп атап көрсетеді [108].

Аңыздар мәдени мұраны берудегі және этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастырудағы маңызды рөл атқарады. Топонимдердің пайда болуымен байланысты аңыздар оқиғалар немесе адамдар туралы айтып қана қоймайды, сонымен қатар тыңдаушылардың эмоционалды қабылдауына әсер етеді, олардың туған өлкенің тарихы мен дәстүрлеріне деген қызығушылығын оятады. «Батыр» сөзінің мағынасына назар аударсақ, ол көптеген топонимдерде кездеседі және шайқастарда ерекшеленген батыр, батыл жауынгердің бейнесін бейнелейді. Бұл термин түркі мәдениеттерінде ер адамның ең жақсы қасиеттерін бейнелейтін ержүрек адамдарға қатысты қолданылады. Жеке-батыр сияқты батырлар туралы аңыздар олардың құрметіне аталған географиялық нысандармен байланысты [109].

Ханттардың топонимдік аңыздары осы халықтың тарихы мен мәдениеті туралы маңызды ақпарат көзі болып табылады. Т.Н. Дмитриеваның еңбегінде Қазым ханттарының топонимдік аңыздарындағы мифтер мен шындық қарастырылады. Аңыздар көбінесе өткеннің нақты оқиғаларына негізделеді, бірақ олар мифология мен фольклордың объективі арқылы түсіндіріледі, бұл оларға ерекше көркемдік және мәдени құндылық береді. Автор Қазым өзенінің сол жағалауындағы, Хуллор каналының сағасынан төмен орналасқан жермен байланысты осындай аңыздардың біріне мысал келтіреді. Бұл ханты «Яр хэнтиен Сюпаг» — «Яр әйел Сюпар» деп атайтын таза қарағайлы орманы бар әдемі таулы аймақ. Бұл жер қасиетті болып саналады, ал борда тұрған қасиетті қарағайға тек ер адамдарға баруға рұқсат етіледі [110].

2012 және 2017 жылдары зерттеуші А.Т. Жаманкозова Қарағанды облысы бойынша экспедициялар барысында жиналған Орталық Қазақстанның топонимдік аңыздарының қазіргі жағдайын талдайды. Аймақ фольклорын зерттеу белгілі бір аумақта белсенді тарайтын ауызша халық шығармашылығының негізгі жанрлары топонимдік аңыздар екенін анықтады [111].

Кемерово облысы жер атауларының этимологиясын «Яя» өзенінің атауының мысалында И.В. Рузаева қарастырады. Жергілікті тұрғындарға

жүргізілген онлайн-сауалнама арқылы фольклорлық, топонимикалық материалға талдау жүргізеді. Топонимнің өзі зерттелетін аймақта тарихи өмір сүрген әртүрлі ұлттардың лексемаларының контоминативті (біріктіруші) кешені болып табылатынын жазады [112].

«Ресейдің еуропалық бөлігінің солтүстігіндегі ежелгі халық туралы ақпарат көзі ретінде орыс топонимиясының өзі» атты мақаласында А.К. Матвеев Ресейдің еуропалық бөлігінің солтүстігін мекендеген ежелгі халықтардың тарихы мен мәдениетін зерттеу үшін топонимикалық деректердің маңыздылығын қарастырады [113].

Ал, Л.А. Климкова Окс-Еділ-Сур өзендерінің топонимикалық мәнін талдады, ол әртүрлі оқиғалар мен тұлғаларды, соның ішінде моңғол-татар шапқыншылығын атап өтті. Сондай-ақ жеке есімдері бар және олардың тасымалдаушыларының әлеуметтік және жеке бастық жағдайын көрсететін микротопонимдер туралы баян етеді [114].

Осы көрсетілген зерттеулерді атай отыра топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеудің қазіргі ғылыми зерттеулерге тән жаңа парадигмаларын анықтауға болады.

1.3 Топонимдік аңыздар мен әпсаналардың мәдени-рухани мұра ретіндегі қызметі

Топонимдік аңыздар мен әпсаналар – халықтың рухани қазынасын, тарихи жадын және мәдени дүниетанымын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ерекше мұра. Олар белгілі бір географиялық орындардың атауларын, сол жерлерде орын алған оқиғаларды, кейіпкерлерді және табиғат құбылыстарын сипаттау арқылы халықтың өзіндік рухани болмысын айқындайды. Әпсана – ертеде болған немесе ойдан шығарылған бір оқиғаны көркемдей баяндайтын шығармалар. Аңыз бен әпсана өзара жақын, олардың айырмашылығы көркемдіктің дәрежесінен білінеді. Шығармадағы қиял мен кереметтіктің көркемдік рөлі, оның атқаратын қызметі мен айтылу мақсаты екі жанрдың өзіндік айырмашылықтарын айқындап береді. Аңыздың мақсаты – бір фактіні, тарихи оқиғаны жеткізу, ол туралы тыңдаушыға мәлімет беру болса, әпсананың басты міндеті – баяғыда өтіп кеткен немесе болды делініп жүрген оқиғаны, іс-әрекетті көркем баяндап, тыңдаушыға ғибрат беру. Мұнда бас кейіпкерлер дәріптеле сүреттеліп, көркем бейне деңгейінде көрінеді.

Топонимдік әпсаналар – ежелгі, халыққа танымал дәстүрлердің бірі. Олар белгілі бір елді мекендерге бекітіліп таңылған географиялық нысандар (жергілікті жерлер, өзендер, көлдер және т.б.) және елді мекендер туралы әңгімелерді сыр ғып шертеді және ол әңгімеге тыңдаушысын сендіреді. Топонимдік дәстүрлердің басты ерекшелігі – олар географиялық нысандар мен елді мекендердің сипатын, шығу тегін немесе атауын ғибрат бере түсіндіреді.

Топонимдік аңыздар – бастапқы ақпаратқа ие және елді мекен немесе басқа географиялық объектілер атауының шығу тегін түсіндіретін ауызша проза жанры. Бұл жанр «халықтық этимологияның» жарқын мысалы болып табылады, соның арқасында ономастика мен топонимия негіздерін түсінуден алыс адамдар

арасында танымалдылыққа ие. Жалпы, топонимдік аңыз, ең алдымен, адамдардың санасында орын алатын белгілі бір жерлердің, өзендердің, көлдердің, таулар мен жартастардың неліктен аталатынына және осы жерлерде қандай оқиғалар болғанына жауап іздеуден басталады [28, б. 137]. Топонимдік аңыздар әр түрлі аймақтарда, әр түрлі республикалардың аумағында туылғанымен, олардың құрылымдық мотивтері бір-біріне жақын.

Осылайша, топонимдік аңыздардың белгілі бір лингвомәдени құндылығы бар деген қорытынды жасауға болады, өйткені олар номинация процесін ғана емес, сонымен қатар топонимдік әңгімелер жасаушылардың дүниетанымдық ерекшеліктерін де көруге мүмкіндік береді. Топонимдік фольклордың ауызша халық шығармашылығының жанры ретіндегі әдеби ерекшелігін ашатын бірқатар ерекшеліктер бар. Фольклорлық мәтіндердегі топонимдер зерттелетін аумақтың өткен тарихын, діни көзқарастардың өзгеруін, экономикалық және мәдени дамуды көрсетеді, кейде олар белгілі бір аймақ туралы ақпаратты жаңа фактілермен толықтыруға көмектеседі.

С.А. Қасқабасовтың айтуынша: «... аңызды тарихтық және топонимикалық деп бөлу таза шартты, ... шын мәнінде, топонимикалық аңыздардың нақты негізі бар, ал тарихи аңыздарда топонимикалық мотив жиі кездеседі. Көбінесе мұндай жағдайларда аңыздың мазмұны емес, тақырып немесе мотив топонимикалық болып табылады, сондықтан екі жанрды ажырату өте қиын» [115].

Көріп отырғанымыздай аңыз да, эпсана да фольклордың іргелі жанрлары. Бұл екеуі де Еуразия кеңістігінде өмір сүретін халықтардың сан ғасыр бойы жинақтаған өмір тәжірибелерінен алынған шығармашылықтары. Сайып келгенде халықтың шығармашылық өнеріне шек қойылмайды. Дегенмен, атқаратын функциясына қарай аңыз жанры бұрынырақ туған, эпсана жанры оның соңын ала туған деп есептеуге болады. Өйткені, аңыз түбі – алдымен шындық, ол шындық біршама мезгіл өткенде санада ептеп көмескі тарта бастайды, одан ауыздан-ауызға тарап айтыла келе жартылай тарихи шындықты баян ететін мәнге ауысады. Бұл жөнінде академик С. Қасқабасов былай дейді: «Аңыз бен эпсана прозалық фольклордың көркемдік даму жолындағы екі кезең десе де болады. Себебі көп жағдайда олардың түп негізінде өмірде болған бір оқиға жатады, бірақ аңыз осы оқиға дәуіріне жақынырақ болады да, аса көркемделмей, мағлұматтық мақсатта ғана айтылады. Алайда оқиғадан алыстаған сайын қоспа көбейіп, түрлі қосымша детальдар пайда болып, алғашқы мәліметтік әңгіме көркемделе түседі де, болған оқиғаның өзі де көмескі тартады. Сөйтіп аңыз бастапқы сипатын жоғалтып, эпсанаға немесе хикаятқа ауысады. Эпсана өзге де жолмен пайда бола береді. Кейде оның сюжеті ойдан шығарылады, болмаса басқа шығармадан алынады. Әсіресе, жер-су, мекен тарихын баяндайтын эпсаналардың сюжеті көп жағдайда өзі тектес аңыздардың сюжетіне ұқсатылып, ойдан шығарылады. Мұндай шығармаларда эпсаналық, ертегіге жақын сипат басым болады, бір заманда болыпты деген оқиғадан гөрі сондай болса екен дейтін мақсатта құрылған сюжет баяндалады. Сондықтан мұндай эпсанада ойдан шығарылған, бірақ фантастикалық түрге жетпеген қиял пайдаланылады» [116].

Бұл аңыздың эпсанаға айналу жолы барлық халықтар фольклорында бірдей деуге болады. Өйткені олардың қоршаған әлемді, кеңістікті танып, түсінуі, дүниетанымы бір деңгейде. Оның бәрі олардың мифологиясында көрініс береді.

Мифология көпшілік санасында көбінесе өткен дәуірдің аңыздары мен тарихи оқиғалары ретінде қабылданады. Алайда, эпсаналар тек өткеннің мұрасы емес, қазіргі мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады. Әр дәуір өз эпсаналарын туындатады және олар уақыт өте келе заманауи эпсаналарға айналады [117].

Ю.М. Лотман мен Е.М. Мелетинскийдің [118] пікірі бойынша, мифологиялық сана – бұл ерекше таным түрі, ол «мифологиялық сипаттамаларға» ие. Бұл сипаттамаларға мына түсіндіктер жатады:

- Коммуникативтілік (қарым-қатынасқа бейімділік);
- Бүтіндік (біртұтастық);
- Иррационалдылық (ақылға қонымсыздық);
- Еліктегіштік және кері байланыссыздық.

Мифологиялық сананың құрылуы адамзаттың алғашқы кезеңдерінде аңшылық пен жинаушылыққа негізделген қоғамда пайда болған. Ауыл шаруашылығына көшу кезеңінде мифология күрделене түсіп, діннің пайда болуына алып келген.

Аңыздардың нақты шекаралары жоқ және олар оқырманды «сену немесе сенбеу» деген сұраққа жетелейді. Бұл аңыздарға қызығушылық тудырып, зерттеу нысанына айналдырады, себебі аңыздардың көбісі тарихи шындыққа негізделгенімен, келе-келе көркемделіп, шынайы және фантастикалық элементтерді ажыратуды қажет етеді.

Аңыздардың негізінде тарихи тұлғалар мен нақты оқиғалар туралы әңгімелер жатыр. Әдетте, бұл оқиғалар қарапайым адамдардың өмірі емес, батырлық әрекеттер мен тарихи есімдермен байланысты істерді сипаттайды. Уақыт өте келе аңыздар тәлімдік мағына алып, ойлануға түрткі болатын қосымша қасиеттермен толығады. Көп жағдайда, аңыздар шынайы оқиғаларға негізделгенімен, олардың мазмұны халық арасында ауыздан-ауызға таралғандықтан, уақыт өте келе көркемделіп ертегі құрамына ұласады. Шынайылық дәрежесі төмендеп, жартылай шындыққа құрылады.

Ал, енді эпсанаға келер болсақ, оның жайы тіптен бөлек. Клод Леви-Стросс мифологияны «мәдениеттің тілі» деп қарастырып, ол арқылы қоғамның әлемге көзқарасын білдіретін терең құрылымдар мен символдарды атқызатынын айтты. Леви-Стросстың пікірінше: «Эпсаналар қарама-қарсы ұғымдарды пайдалана отырып, адам өмірінің негізгі қайшылықтарын түсіндіреді». Бұл тезистен эпсаналар өмірде кездесетін екі ұдай түсініктерді бір-бірімен салғастырып дұрыс шешім іздейтіндей болып көрінеді. Кейбір эпсаналар өмірлік негізі бар аңыздың көркемделген жалғасы сияқты болып келсе, кейбір эпсаналар сюжеті ойдан шығарылады. Сөйтіп «бұрынғы заманда осындай оқиға өткен екен» деген сюжетті емес, «осындай оқиға болса екен» деген арман-мақсаттан туған сюжетті баян етеді. Леви-Стросс пікірі «қарама қарсылықсыз даму болмайды» деген философия заңдылығында айтылғандай қиял негізінде айтылса да эпсананың

өмір танытарлық қуатын түсіндіріп тұрғандай [119]. Мирча Элиаде эпсаналарды әлемнің, қоғамның және дәстүрлердің шығу тегін түсіндіретін «қасиетті әңгімелер» деп атады. Элиаде эпсаналарды адамдар үшін үлгі-өнеге рөлін атқаратындығын баса айтты. «Мәңгі оралу мифі» кітабында ол: «Эпсаналар өткен шақтың оқиғалары ғана емес, олар адамзатқа бүкіл тарих бойына өзекті болып қала беретін архетиптерді көрсетеді» деп жазған [120].

Джозеф Кэмпбелл өзінің еңбегінде әлемнің әртүрлі мәдениеттерінде кездесетін қаһармандық сапар сынды мифологиялық архетиптерді зерттеді. Кэмпбеллдің айтуынша, эпсаналар қоғамның ұжымдық санасын қалыптастырады және жеке тұлғаның қоғамдағы орнын анықтауға көмектеседі [121].

Владимир Пропп өзінің зерттеулерінде эпсаналардың құрылымдық элементтерін қарастырып, көптеген халықтық аңыздарда кездесетін әмбебап белгілерді анықтады. Пропптың айтуынша, эпсаналар мен аңыздар мәдени сәйкестікті қалыптастырып, дәстүрлерді сақтауға ықпал етеді. «Ғажайып ертегі морфологиясы» еңбегінде Пропп мифологиялық сюжеттерге тән элементті анықтап, олардың мәдениетке және әлеуметтік тәртіпке әсер ететінін атап көрсетті [122].

Эдвард Тайлор эпсаналарды ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылықтардың «бейнесі» деп атады. Тайлор «Алғашқы мәдениет» кітабында қоғамның эпсаналар арқылы өмірдің негізгі сұрақтарына жауап табуға ұмтылатындығын атап өтті [123].

Сол сияқты, Эмиль Дюркгейм мифологияны әлеуметтік тұтастықты қолдаудың маңызды элементі деп санаған. Оның айтуынша, мифтер шындыққа қатысты жалпы түсініктерді нығайтып, ортақ сенімдерге негізделген әлеуметтік байланыстарды қалыптастырады [124].

Эпсаналар мен аңыздар қоғамның этикалық және моральдық нормаларын негізге алады, олар адамдарға мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға көмектеседі.

Қазіргі кезеңде мифология жаңа мәдени формаларға айналып, өзектілігін сақтап келеді. Эпсаналар әдебиет, кино, өнер, компьютерлік ойындар сияқты салаларда қолданылады. Олардың арқасында қоғам өзіндік әлеуметтік қақтығыстарға жауап табуға мүмкіндік алады.

Қазіргі зерттеуші Ролан Барт мифологияның әлеуметтік құбылыстар мен мәдени өзгерістерді қабылдау жолына ықпал ететінін және жаңа нарративтерді қалыптастыратынын айтады. Барттың пікірінше: «Эпсаналар – қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне бейімделетін семиотикалық жүйенің екінші деңгейдегі формасы» [125].

Эпсаналар көп жағдайда түсіндірме құрылым ретінде қолданылады және ежелгі қоғамдарға табиғат құбылыстары мен өмірдің күрделі жақтарын ұғынуға мүмкіндік береді. Олар адамгершілік пен этикалық идеалдарды бейнелейді, осылайша қоғамда әлеуметтік нормалар мен құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі. Эпсаналар ежелгі қоғамда өмір сүрген адамдардың өздерінің таныған шындығы, сол кезгі табиғат құбылыстарына берген бағасы [126].

Латын Америкасындағы аңыздар мен эпсаналар аймақ халықтарының бірегей сәйкестігін қалыптастыруда маңызды элемент болып табылады. Көптеген елдерде оларды қорғау және тарату мақсатында мемлекеттік саясат қабылданғанымен, кейде осындай бастамалардың тиімділігі шектеулі болып қалады. Бұл жерде аңыздар мен эпсаналарды қазіргі қоғам адамдарының қабылдау деңгейі бірдей, бір-бірімен сәйкес келетіндігін баяндаған автор халық шығармашылығының осындай игіліктерін қорғау, сақтау керек екендігін жазады [127]. Сонымен бірге бұл пікірден аңыз, эпсаналарды қоғам әлі де қажетсініп отыр деген ой да байқалады. Оның жөні бар, өйткені бұл шығармашылық түрлерінде халықтың мамыражай тірлікке қалай жетеміз деген нақты идеал тұтқан нәрселері, ішкі сезімдерін символдап бейнелеген тұстары бар. Оны, М. Ғазали орынды атап өткендей, эпсаналар мен аңыздар «Сулалатус Салатин» мәтіні сияқты мәдениетке тән ерекше символиканы көрсетеді. Бұл мәтін мәдениетінің философиялық құндылықтарын бейнелей отырып, оның адамгершілік және мәдени идеалдарды жеткізудегі рөлін көрсетеді дейді [128].

«Эпсаналар аңыздар мен халық ауыз әдебиетімен бірге, әлеуметтік құрылымдарды қолдауға және түсіндіруге көмектеседі. Олар заңның әлеуметтік өмірдегі кейбір қырларын түсіндіріп, құрылымдық тұтастыққа негіз болады» – деп, Г. Патио эпсананы қазіргі өмірмен байланыстырып қарайды [129].

Расымен де байыптап қарайтын болсақ аңыз, эпсаналар өткеннің тұрақты моделі ғана емес, олардың бүгінгі күндері де маңызы ерекше. Жалпы, адам психологиясында өткен өмір қашан да қызықты болып көрінеді. Ал, енді баяғыда өткенді баяндайтын аңыздар мен эпсаналарды бүгінгі өмірге қалай алып келеміз, олардың қажеті қанша деген сұраққа жауапты М. Боз айтқан пікірден кездестіреміз. Ол былай дейді: «Туризм саласында эпсаналар мен аңыздар мәдени ерекшеліктерге назар аудартып, туристерге тартымды жағдай жасайды». Бұл тұрғыда Геро мен Леандр туралы аңыз Түркияның мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде туристерді қызықтыратын элементке айналған [130].

Аңыз бен эпсананың қазіргі өмірге қатысы жайында айтылған пікірлер аз емес. Бұл халық шығармашылық өнерінің жасампаздығын көрсетеді. Әрбір аңыздың тарихи негізі бар, ал олардың дамуы нақты оқиғалардан бастау алады. Олар белгілі бір тарихи шындыққа негізделгенімен, мифология қоғамның идеялары мен құндылықтарын ұрпақтарға жеткізетін маңызды құралға айналған [131]. Фольклор мен мифологияның арасындағы байланыс маңызды және олар тарихи тұлғалар мен оқиғаларға қатысты қайта-қайта қайталанатын үлгілерге сүйенеміз. Эпсаналар ежелгі қоғамдардың дүниетанымын түсінуге мүмкіндік береді және әлеуметтік нормаларды бейнелейді [132]. Мифтер адамзаттың ең көне құндылықтар жүйесі ретінде этникалық мәдениеттің маңызды элементі болып, адамдар эпсаналар арқылы өздерінің рухани болмысын сақтап, мәдени дамуын қалыптастырады [133]. Ал, Х. Рам Иран мен Кения сияқты елдерде эпсаналар саяси мәдениет пен ұлттық рухты қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Әрбір қоғамның мифтері саяси мақсаттар мен қоғамдық құндылықтарды насихаттауға ықпал етеді, бұл ұлттық сәйкестікті нығайтады деп қазіргі қоғамға неғұрлым жақындата түседі [134].

Осы пікірлерге ден қоятын болсақ, эпсаналар мен аңыздардың тек қана өткеннің куәгері емес, олар ұлттық және этникалық сәйкестікті сақтаудың, қоғамның этикалық және мәдени қағидаларын нығайтудың басты құралы болып табылатындығына көз жеткіземіз.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен эпсаналарды зерттеудің теориялық негіздері – бұл фольклор мен топонимиканың тоғысында орналасқан өзекті ғылыми бағыт. Бұл тарауда топонимдік фольклордың мазмұны мен мәні, оның тарихи, этнографиялық, мәдени және мифологиялық алғышарттары жүйеленіп, зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Топонимдер – жай ғана географиялық атаулар емес, олар халықтың тарихи жады мен рухани дүниетанымын сақтап тұрған мәдени код. Тарау барысында топонимдік фольклордың аңыз және эпсана жанрларының Еуразия халықтарының этномәдени болмысын танудағы рөлі мен маңызы кеңінен ашылып көрсетілді. Ежелгі кезеңдерден бастау алатын бұл аңыздар мен эпсаналарда халықтардың табиғатпен байланысы, дүниені тану тәсілі мен тарихи тәжірибесі бейнеленген. Сонымен қатар, топонимдік нарративтер – ұлттық бірегейлік пен тарихи сабақтастықты сақтау құралы ретінде көрінді.

Бірінші тараудағы зерттеулер фольклордың синкреттілігін, пәнаралық сипатта екенін дәлелдейді: топонимдік аңыз, эпсаналар тарих, этнография, мәдениеттану, лингвистика және философия сияқты салалармен тығыз байланысты. Осы тұрғыда қолданылған әдістемелер мен теориялық тәсілдер мәселені жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, фольклор мен географиялық атаулар арасындағы байланыс ғылыми айналымға жаңа ұғымдарды – топонимдік фольклорды, оның жанрлық құрылымын енгізуге жол ашты. Жалпы, бұл тарауда қарастырылған теориялық негіздер зерттеудің әрі қарай өрбуіне берік платформа болып табылады. Олар Еуразия халықтарының рухани және мәдени мұрасын тереңірек түсінуге, топонимдік аңыздар мен эпсаналардың фольклорлық сипатын толық зерделеуге мүмкіндік береді. Топонимдік фольклорды жүйелі зерттеу – ұлттық болмыс пен мәдени жадыны сақтауға бағытталған маңызды қадам.

2 ЕУАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТОПОНІМДІК АҢЫЗДАР МЕН ӘПСАНАЛАРДЫҢ ПОЭТИКАСЫ

2.1 Еуразия кеңістігіндегі аңыздардың (Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан елдері фольклоры бойынша) танымдық, ақпараттық, мекендік және эстетикалық негіздері

Еуразия – әлемдегі ең ірі континент, онда жүздеген халықтар мен ұлттар мекендейді. Әр халықтың өзіне тән тарихи және мәдени болмысы бар және осы бай руханият Еуразияның топонимдік аңыздарына ерекше сипат береді. Еуразия кеңістігіндегі аңыздар тек жер-су атауларының шығу тегін ғана емес, сонымен бірге халықтың мәдениеті, тарихи тәжірибесі мен дүниетанымын бейнелейді. Сонымен қатар жер-суға, айнала қоршаған дүние құбылыстарына ат қойып, айдар тағудағы таным деңгейін, табиғатқа деген аялы көзқарасын, халықтың тіл эстетикасын қоса бейнелейді. Бұл аңыздар әртүрлі ұлттардың белгілі бір уақыт пен кеңістік аясында бір-бірімен тығыз байланыста болғанын, мәдени алмасулар мен тарихи оқиғалардың тоғысында дамығанын көрсетеді.

Осындай негізде туындап, дамып отырған Еуразия кеңістігінде кездесетін топонимдік аңыздардың тақырыптары мен мазмұны өте кең. Оларды атап өтетін болсақ:

1. Табиғат құбылыстары – өзендердің, көлдердің, таулардың пайда болуы туралы оқиғалар, ерекше табиғи құбылыстардың түсіндірмесі.
2. Мифологиялық кейіпкерлер – табиғат күштері, әруақтар, киелі нысандармен байланысты құдіретті тұлғалар.
3. Тарихи оқиғалар – батырлардың ерліктері, маңызды шайқастар, белгілі тарихи тұлғалардың іс-әрекеттері.
4. Рухани және моральдық құндылықтар – ерлік, адалдық, табиғатты аялау секілді қасиеттерді насихаттау. Зерттеу барысында жоғарыда аталған Еуразия халықтарының жер-суға қатысты аңыздарын қарастырып, саралай келе біз осыған көз жеткіздік.

Бұл аңыздардың негізгі танымдық қызметтері мына мәселелерді қамтиды:

1. Топонимдерге қатысты аңыздар белгілі бір халықтың тарихын, өткен оқиғаларын есіне түсіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Мысалы, белгілі бір аймақ атаулары сол өңірде болып өткен батырлық, ержүректік оқиғаларымен байланысты болуы мүмкін.
2. Аңыздар арқылы айнала қоршаған орта, табиғат киелі орын ретінде құрметтеліп, оны қорғау және бағалау қажеттілігі насихатталады. Бұл аңыздарда өзен-көлдердің немесе таулардың қасиетті екені айтылып, олардың ерекше мағынаға ие екендігі халық санасына сіңіріледі.
3. Белгілі бір жер атауына қатысты аңыздар халықтың бірлігі мен ұлттық санасының негізін қалыптастырады, ұрпақтар арасындағы әдеби-рухани, мәдени сабақтастықты нығайтады.

Еуразия кеңістігіндегі әрбір топонимнің артында халықтың өмір салты, дүниетанымы және тарихи оқиғалары туралы маңызды ақпарат жатыр. Топонимдік аңыздар тек жер атауларының шығу тарихын түсіндірумен

шектелмей, халықтың тарихи санасы мәдениеті мен рухани құндылықтарын да сақтайды.

Бұл бөлімнің мақсаты — Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздардың мәнін ашып көрсету, географиялық атаулардың шығу тегін ғана емес, сонымен қатар, сол атауларға қатысты халықтың, дүниетанымы, жер-суға ат қоюдағы ұлттық мәдениеті, тарихи тәжірибесі туралы да құнды мәліметтер беретінін айқындау. Әрбір аңыз арқылы біз белгілі бір халықтың тарихы мен өткен өмірін түсінуге, рухани құндылықтарымен жақын танысуға мүмкіндік аламыз. Еуразия кеңістігінде ғұмыр кешетін халықтарға тиесілі аңыздарды зерттегенде біз оларды түгел қамти алмайтынымызды, оны диссертация көлемі көтере алмайтындығын бұдан бұрын да айтқанбыз. Сол себепті Еуразия кеңістігінің әр өңірінен белгілі бір елдерді іріктеп алғанбыз. Солардың бірі – Әзірбайжан елі.

Әзірбайжан топонимдік аңыздары батырлар, қасиетті орындар мен табиғат құбылыстары туралы әңгімелерді қамтиды. Олардың түрі сан алуан.

Әзірбайжанның жер-су атаулары мен оларға қатысты аңыздары елдің бай фольклоры мен тарихи-мәдени мұрасының айқын көрсеткіші болып табылады. Әзірбайжанның топонимдік аңыздары халықтың тұрмыс-салты, дүниетанымы мен табиғатқа деген ерекше көзқарасын сипаттайды. Әзірбайжан аумағындағы көптеген атаулар өзіне тән аңыздары және әпсаналарымен байланысып, халықтың тарихи жады мен мәдени құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді [135].

Әңгімені бұл елдің астанасының аталу тарихынан бастасақ, Баку – Әзірбайжанның астанасы, әрі Каспий теңізінің жағалауында орналасқан тарихи қала. Қаланың атауына қатысты бірнеше түрлі аңыздар бар. Солардың бірі бойынша «Баку» атауы ежелгі парсы тіліндегі «Бадкубе» сөзінен шыққан, оның мағынасы «жел соғатын жер» дегенді білдіреді. Бұл аңыз қалада жиі кездесетін қатты желдер мен дауылдарға байланысты пайда болған. Бакудың желді ауа райы ғасырлар бойы халықтың жадында қалып, қаланың атауын айқындаған.

Қарабақ атауы да Әзірбайжан халқы үшін киелі және ерекше маңызға ие. Халық арасында бұл атаудың «Қара бақ» деген сөздерден шыққаны туралы аңыз кең таралған. «Қара» сөзі «үлкен» деген мағынаны білдірсе, «бақ» сөзі «бау-бақша» деген мағынада қолданылады. Аңыз бойынша, Қарабақ аймағы ежелден бері жасыл желекке оранған, құнарлы жер ретінде танылған, сондықтан оны «үлкен бақ» деп атаған. Қарабаққа қатысты аңыздар халықтың өз жерін қорғауға деген ынтасын, батырлық пен ержүректігін көрсетеді [136].

Әзірбайжанның шығысында жатқан Каспий теңізі туралы да аңыздар көп. Бір аңыз бойынша, ежелгі замандарда Каспий теңізінің орнында үлкен жазық алқап болған деседі. Аңызға сәйкес, қатты жауын-шашын мен жер сілкіністерінің нәтижесінде бұл жер үлкен көлге айналған. Халық Каспийді киелі, құпияға толы теңіз ретінде қабылдап, оны табиғаттың ерекше сыйы деп білген. Каспийге қатысты аңыздарда оның тылсым күштері мен қасиетті мекен ретіндегі сипаты жиі айтылады [137].

Гянджа қаласының атауы да қызықты аңыздарға толы. Аңызға сәйкес, «Гянджа» сөзі «қазына» деген мағынаны білдіреді. Бұл атау қала маңында

көмілген ежелгі қазына туралы аңызбен байланысты. Ертеде бұл қалада көптеген байлықтар жасырылған, оны тауып алу үшін көптеген адамдар осы жерге келген деседі. Осылайша, қала атауы халық санасында байлық, қазына және тарихи мұра ретінде қалыптасқан. Аңыз бойынша, қала негізін салушы Ширван шахы шөл даладан өтіп бара жатып, байлыққа толы орынды табады. Шах бұл орынды қасиетті деп санап, осында қала салуға шешім қабылдайды. Сол байлыққа байланысты қалаға «қазына» – «Гянджа» атауы беріледі [138]. Бұл аңыздан халықтың бастан кешкен тарихи оқиғалары мен Ширван шахының байлығы туралы мәлімет аламыз.

Аңыздан үзінді:

«Шахтың әмірі бойынша сол жерде керемет қала салынды, оның әрбір тасы алтынға тең болды. Халық арасында бұл орын туралы аңыз таралды, қаланы қазына мекені деп атады» [139]. Қаланың астында көмулі жатқан қазына, алтын бар деген аңыз әр халықта да бар. Мәселен, Троя қаласын алайық. Трояның астында көмулі жатқан көп алтын бар деген мәліметті Шлиман деген неміс баласы Гомердің Одиссея шығармасынан оқып, сол алтынды қазып алсам, байысам деп армандайды. Өсе келе ол арманына жету үшін жұмысшы күші керек, оларды жалдауға мол қаражат керек екенін түсінген ол ақша табу жолында порттарда жүкші болып қызмет жасайды. Өртүрлі елдердің саудагерлеріне жалдана жүріп олардың тілдерін үйренеді. Ақыры Ресейге келіп, аяқ киім фабрикасын салып, байиды. Сөйтіп Трояның астынан расымен де қазынаны қазып алады. Аңыз түбі – шындық екендігін ескеретін болсақ, Гянджа маңында тығулы қазына бары кәдік деп айтуға болады. Өйткені жер атауы жайдан-жай қойылмайды. Тіл үйренудегі тікелей қарым-қатынас арқылы жүзеге асатын әдісті – «Шлиман әдісі» деп атайтындығын да еске ала кету артық болмас.

Бұл елдің көрнекті қаласының бірі – Шуша деп аталады. Шуша – Әзірбайжанның маңызды мәдени орталықтарының бірі және оның атауы да аңызбен байланысты. Бір аңызда Шуша атауының шығу тегі «таза ауа» немесе «таза жел» деген мағынаға ие екені айтылады. Бұл атау қаланың табиғи климаттық ерекшеліктеріне негізделіп қойылған. Шушаның таза ауасы, көк аспаны, табиғи сұлулығы қаланың атауын айқындап, оны халық санасында ерекше қымбат мекен ретінде қалыптастырды.

Бұл атау шынымен де қалаға сай келеді, себебі Шуша биік таулардың арасында орналасқандықтан таза ауа мен әдемі көріністерімен танымал. Аңызда қалаға жиналғандардың осындай ерекше табиғатқа таң қалғандығы, сондықтан оны «Шуша» деп атағандығы айтылады.

Аңыздан мысал алатын болсақ: «Таудың биігінде тұрып, олар төңірекке көз тастады. Таза ауасы, көгілдір аспаны бар бұл жерді олар жүректерінде сақтап қалуға шешім қабылдады да, оны Шуша деп атады» [140].

Жаугершілік заман қай халықты да айналып өтпеген. Мысалы, Габала туралы аңыз оның ежелгі берік қабырғалары және оның қорғаушылары туралы баяндайды. Аңызға сәйкес, бұл қала көп ғасырлар бойы қорғаны берік болғандықтан жаулардың шабуылдарына төтеп берген. Қала атауы да осының негізінде «қорған» деген мағынаға ие болған. Габала қабырғалары халық

арасында ерлік пен батырлықтың символы ретінде сақталған, олардың әрбір тасы халық жадында ерекше орынға ие. Бұл туралы аңыз былай дейді:

«Жауынгерлер ешбір жауды өткізбеуге ант етті. Қала қабырғалары мызғымай тұрды, ал халық оны «Қабала» деп атады, бұл мызғымас қорғанды білдіретін атау» [141].

Әлемдік мифологияда Нұх пайғамбардың кемесі келіп тоқтаған деген сюжеттер баршылық, Әзірбайжанда Нахичеван қаласының аты Нұх пайғамбармен байланысты деп есептеледі. Аңыз бойынша, бұл жерде Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған деседі. Жер дүниені су басудан кейін, пайғамбар және оның жақтастары осы жерге алғаш қадам басқан, сондықтан да қала «алғашқы аялдама» деген мағынадағы атауға ие болған. Бұл аңыз қала атауын ерекше киелі етеді, себебі халық Нұх пайғамбарға қатысты аңызды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, оның таңғажайып сюжеттерін сыр ғып келеді.

Аңыздан мысал: «Тасқыннан кейін кемедегі тірі қалғандар жерге түсті, ал осы алғашқы қадам жасалған жер Нахичеван деп аталды. Бұл атау халықтың есінде мәңгі қалды» [142].

Жалпы, халық арасында тараған аңыз көп, дейтұрғанмен оның барлығы емес, халықтың өміріне қатысы барлары ғана елдің есінде сақталып отырады. Мысалы Кюря өзені жайлы аңызды алайық, мұнда батыр Кюр-Шахтың ерлігі туралы баяндалады. Аңыз бойынша ежелгі заманда Кюря өзенінің бойында халықты жаулардың шабуылынан қорғаған батыр өмір сүрген. Кюр-Шах есімді батырдың күші мен ерлігі халық арасында аңыз болып, өзен оның есімімен аталған деседі. Кюр-Шах жауларын Кюря өзенінің бойында жеңген, сондықтан өзеннің атауы Кюр-Шахтың құрметіне «Кюря» болып өзгертілген.

«Кюр-Шах өз батырлығымен халықты жаудан құтқарды. Оның ерлігін мәңгі есте сақтау үшін халық өзенді Кюря деп атады» дейді аңыз [143].

Аракс өзеніне байланысты аңызда ежелгі батыр Сиявуш туралы айтылады. Аңыз бойынша Сиявуш батыр өзінің адал серігімен бірге жаудан қашып жүріп, бір өзенге кез болады. Қашу барысында Сиявуш суға секіріп, өзен арқылы өтуге тырысады, бірақ жаулар суға батқан батырды қайта көрмейді. Халық батырдың рухын мәңгі есте сақтау үшін осы өзенді «Аракс» деп атаған екен.

«Сиявуш батыр Аракстың толқынында мәңгі жоғалғанмен, оның ерлігі өзен атауында сақталып қалды» дейді аңыз [144]. Осы Кюр Шах, Аракс гидронимдарының аталу себебіне ұқсас сюжеттер Еуразия аймағы халықтары аңыздарында жетіп артылады. Қазақ арасына тараған бұндай аңызды өз еңбегінде А. Пангереев атап көрсетеді: «Қонақта жүрген Қарабас елін жау шапқанын естіп, өзіне ерген бір топ адаммен Алтықарасу деп аталатын жерде қалмақтарды қуып жетеді. Осы соғыста Ойылға құятын өзеннің бойында Қарабас өледі. Сол себепті өзен «Қарабас» деп аталады. Қалғандары қалмақты ығыстырып, соғыса береді. Сол жерден жиырма бес шақырым жердегі Ойылға құятын өзеннің бойында Кежалы батыр мерт болуы себепті сол жердегі өзен аңғары «Кенжалы» аталады. Ақжол бастаған топ көп ұзамай осы өңірдегі елді жинап, қазіргі Темір ауданының «Қайыңды» ауылы тұсында қырғынға ұшыраған Есет ауылының кегін қайтару үшін екі-үш күннің ішінде үлкен қол жинайды.

Батырлардың шұбап келіп жиналған жерін, яғни сол жердегі өзенді кейіннен «Келбатыр» деп атаған. Яғни, «келіп жатыр» деген сөз эллипсистік жолмен қысқарып «Келбатыр» формасына түскен [28, б. 465]. Сонда қай халықта болса да өзен-су атаулары бекерден-бекер қойылмайтыны анықтық табады. Алайда ат қоюдың бұндай принциптері егерде ол өзен (немесе басқа да объект) бұрын ешқандай атаусыз болса ғана жүзеге асырылып отырады. Ал, егер бұрыннан қалыптасқан атауы болса оның өзгертілеуі өте сирек құбылыс. Негізінен жер-су атаулары тұрақтылық қасиетке ие.

Қарабах топонимі төңірегінде әлі күнге дейін дау-дамай толастамай отырғаны белгілі. Бұл Қарабахтың Әзірбайжан халқының автохтонды жері екендігіне аңыздар куәлік ете алады. Қарабах тауларының атауына қатысты бір аңызда батыр Аслан туралы баяндалады. Аслан - Қарабах даласын қорғаған алып күш иесі. Оның ерлігі сол аймақтың атауына негіз болған деседі. Аслан осы таулардың арасында жаулармен шайқасып, оларды жеңіп отырған.

Аңызда: «Аслан батырдың күші қара тауларды бағындырып, Қарабах атауын осы жерлерге мәңгілік етіп берді» деп баяндайды [145].

Енді бір аңыздар табиғат құбылыстарына байланысты туындап отырады. Мәселен, Гейгөл көлі туралы аңыздың негізінде ерекше табиғи құбылыс жатыр. Аңыз бойынша, ерте замандарда осы жерде бір үлкен шайқас орын алған. Бірде қатты жер сілкінісінен кейін таудан үлкен тастар құлап, аңғардың ортасында су жинала бастайды да, әдемі көк түсті көл пайда болады. Көлдің түсі көгілдір болғандықтан, оны Гейгөл деп атайды, бұл «Көк көл» деген мағынаны білдіреді.

Аңыз мәтінінен осы халықтық этимологияны көреміз: «Халық көк түсті суға қарап, бұл жердің ерекше күшке ие екендігін білді. Көлді Гейгөл деп атады» [146].

Жекелеген тарихи тұлғаларға қатысты келетін топонимдік аңыздар да бар. Мысалы, Шахдаг тауының аңызында Шахмұрат есімді батыр туралы баяндалады. Ол өз халқын жаулардан қорғау үшін тауларда қамал салып, сонда өмір сүрген екен. Халық Шахмұраттың батылдығын жоғары бағалап, оның құрметіне осы тауды «Шахдаг» (шахтың тауы – Ш.А.) деп атаған. Аңызда Шахмұраттың ерлігіне құрмет ретінде таудың атауы халық жадында мәңгі қалды делінеді. Аңыздан үзінді: «Шахмұрат тауға биік қамал салып, жауларды бетке алған. Оның аты тауға берілді, Шахдаг - мәңгі батырдың тауы» [147].

Кейбір топонимдік аңыздар жат жерлік басқыншылардан елді қорғаған батырларға байланысты болады. Сондай аңыздың бірі – «Бабек батырдың ерлігі» аңызы. Бабек батыр туралы аңыздар мен тарихи деректер Әзербайжан тарихында ерекше орын алады. Ол IX ғасырда Араб халифатының езгісіне қарсы шыққан көшбасшы ретінде танымал. Бабек — түркі-әзербайжан халқының еркіндікке ұмтылған күресі мен ұлттық рухының белгісі болған батыр. Оның күресі мен батырлығы халық арасында кеңінен таралған. Ол тек жеке тұлға ғана емес, халықтың азаттыққа деген ұмтылысын, ерік-жігерін, тәуелсіздігін бейнелеген ұлттық қаһарман болып саналады. Бабектің ерлігі мен оның араб халифатына қарсы бастаған көтерілісі халық аузында аңызға айналған. Бабек батырдың өмірі мен күресі кезінде кездесетін негізгі географиялық атауларға Базз қамалы, Араз

өзені, Тәбриз қаласы және Мегри таулары жатады. Бұл атаулар батырдың өмір жолын, оның көтерілісін және аймақтағы күрес орындарын көрсетеді.

Базз қамалы — Бабек батырдың негізгі тірек орны болған тарихи мекен. Әзірбайжанның Нахичеван аймағындағы қамал биік тауларда орналасқан, табиғи қорғанысы мықты, әрі стратегиялық маңызы бар мекен болған. Аңызда Бабек осы қамалды орталық база ретінде пайдаланып, жауларына қарсы шабуыл жасағаны айтылады. Ол қамалды жаулардан қорғап, көптеген жылдар бойы сол жерде басқыншыларға төтеп берген.

Аңыз мәтініне көз салатын болсақ: «Бабек Базз қамалында өз әскерін жинап, жауға қарсы тұруға бел байлады. Қамал оның қорғаны болды, ал таудың биік шыңдары оған берік қамалдың қабырғасындай көрінді. Осыдан бастап Базз — еркіндік символына айналды» [148] деген сөздерді оқимыз.

Араз өзені Бабек пен оның әскерінің жорық жолдары мен қорғаныс әрекеттерінің куәсі. Аңызға сәйкес Бабек пен оның серіктері Араз өзенінің бойында жиі жиналып, жауға қарсы шабуыл жоспарын құрып отырған. Өзен сол уақытта жаудан қорғану үшін табиғи шекара ретінде қолданылған. Бабек пен оның әскері өзеннің бойымен жүріп, қауіпсіз орындарға жеткен немесе жаудан бой тасалаған деседі. Қалай болғанда да Араз өзені батырдың күресімен тікелей байланысты. Аңыз сюжеті: «Араз өзенінің жағасында Бабек өз серіктерімен бірге жауға қарсы жорыққа шығуға дайындалды. Өзеннің суы оларға қасиетті көрінді, өйткені ол оларды жаудан қорғады» [149] деп бұл жәйтті нақтылайды.

Тәбриз қаласы – сол заманда стратегиялық маңызға ие болған көне қала. Бабек көтерілісінің белгілі кезеңдерінде Тәбриз қаласы халифат әскерлерімен соғысқан негізгі орталықтардың бірі болған. Аңыз бойынша Бабек өз әскерімен Тәбризге жақындап, онда халифат қолбасшыларын жеңуге тырысқан. Тәбриз қаласы арқылы Бабек өзінің азаттық қозғалысын кеңейтіп, аймақ халқына үлгі болған. Тәбриз оның халық жүрегіндегі ерлігін нығайтуға ықпал етті. Оның жарқын мысалын мына үзіндіден көре аламыз:

«Тәбриздің маңына келіп, Бабек халифат әскерлерімен соғысқа шықты. Қаланың тұрғындары оны қолдап, батырды еркіндікке бастайтын жолдағы көсем ретінде көрді» [150].

Бабектің ерлік істеріне куә топонимнің бірі – Мегри таулары. Бұл таулар Бабек пен оның серіктері үшін қорғаныс қызметін атқарған тау тізбегі. Мегри тауларындағы тығыз ормандар мен биік шыңдар Бабек әскеріне жаулардан тығылуға, тосқауыл қоюға және жауға тұтқиылдан шабуыл жасауға мүмкіндік берген. Мегри таулары, сол кездерде халифат әскерлері үшін қауіпті аймақ болып саналып, олардың жүріс-тұрысына қиындық туғызған. Бабек осы таулардың табиғи артықшылығын қолдана отырып, әскерін қорғап, стратегиялық жорықтарын жоспарлап отырған.

Бабек батыр туралы аңыздар мен тарихи мәліметтер Әзірбайжан халқының еркіндікке деген ұмтылысын, ұлттық рухын бейнелейді. Бабекке қатысты жерлер мен мекендер, оның өмір сүрген кезеңі мен күресі елдің тарихында ерекше орын алады. Сөйтіп, әрбір географиялық атау халық жадындағы ерлік пен батылдықтың белгісіндей болып қалып отырды.

Қызларғаласы (Қыздар мұнарасы) аңызы — Әзірбайжанның астанасы Бакудегі ең танымал және тарихи орындардың бірі. Баку қаласының орталығында орналасқан бұл ерекше мұнара XI-XII ғасырларда салынған және қазіргі уақытта ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енген. Биіктігі шамамен 29 метрге жететін мұнара, өзінің сәулет өнері мен тарихи маңыздылығымен танымал. Аңыздар мен халықтың жорамалдарына сәйкес, Қыздар мұнарасы қайғылы оқиғалар мен елге белгілі қайсар ару туралы аңызбен байланысты. Қызларғаласы туралы көптеген аңыздар бар, олардың ең танымалы хан қызының тағдыры туралы баяндайды.

Аңыз сюжет бойынша, ерте замандарда Бакуде бір қатал хан өмір сүрген. Ол қызының сұлулығы мен көркіне таң қалып, өзіне құда түсушілер көп болғандықтан, оған тұрмысқа шығуға ерік бермей, оны өз қалауымен тұрмысқа бермекші болады. Алайда, ханның қызы басқа жігітке ғашық болады, бірақ әкесі оның бұл сүйіспеншілігін қолдамай, қарсы шығады. Хан қызын өзі таңдап алған бай саудагерге немесе жасы үлкен әскери адамға тұрмысқа бергісі келеді. Қызының махаббаты мен көңіл қалауына мән бермей, оған өз талабын қойып, оны атастырғысы келеді.

Аңыздың бір нұсқасында хан қызы әкесіне бағынғысы келмей, өмір бойы жалғыз өмір сүруге ант береді. Алайда, хан өз шешімін өзгерте қоймайды. Сонда ханның қызы әкесінен биік мұнара салуды өтінеді, себебі ол жерде тыныштық табамын және өзіме лайық құтқару жолын табамын деп сенеді. Әкесі оның тілегін орындап, биік мұнараны салғызады. Қыз мұнараға шығып, туған қаласын және теңізді соңғы рет көріп, махаббаттан қол үзіп, мұнарадан суға секіріп кетеді.

Бұл аңыздағы негізгі географиялық атаулар мен орындар — Баку қаласы және Каспий теңізі. Осы атаулар тарихи және мәдени маңызға ие болып, Қыздар мұнарасының деректілік сипатын ашып тұр.

Қыздар мұнарасы Баку қаласының орталығында, Ичери-шехер (Ішкі қала) аймағында орналасқан. Баку аңызының негізгі оқиғалары осы қалада өтеді. Бакудің көне тарихы мен халықтық аңыздары мұнарамен тікелей байланысты болғандықтан, Қыздар мұнарасы қаланың ерекше орнына айналған. Бұл аңыз арқылы Баку қаласы өзіндік мәдениет пен рухани мұраның орталығы ретінде көрінеді.

«Баку аспаны мен теңіз толқындарына қарап, ханның қызы өз ғашығымен қоштасып, қаладағы ең биік мұнарадан секіреді. Бұл оның махаббатына адалдық пен құрмет белгісі болды» делінеді аңызда [151].

Аңыз бойынша, ханның қызы Қыздар мұнарасының басына шығып, Каспий теңізіне секіреді дедік. Каспий теңізі халық үшін қасиетті су ретінде көрінеді және аңыздарға өзек болып, кейде осылайша мұңды, қайғылы оқиғаларға куә болады. Бұл теңіз Әзірбайжан тарихында ерекше орын алады және Қыздар мұнарасы аңызында да маңызды рөл атқарады. Теңізге секіру хан қызының еркіндікке деген ұмтылысы мен сүйіктісіне деген адал махаббатының соңғы қадамы болып саналады.

«Каспий теңізінің толқындары ханның қызының денесін суға сіңіріп алып, мәңгілікке жасырды. Теңіз оның мұңын, шексіз сүйіспеншілігін өз қойнына алғандай болды» деп пайымдайды аңыз [152].

Қыздар мұнарасы аңыз арқылы ғана танымал емес, ол — Бакудің маңызды тарихи-архитектуралық ескерткіші. Әрине, мұнараның нақты тарихы археологиялық және тарихи деректерге сүйенеді, бірақ аңыздар оның мәнін халықтың көз алдында ерекше мағыналы етеді. Қыздар мұнарасы аңызының бірнеше нұсқасы бар. Бір нұсқасында хан қызының өлімі халықтың хан билігіне қарсы наразылығының белгісі ретінде көрінеді. Мұнараның сұлулығы мен тарихи маңызы елдің рухани мұрасын толықтырып, Әзірбайжан халқының мәдениетін көпке таныта алады.

Әзірбайжандағы ерекше жердің бірі — Гобустан. Гобустан — Әзірбайжанның мәдени-тарихи орталығы, бұл жердегі тастағы жазбалар мен суреттер халықтың ежелгі мәдени дәстүрлерін бейнелейді. Бұл жерге қатысты көптеген аңыздар сақталған, олардың бірінде Гобустан көне заманның адамдарын табиғат күштерінен қорғаған жер ретінде сипатталады. Бұндағы тастағы суреттер халықтың табиғатпен етене жақын өмір сүргенін, және оның көркемдік, рухани мұрасының бір бөлігі ретінде ерекше мәнге ие екенін көрсетеді.

Хызыр-Зинда туралы да осыны айтуға болады. Хызыр-Зинда пірі мұсылман шығысында ең қасиетті және құрметті мекендердің бірі болып саналады. Бұл киелі орынға қатысты көптеген аңыздар бар, ал Әзірбайжанда ол «Хыдыр зираты» ретінде кеңінен белгілі. Бұл қасиетті мекеннің тарихи және діни маңыздылығын көптеген зерттеушілер мен авторлар атап өткен.

Аңыз бойынша пайғамбар Хызыр мәңгілік өмір сыйлайтын қасиетті бұлақтың суын ішіп, Бешбармақ тауында өлмес өмірге ие болған деседі. Сондықтан бұл тау «Хызыр-Зинда» — «Өлмейтін Хызыр» деп аталады. Бешбармақ тауы осылайша киелі орынға айналып, халық арасында ерекше мәнге ие болды. Хызыр туралы аңыздарда оның бауырларының тасқа айналғаны туралы айтылады, ал «бармақ» атауы оның ағаларына деген құрмет белгісі ретінде қолданылған деп саналады. Осылайша, бұл мекен атауының халық санасындағы тағы бір мәні «ағаларға құрмет көрсету» дегенді білдіреді.

Тарихи деректерге сәйкес, бұл аймақта ежелгі кезде Каспий теңізіне дейін созылып жатқан бекіністер мен қамалдар орнатылған. Олар сыртқы жаудан қорғануға арналған. Бешбармақ аймағында орнатылған бұл қамалдар Әзірбайжанның тарихы мен бай мәдени мұрасын сақтап қалған киелі мекен ретінде халық санасында сақталған.

Түркия фольклорында да Хызыр бейнесі кең тараған және көптеген киелі орындармен байланыстырылады. Мысалы, Түркияның Шанлыурфа қаласындағы Хызыр бұлағы халық арасында қасиетті су көзі ретінде танымал. Аңыз бойынша, бұл бұлақтаң су ішкен адамға шипа дариы және рухани тазалық сыйлайды. Сондай-ақ, Эгей және Жерорта теңізі жағалауларындағы Хызыр төбесі, Хызыр үңгірі сияқты жер атаулары да осы тұлғамен байланыстырылады. Халық сенімінде Хызыр Ілияс пайғамбармен бірге өлмес су көзін іздеген саяхатшы ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, Түркия мен Әзірбайжан

фольклорындағы Хызыр туралы аңыздар мен оған қатысты киелі топонимдер өзара ұқсас, мазмұндық және рухани тұрғыдан сабақтас болып келеді.

Еуразия кеңістігінде аты аңызға айналып, кең таралған тұлғаның бірі – Ескендір Зұлқарнайын. Фольклортанушы ғалым Сейіт Қасқабасов Ескендір Зұлқарнайын тұлғасының шығыс пен қазақ фольклорындағы көркем бейнесіне ерекше мән берген. Ғалым былай дейді: «Ескедір – тарихта болған адам, демек, ол туралы алғашында аңыздар пайда болған да, кейін олар әпсанаға, хикаятқа айналған. Сондықтан онда тарихи есімдер де, мекендер де ұшырасып қалады. Қазақ арасында Ескендір жайында айтылатын әңгімелер, негізінен үш сюжетке құрылған. Біріншісі – өлмес суды іздеген Зұлқарнайын туралы, екіншісі – қос мүйізін жасыра алмаған Ескендір жөнінде, үшіншісі – жұмаққа кіре алмаған Ескендір хақында» [115, б. 159].

Әлем әдебиеті мен фольклорында Ескендір Зұлқарнайынның прототипі ретінде македондық Ескендір айтылып келеді. Осы бағыттағы зертеулердің қатарына ғалым Е.Костюхинның «Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции» атты еңбегін жатқызуға болады. Е.Костюхин зерттеуінде көптеген фольклорлық және әдеби туындылар қатарында шығыс классикалық әдебиетінің Фирдоуси, Науаи, Абай сынды көрнекті шайырлар жырлаған «Ескендір» нұсқаларын қарастырған [153]. Ескендір туралы аңыз сюжеттері әлем бойынша кең таралған. Мәселен, Әзірбайжанда Александр Македонский және Ну-шабе аңызы бар. Бұл аңызда Александр Македонскийдің Әзірбайжан жеріндегі Бард қаласына сапары туралы баяндалады. «Голистан-и Ирам» еңбегінде бұл оқиға жайлы мәлімет берілген. Александр Ширван арқылы Дербентке дейін жетіп, онда Серир деген қамалды көреді. Аңызда Александр Баку қаласына да келгені туралы айтылады, онда оны қала тұрғындары мен әкімдер ерекше салтанатпен қарсы алған. Александр Македонский туралы аңыздар Әзірбайжан ғана емес, Еуразия аумағындағы басқа да халықтар арасында кең таралған. Бұл оқиға халықтың тарихи жады мен ұлы тұлғаларға деген сыйластық сезімін көрсетеді. Александрдың шығысқа жорығы туралы бұл аңыз оның күшті билеуші ғана емес, даналық пен әділдіктің символы ретінде танылғанын байқатады.

Аңызда Ну-шабе есімді әйел билеуші ретінде сипатталады. Бұл оқиғада Бард қаласының әсемдігі мен байлығы туралы баяндалады. Бард қаласын тек әйелдер мен қыздар мекен еткен деген болжам айтылады. Александр бұл қалаға келіп, оның әдемілігі мен тұрғындарының ерекшелігін көреді. Ол Ну-шабеге қарсы соғыспай, оның данышпандығына бас иеді.

Ну-шабе аңызы әйел билеушілердің, яғни әйел күшінің, ақылдылығы мен батырлығының көрінісі ретінде Әзірбайжан фольклорында маңызды орын алады. Бұл аңыз әйелдер мен ерлердің теңдігін, әйелдің де билікке лайық екенін көрсетеді. Халық арасында бұл кейіпкердің батырлық пен даналықтың үлгісі ретінде қалыптасуы гендерлік теңдік мәселелерінің ерте заманнан бері өзекті болғанын көрсетеді.

Гендерлік сипаты күшті аңыздың бірі – «Қырық қыз» аңызы. «Қырық қыз» аңызында Әзірбайжандағы қырық қыздың амазонка жауынгерлер ретінде елін

сыртқы жаудан қорғауы туралы баяндалады. Қыздар өздерінің жерін қорғау үшін алып күш пен ержүректік танытады. Олардың ерлігі халық арасында кеңінен танылып, әртүрлі аңыздарда бейнеленген. Аңызға сәйкес, қырық қыз сыртқы жаудан қашып, тауда орналасқан мекенге барады және сол жерде тасқа айналып, мәңгілікке көз жұмады. Бұл сюжеттен мифтегі құбылушылық сарынын көре аламыз. «Мифологиялық таным ерте кезден – ақ адам мен табиғаттың дәнекері, уақыт пен кеңістікті игерудің бірден-бір құралы болды» дейді Ю.М. Лотман [154].

«Қырық қыз» аңызы сюжетінен құбылушылық сарынын көріп, адам қысылтаяң кезде басқа бейнеге, тау-тасқа айналып кете беретін себебі неде деген ой келеді. Осындай себептіліктің жауабын С.Н. Азбеловтың еңбегінен оқи аламыз. Ғалым былай дейді: «Аңыз бірте-бірте эпсана-хикаятқа айналады. Өйткені аңыздарға негіз болған шын түсініктер нақты деп қабылдаудан қалады да, белгілі бір фактіні «керемет» жағдаймен түсіндіруге мүмкіндік береді».

Сөйтіп, халық қиялы бір кезде танылып-білінген, бірақ күнделікті шындықпен байланысын үзген нәрсеге өзінің «кереметтері» жайлы түсінігін көшіреді [155].

«Қырық қыз» аңызы Әзірбайжан фольклорында әйелдер ерлігін, батырлығын және отанға деген адалдығын көрсетеді. Бұл аңыз көшпелі өмір сүрген Әзербайжан халқында әйелдің рөлі мен құқығы маңызды болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл аңыздың басқа түркі және кавказ халықтарының мифологиясымен ұқсастығы бар, бұл мәдени байланыстар мен ортақ құндылықтарды көрсетеді.

Деде Қорқыт кітабында да осыған ұқсас аңыздар кездеседі, онда Әзірбайжанның көшпелі тұрмыс-салты, батырлық, табиғатқа құрмет және халықтың рухани құндылықтары айқын бейнеленген. Бұл аңыздарда «қырық қыз», «қырық жорықшы» немесе «қырық батыр» деген түсінік жиі кездеседі, бұл түркі халықтарында қырық санының қасиетті екенін, оның символдық мәні бар екенін білдіреді. Қырық санының киелілігі мен маңыздылығы түркі халықтарының мифологиясында кең таралған. Бұл сан көптік ұғым мен ерен күштің символы ретінде қабылданады. Деде Қорқыт кітабындағы аңыздар да осы символиканы пайдалана отырып, халықтың бірлігі мен ерлігін дәріптейді.

Әзірбайжан аңыздары халықтың тарихи санасында сақталған байырғы өмірін, мәдени құндылықтарын және дүниетанымын бейнелейді. Әрбір аңыз халықтың рухани мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Әйелдерге қатысты тағы бір аңыз Пери Гала (Перілердің қамалы) аңызы деп аталады. Аңызға сәйкес, бұл қамал тік жартастардың үстінде орналасқан, оған жету қиын болған. Пери Гала туралы нақты мәліметтер болмағанымен, оның III–IV ғасырларда немесе араб шапқыншылығы кезінде салынғаны болжанады. Бұл қамал маңында тастан жасалған көне қабірлер де болған, бірақ уақыт өте олар қирап қалған. Пери Гала аңызы Әзірбайжан аумағындағы көне тарихи ескерткіштерге халықтың ерекше құрметін көрсетеді. Бұл аңыз халықтың тылсым дүниеге деген сенімдерін және әрбір қасиетті мекенге символикалық мән беру дәстүрін бейнелейді. Чардахлар атауы «тас үстіндегі от ғибадатханасы»

деген мағына береді. Аңыз бойынша, бұл жерде Пери есімді қыз шетелдік басқыншылардан қашып, қамалға тығылған. Ол жаулардың қолына түспеу үшін өз еркімен жартастан секіріп, өмірін құрбан етеді. Осы оқиғадан кейін қамалды Пери Гала деп атап кеткен. Осы секілді аңызға өзек болған табиғат объектілері көптеп саналады.

Халық танымында адамға ыстықта сая болған, суықта пана болған, жаудан жасырынған, дүлей күштерден қорғанған табиғат объектілері бар. Сонын бірі – үңгірлер. Қазақтың танымал ғалымы Ақселеу Сейдімбеков кітабының бір тарауын «үңгіртану» деп атап, «Спелеология – үңгірлер туралы ілім» дей келе: қазір дүние жүзіне аты мәлім айтулы үңгірлер бар. Бұл үңгірлер ғажайып бітімімен немесе тереңдік – кеңдігімен ғана белгілі емес, ең бастысы адамзат баласының рухани әлемімен алғашқы белгілерді жеткізуімен таң қалдырып отыр. Әсіресе, үңгір ішіне салынған суреттер өзінің көнелігімен, алғашқы қауымдық құрылыс адамдарының ұғым-түсінігіне куә болуымен, орындалуындағы айрықша сипаттарымен назар аударады – деп үңгірдің ертедегі халық өміріне қатыстылығын дәлелдеп жазады [156].

Осындай үлгілердің бірі Асхаб аль-Кахф – Әзірбайжанның Нахчыван қаласына жақын орналасқан киелі үңгір. Бұл үңгірдің атауы «үңгірдегі адамдар» деген мағына береді және ол өзінің құпиялылығымен танымал. Аңыз бойынша, Даг-Йунус Темирханның уәзірі және оның алты досы бір патша-деспоттан қашып, үңгірге тығылған. Жолда олардың соңынан Гемтир есімді ит еріп, оларды қорғағанымен, жараланып қайтыс болады. Итті қастерлеп жерлегеннен кейін, сол жер «Гемтир» деп аталып кеткен. Қашқындар үңгірде 300 жылға ұйқыға кетеді. Олар ояңған соң Алладан өз түрлерін өзгертіп, құтқаруын сұрайды. Алла олардың тілегін қабылдап, оларды жасырып қояды. Халық арасында бұл адамдар Қиямет күні оралады деген сенім сақталған.

Жергілікті тұрғындар бұл Асхаб аль-Кахфты қасиетті мекен санап, оны «оджаг» деп атайды. Аңызда үңгірдің тастар мен суының емдік қасиеті бар делінеді. Көптеген ауру адамдар үңгірге барып, дұға жасап, үңгірдің суынан емделуге тырысады. Аңыз бойынша, үңгірге кірген кезде соқыр бала қасиетті су тамшыларынан кейін көре бастаған, ал сал болған адамдар жүруге мүмкіндік алған.

Асхаб аль-Кахф үңгірі Құрандағы сипаттамаларға сәйкес келеді деп саналады. Құранда бұл үңгір туралы аятта айтылған: «Сен күн шыққанда, олардың үңгірінің оң жағында болғанын, ал батқанда, сол жағында қалғанын көресің». Ғалымдар 2001 жылы бұл үңгірдің қабырғаларын зерттегенде, оның шамамен 1600 жылдық тарихы бар екенін анықтаған.

Әзірбайжанның топонимдік аңыздары елдің тарихы мен рухани мұрасын бейнелейтін терең мәнге ие. Әрбір аңыз белгілі бір жердің қасиетін, халықтың ерлік пен махаббатқа, табиғатқа деген құрметін көрсетеді. Бабек батырдың ерлігі, Қыздар мұнарасы туралы қайғылы махаббат оқиғасы, Гейгёль көлінің табиғи сұлулығы және Нахичеванның киелі жері сияқты аңыздар ұлттың тарихи жады мен рухын бойына сақтайды. Әзірбайжанның топонимдік аңыздары тек ел

ішінде ғана емес, сонымен бірге Еуразия кеңістігіндегі басқа халықтармен байланысқан мәдениетінің бір бөлшегі болып табылады.

Ұлыбритания да аңызға бай елдердің бірі, онда әрбір төбе, өзен, орман мен қалаға қатысты тарих пен аңыздар айтылады. Бұл аңыздар халықтың өмір салты мен көзқарасын, олардың наным-сенімдерін және табиғат құбылыстарын түсіндіреді. Ең әйгілі британдық аңыздар Англия, Шотландия, Уэльс және Ирландия жерлеріндегі батырлар, корольдік тұлғалар мен мифологиялық кейіпкерлермен байланысты. Мәселен, Король Артур мен Камелот туралы аңыздар Ұлыбританияның ең әйгілі тарихи және мифологиялық оқиғаларының бірі болып саналады. Бұл аңыздарда Артур патшаның серілерімен бірге жасаған ерліктері, қасиетті Граальді іздеуі, оның ел басқарудағы данышпандығы және батырлығы туралы айтылады. Камелот — Артур патшаның қиялдағы патшалығының жүрегі, оның сарайы мен серілерінің жиналатын орны ретінде сипатталған. Камелот сарайы бейбітшіліктің, әділеттіліктің және жауынгерлердің бірлігі мен достығының символы болып табылады. Артур патшаның өмірі мен ерліктері жайлы аңыздар халық жадында сақталып, Англияның көптеген географиялық атауларымен тығыз байланыста келеді.

Аңыз бойынша, Артур патша кішігірім патшалықты біріктіріп, оған бейбітшілік орнатады. Ол Камелот қаласындағы сарайда әділеттілік пен бейбітшілікті сақтап тұруға күш салған. Артурдың ең жақын достары мен адал серілері дөңгелек үстел басына жиналып, жауынгерлік қасиеттерін шыңдауға және патшаға адал қызмет етуге ант береді. Камелот қаласы осы жауынгерлер үшін қасиетті орын саналып, олардың басқосу жері болған. Аңыз бойынша, Артур патша мен оның серілері қасиетті Граальді іздеуге аттанады. Грааль — халық аңыздары мен діни нанымдарда мәңгі өмір беретін қасиетті ыдыс ретінде саналған. Граальді іздеу — жауынгерлердің басты мақсаты, ол олардың батылдығын, адалдығын және ерлігін сынайтын маңызды сапар ретінде көрінеді.

Король Артур мен Камелот туралы аңыздардың негізгі географиялық орындары Англия мен Уэльс аумағында орналасқан. Әрбір атау аңызбен тікелей байланысты және халықтың мифологиялық танымында ерекше мәнге ие.

Камелот — Артур патшаның патшалығының орталығы, оның сарайы орналасқан қасиетті қала. Нақты орналасқан жері белгісіз болғанымен, Камелоттың ықтимал орны ретінде бірнеше аймақ аталады, соның ішінде Корнуолл, Сомерсет және Уэльс аумақтары. Камелот жауынгерлердің бейбітшілік пен әділет үшін күрескен орны ретінде халық санасында киелі орынға айналған. Камелот патшалықтың саяси және рухани орталығы ретінде бейнеленіп, Англияның ең қасиетті қалаларының бірі болып саналады. Сөзіміз дәлелді болу үшін аңыздан үзінді келтірейік:

«Камелоттың қабырғалары ішінде Артур патша өзінің серілерін дөңгелек үстел басына жинап, әділеттілікке қызмет етуге ант бергізді. Бұл орын рыцарьлар үшін қасиетті мекен болды» [157].

Артур патша есімімен байланысты аталатын мекеннің бірі — Гластонбери. Бұл Англияның Сомерсет қаласында орналасқан, қасиетті орын саналған мекен. Гластонбери туралы аңыздарда бұл жерді Артур патша мен оның серіктері

қасиетті Граальді іздеген орын деп айтады. Аңыздарға сәйкес Артурдың зираты дәл осы Гластонбериде деседі. Кейбір деректерде Граальді әкеліп, осы арада жерге көмген деп айтылады. Гластонбери ежелден діни және мәдени орталық ретінде танымал, сондықтан ол Артур патша аңыздарымен тығыз байланысты. Қараңыз: «Гластонберидің қасиетті жерлерінде Артур патша өзінің мәңгілік тыныштық орнын тапқан деседі, бұл мекен әлі күнге дейін қасиетті жер болып саналады» [157, б. 10].

Корнуолл – Англияның оңтүстік-батысында орналасқан аймақ және Король Артур туралы аңыздарға байланысты негізгі мекендердің бірі. Корнуоллдың тасты төбелері мен құпияға толы ормандары Артурдың шайқасқан, патшалық құрған жерлері ретінде танымал. Кейбір деректерде Артур патшаның туған жері ретінде де Корнуолл көрсетіледі. Осы аймақта Тинтагель қамалы орналасқан, оны да Артур патшаның туған жері ретінде жиі атаған. Тинтагель қамалы да Артур патшаның балалық шағы мен патшалыққа көтерілу тарихымен тығыз байланысты. Бұл жәйтті аңыз да растайды: «Корнуоллдың тас қамалдары Артур патшаның үйі мен баспанасы болды. Сол жерлерден ол өз патшалығын қорғауға аттанды» [158].

Артур патшаның шайқас салған жерлерінің бірі – Уэльс, бұл Артур патша аңыздарында ерекше орын алатын аймақтардың бірі. Уэльстегі көптеген ормандар, төбелер және аңғарлар Артур патшаның өмірімен байланысты. Уэльс тілінде жазылған ортағасырлық әдебиетте Артурдың көптеген ерліктері және шайқасқа толы оқиғалары сипатталған. Уэльс Артур аңыздарының негізгі бастау көзі ретінде танылып, халық арасында оның ерліктері мен батырлығы туралы әңгімелер кең тараған.

Артур патша мен оның Камелоты – тек тарихи-мифологиялық бейнелер ғана емес, сонымен қатар, халықтың рухани және мәдени құндылықтарын көрсететін нышан. Артур патша өз дәуірінде әділеттілік, ерлік және рухани ізденістердің бастауына, көсеміне айналды. Оның патшалығының орталығы — Камелот — теңдік пен бейбітшіліктің, ал дөңгелек үстел — бірліктің белгісі. Аңыздарда жиі кездесетін географиялық атаулар, әсіресе, Камелот, Гластонбери, Корнуолл және Уэльс жерлері халықтың жадында, ағылшын мәдениетінде маңызды орынға ие. Артур мен оның серіктері халықты жігерлендіріп, әлеуметтік жағдайлардың және мәдениеттің дамуына, ел ішінде ауызбіршіліктің сақталуына ықпал еткен тарихи тұлғалар ретінде көрініс табады.

Артур патшаның Камелоты туралы аңыздар Ұлыбританияның тарихын ғана емес, оның мәдени мұрасын сақтайтын ұлттық символға айналып, ғасырлар бойы халық жадында келе жатыр.

Табиғатта ғажайып құбылыстар көп. Соның бірі жер бетінде орын алған алып тастар және соған байланысты аңыздар Стоунхендж аңызы — Ұлыбританияның ең құпиялы және аңызға толы ескерткіштерінің бірі. Англияның оңтүстігінде, Солсбери жазығында орналасқан бұл алып тас шеңбері ежелгі дәуірден бері халықтың назарын өзіне аударып келеді. Стоунхендждің нақты мақсаты мен шығу тегі туралы ешқандай нақты дерек жоқ, сондықтан оның пайда болуын халық арасында түрлі аңыздармен түсіндіреді. Бұл аңыздар

ескерткіштің ежелгі өркениетке жататынын, діни және ғұрыптық мақсаттарда қолданылғанын көрсетеді.

Стоунхенджге байланысты көптеген аңыздар бар, олардың ішінде ең танымалы сиқыршы Мерлин және Стоунхенджді тұрғызу аңызы

Аңыздың бір нұсқасында Стоунхенджді атақты сиқыршы Мерлин тұрғызған делінеді. Аңыз бойынша, V ғасырда король Утер Пендрагон (Артур патшаның әкесі) өз жауынгерлерінің құрметіне ерекше ескерткіш орнатқысы келген. Ол бұл тапсырманы Мерлинге жүктейді. Мерлин Ирландиядан алып тастарды сиқырлы күшпен көшіріп, Солсбери жазығына орналастырған. Ол тастарды айнала қоршау етіп қойып, ерекше діни рәсімдер үшін қасиетті орын жасаған. Бұл аңыз Стоунхендждің тылсым күшпен тұрғызылғанын және сиқырлы қасиетке ие екенін көрсетеді.

Аңыздан үзінді келтірейік: «Мерлин сиқырлы сөздерін айтып, алыстағы жерлерден тас алып келді де, оларды шеңбер жасап, ерекше орынға айналдырды. Бұл шеңберді көргендер оның құпия сырын мәңгі сақтады» [159].

Бір аңыз бойынша, Стоунхенджді ежелгі өркениет салған. Кейбір мәліметтерге сәйкес, бұл тастар тас дәуіріндегі ежелгі британдық тайпалардың табынатын киелі жері болған. Аңызда айтылғандай, осы тайпалар күн мен айдың қозғалысын бақылау, табиғи циклдерге табыну мақсатында салынған. Бұл тас шеңбердің орналасуы күннің және айдың жылжымалы қозғалысына сәйкес келеді, сондықтан оны ғибадатхана ретінде пайдаланған. Жазғы күн тоқырауы кезінде күн дәл тас шеңберінің ортасына түсіп, айтулы салтанатты рәсімдер өткізілген деседі.

«Ежелгі өркениет адамдары күннің шығуын бақылап, оның тылсым күшіне табынған. Стоунхендж оларға табиғаттың құпия сырын түсінуге көмектескен қасиетті орын болды» [160].

Тағы бір қызықты аңызда Стоунхенджді алыптар салған делінеді. Бұл аңызға сәйкес, ежелгі дәуірде алыптар Солсбери жазығына үлкен тастарды жинап, оларды белгілі бір тәртіппен орналастырған. Алыптар ерекше күшке ие болғандықтан, бұл тастарды ұзақ қашықтықтан тасымалдап әкелген деп есептеледі. Алыптар тас шеңберін қасиетті орын ретінде пайдаланып, әртүрлі табиғат күштеріне, әсіресе аспан мен күнге табыну рәсімдерін өткізген. Бұл аңыз Стоунхенджді табиғатқа және ежелгі тылсым күштерге байланыстыра түседі. Аңыздан үзінді: «Алыптар сол күні қасиетті тастарды жинап, шеңбер жасап тұрғызды. Бұл шеңберде табиғат құдіретіне құрмет көрсетіп, осы арқылы олар өз сенімдерін көрсеткен» [161].

Алыптардың үйдей-үйдей тастарды бір жерден екінші жерге көшіріп қала салған, қорған салған мысалдары қай елдің болмасын аңыздарында бар. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі «Түймекент» шаһарының салынуы осы алыптардың ісіне қатысты былайша сабақталады: «Халық «Түймекент» деген жер атауын Талас өзенінің Әулиеатаға таяу тұсында өмір сүрген қалмақ қызының есімімен байланыстырады. Түйменің: «Түйемойнақ» тауының етегінен шаһар орнатсаң ғана тиемін», – деген шартын орындау үшін Арсалаң алып әкесі Алаңғасар алыптың көмегімен қала салуға кіріседі. Алаңғасардың алыптығы

оның бір жілігінен жұртшылықтың Зеравшан өзенінен өтетін көпір жасағынынан білінеді. Оның баласы да нағыз алып екені Арсалаңның он шақырым жерден лақтырған тастарын әкесінің қағып алып, қала қабырғаларын қалай беруінен де аңғарылады. «Бірде Арсалаң алыптың көзі Түйме қызға түсіп, лақтырған тасы әкесіне жетпей қалады. Әкесі ашу шақырып, баласын өлтірмек болады. Оның қаһарынан именіп қашқан Арсалаң кетпенмен артына қарай топырақ ата береді. Онысы – тоқсан батпан. Содан Құмтөбе (бір варианттарда Күлтөбе) пайда болыпты-мыс. Сол төбені халық Түймекент деп атайды екен» [162].

Сонда есептеп қарайтын болсақ Ұлыбритания мен Қазақстан халықтарының ұлттық ментальділігі әр бөлек болса да аңыз туындатудағы қиял дүниелері бірдей келіп жатады екен. Бұны қай халықтың болса да табиғатқа қатынас сезімдері бірдей дерлік деп қорытынды жасауға болады.

Стоунхендж ғибадатхана ретінде ерекше орын алған. Ежелгі замандарда халық табиғаттың түрлі құбылыстарына, күн мен айға табынғаны белгілі. Стоунхендждің орналасуы сол кездегі астрономиялық білімдерге сүйеніп жасалған деп саналады, себебі тастардың орналасуы күн тоқырауы мен айдың белгілі бір фазаларына дәл сәйкес келеді. Бұл тас шеңбер жазғы және қысқы күн тоқырауы кезінде түрлі ритуалдар өткізуге арналған орын болған деп есептеледі.

Стоунхендж – тек Англияның ғана емес, бүкіл Ұлыбританияның маңызды ескерткіші. Оның орналасқан жері – Солсбери жазығы – тарих және археология үшін ерекше мәнге ие аймақ. Бұл жазықта көне дәуірге тән басқа да жерлеу орындары мен тастан тұрғызылған ескерткіштер бар, олар Стоунхенджге қатысты біртұтас тарихи-мәдени кешен ретінде саналады. Солсбери жазығының бұл тастардың тұрғызылуына қатысты таңдалуының өзі оның ерекше табиғи энергияға ие екенін және осы қасиеті оның мәнін күшейтетінін көрсетеді.

Стоунхендж аңыздары — тек бір ескерткіштің құрылысы туралы ғана емес, халықтың табиғатқа, ғарышқа, құдіретті күштерге деген ықыласын, табиғаттың құпияларын тануға деген ұмтылысты және адам мен табиғат арасындағы ерекше байланысты көрсетеді.

Табиғаттың тылсым күштері туралы аңыздар тек тау, тасқа ғана емес, сонымен бірге суға да байланысты туындайды. Оның кейбір нұсқалары көл астындағы құбыжыққа байланысты болып келеді. Мысалы, Лох-Несс құбыжығы туралы аңыз – Шотландияның және әлемнің ең әйгілі аңыздарының бірі. Лох-Несс көліне қатысты аңыздар орта ғасырлардан бері айтылып келеді және осы көлде өмір сүретін құбыжық туралы ертегілер мен әңгімелер халық арасында кең таралған. Аңыз бойынша Лох-Несс құбыжығы, яғни «Несси», осы көлдің астында өмір сүріп жатқан ерекше тылсым тіршілік иесі. Бұл құбыжық туралы аңыз халықтың ой-қиялында ерекше орын алғаны соншалық, ол Шотландияның ғажайыптарының біріне айналып, бүгінгі күнге дейін туристердің қызығушылығын тудырып келеді.

Аңыз бойынша Несси – Лох-Несс көлінде өмір сүретін су құбыжығы. Ол ұзын мойынды, алып денелі болып сипатталады және оны кейде ескекке ұқсайтын аяқтары бар, үлкен рептилияға ұқсататындар да бар. Бір нұсқада ол ешкімге зияны жоқ бейбіт тіршілік иесі ретінде көрінеді, ал басқа нұсқаларда

Несси адамдарды үркітіп, көлге батып кеткен адамдардың рухтарымен байланыстырылады. Көл жағасында тұрған кейбір адамдар Несси құбыжығын көргендерін, ал кейбірі тек оның судың үстінде пайда болған көлеңкесін ғана байқағандарын айтады. Осы аңыз бойынша Несси кейде көрініп, кейде ғайып болады, бұл оны бір жағынан шынайы, екінші жағынан тылсым құбылыс ретінде қабылдауға ықпал етеді.

Лох-Несс құбыжығы туралы алғашқы жазбалар 565 жылы өмір сүрген Әулие Колумба туралы аңыздарда кездеседі. Онда Колумба көлде жүзген кезде құбыжықты көріп, оған дұға оқыған соң құбыжық суға сүңгіп кеткені айтылады. Осы оқиға арқылы Несси алғаш рет тарих беттерінде көрініс тапқан. Кейінірек, 1930-1940 жылдары құбыжық туралы заманауи мәліметтер пайда болып, оның суреттері мен бейнежазбалары түсірілді деген деректер де таралған.

Лох-Несс көлі Шотландияның Инвернесс қаласының маңында орналасқан. Ол – Британияның ең терең және ұзын көлдерінің бірі, тереңдігі шамамен 230 метрге жетеді, ал ұзындығы 36 шақырымды құрайды. Лох-Несс өзінің тереңдігі мен су астындағы күрделі құрылымымен ерекшеленеді, бұл оны жұмбақ көлдердің біріне айналдырады. Осы терең су Несси сияқты жұмбақ тіршілік иелерінің бар болуына қолайлы мекен болғандай көрінеді, себебі көлдің астындағы ерекше қуыстар мен үңгірлер құбыжықтың пайда болуына түрткі болған.

«Көлдің терең тұңғығында ерекше тіршілік иесі жасырынғандай. Жылдар бойы оның көлеңкесі ғана көрініп, ешкім оның шын мәнінде қандай екенін көре алмады» деп баяндайды аңыз [163].

Лох-Несс құбыжығы туралы аңызда аталатын негізгі географиялық атаулар – Лох-Несс көлі және Инвернесс қаласы. Бұл атаулар аңыздың кең таралуына және халық арасында әйгілі болуына үлес қосқан.

Көл өзінің тылсым көрінісімен және табиғи ерекшеліктерімен халықтың қиялын шабыттандырады. Бұл көл Шотландиядағы ең танымал туристік орындардың бірі және оны жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен мыңдаған турист келіп тамашалайды. Олар көлдің жағалауында Несси құбыжығын көруге үміттеніп, құбыжықты іздеуге арналған арнайы қайықтармен саяхатқа шығады.

Инвернесс қаласы – Лох-Несс көлінің маңындағы ең ірі қала және осы аңыз сюжетінде басты орын алатын географиялық нысан. Қаладағы тұрғындар мен туристер аңызға байланысты түрлі оқиғаларды айтып, құбыжықты көруге үміттеніп келеді. Қалада құбыжыққа арналған мұражайлар, туристік орталықтар және Несси туралы аңыздармен байланысты көптеген қызықты орындар бар. Қала экономикасы құбыжық туралы аңыздың арқасында дамып, Несси аңызы жергілікті халықтың өмірінде айрықша орын алған. Аңыз сюжетінің түйіні мынадай:

«Инвернесс тұрғындары өздерінің көлі туралы әңгімелер айтып, оның құпия сырларын сақтап келді. Көлдің жұмбақ құбыжығын көруге келген қонақтар осы қалаға жиі тоқтайтын» [164].

Лох-Несс көлі мен Несси құбыжығы туралы аңыз Шотландияның мәдениетінде ерекше орын алады дедік. Бұл аңыз табиғаттың құдіреті мен адам қиялының шексіздігін бейнелейді.

Аңыздар халық шығармашылығынан орын алған фольклор туындысы ғана емес, оларды халықтың өткен тарихынан хабар беретін жәдігер деп те айтуға болады. Сондай мұнды тарихты қозғайтын аңыздың бірі – Гленко қасіреті аңызы — Шотландияның қайғылы тарихи оқиғаларға толы жерлерінің бірі. Гленко аңғары шотланд халқының жадында «қасіретті аңғар» ретінде сақталып келеді. 1692 жылы ақпанда болған бұл қайғылы оқиға Макдональд әулетіне жасалған шабуылдан бастау алады. Шабуылдың нәтижесінде бейбіт тұрғындар мен Макдональд отбасының мүшелері қайғылы түрде қаза тапқан.

Бұл қайғылы оқиға Шотландия тарихындағы ең ауыр сәттердің бірі ретінде сипатталады. 1692 жылы король Уильям III Шотландияның Макдональд әулетіне тәуелділігін күшейтпек болады. Король Шотландияның әрбір әулетін өзіне адал болуға мәжбүрлейтін ант қабылдатқысы келеді. Макдональд әулетінің басшысы, ақсақал Аласдер Макдональд, Уильям III-ге адал болуға ант қабылдауға кешігіп қалады. Осы кідірісті пайдаланып, шотландиядағы Кэмпбелл әулетіне корольдің бұйрығымен Макдональдтарға қарсы қанды шабуыл жасауға рұқсат беріледі. Қастандықтың аса ауырлығы сонда – шабуылға қатысқан әскерилер бір ай бойы Макдональд әулетінің қонағы ретінде тұрып, сол отбасының мүшелерімен дос болған.

Ақпанның суық түнінде шабуылшылар біртіндеп Макдональд отбасының мүшелерін және Гленко аңғарының бейбіт тұрғындарын өлтіре бастайды. Қарулы адамдар аңғардың әрбір бұрышын торуылдап, қашуға әрекеттенгендерді аяусыз өлтіреді. Аңғарды қар мен мұз басқан аязды қыс түнінде бейбіт халық қарулы күштердің қатігездігінен аман қалу мүмкіндігінен айырылады. Осы қайғылы оқиғадан кейін Гленко аңғары «қасірет аңғары» деген атауға ие болады.

Аңыздан үзінді келтіретін болсақ бұл қайғылы жағыдай былай сипатталады: «Гленко аңғарының суық түні қатігездікке толы болды. Қонақжай отбасы өздеріне дос санап келген адамдардың қанды шабуылының құрбанына айналды. Аңғардың әр бұрышы қайғылы үнсіздікпен үн қатқандай еді» [165].

Гленко қасіреті туралы аңыздарда бірнеше топонимдер кездеседі. Бұл атаулар оқиғаның тарихи тұрғыдан маңыздылығын көрсетеді. Гленко аңғары, Балахулиш және жақын маңдағы таулар мен өткелдер қасіретті оқиғаның куәгерлері ретінде халық арасында танымал болып, шотланд тарихының бір бөлігіне айналған.

Бұл аңғар – оқиғаның негізгі орны және қайғылы оқиғалардың орталығы. Гленко – тау шатқалының ортасындағы кең аңғар және табиғи сұлулығымен танымал. Оқиға осы аңғарда орын алғандықтан, бұл жер «қасірет аңғары» деген атауға ие болғаның айттық. Гленко аңғарының айналасындағы биік таулар мен мұзды өзендер оның қорқынышты атмосферасын күшейте түседі. Гленконың тылсым табиғаты бұл жерде орын алған қайғылы оқиғаның естеліктерін сақтап тұрғандай. Қазір бұл жерге көптеген адамдар келіп, аңызға айналған қайғылы

оқиғаның куәгері болған қасиетті жерді күрсініспен еске алады. Бұл жағыдай аңызда былайша сипатталады:

«Гленко аңғарының тыныштығын суық қыстағы қайғылы оқиға бұзды. Оның әрбір тасы, ағашы мен өзені шотланд халқының зарын, олардың үнсіз мұңын сақтап қалғандай» [166].

Балахулиш — Гленко аңғарының маңындағы ауыл. Бұл ауыл Макдональд отбасының тірек орталықтарының бірі болған және шабуыл кезінде Балахулиш тұрғындары Гленкодан қашуға тырысып, осы ауылға бағыт алған. Ауылдың кейбір тұрғындары Макдональд әулетінің мүшелерін құтқаруға тырысқан деген сөздер айтылады. «Балахулиш ауылына жетуге тырысқан халықтың үміттері Балахулишке жеткен сәтте үзілді. Бұл орын олардың соңғы панасы, соңғы үміті болды». Бұл ауыл қасіретті оқиғаға байланысты көптеген естеліктер сақтап қалған және сол кездегі халықтың ауыр күйзелісін білдіретін тарихи орынға айналған.

Гленко оқиғасында Макдональд әулетіне шабуыл жасағандар Кэмпбелл әулетінің адамдары болғандықтан, Кэмпбелл жерлері де аңыздарда жиі аталады. Кэмпбелл әулеті Шотландияның батысында ірі жер иеленушілердің бірі болған. Олардың билігі Уильям III-нің бұйрығын орындап, Макдональд әулетіне шабуыл жасауда қолданылғандықтан, шотланд халқы арасында Кэмпбелл әулетінің аты осы оқиғамен байланысты жағымсыз бейнеге ие.

Гленко қасіреті Шотландияның тарихы мен әдеби-мәдени өмірінде сатқындық пен қайғылы тарихи естеліктің жанды белгісіндей сақталып қалды. Қасіретті оқиға шотланд халқының жүрегінде ауыр із қалдырып, ұлттық бірліктің мәні мен отбасылық байланыстардың қадірін айқындағандай болды. Гленко оқиғасы Шотландияда халқының ұлттық санасын оятып, ұлттың рухын сақтауға септігін тигізді. Бүгінгі таңда Гленко аңызы арқылы шотланд халқы тарихтағы қайғылы оқиғаларды есіне түсіріп, елдің бірлігі мен тәуелсіздігін құрметтейді.

Алыптар және олардың табиғат бедерін реттеуі туралы аңыздар Ирландия жерінде де кездеседі. Гиганттар жолы (Giant's Causeway) — Солтүстік Ирландиядағы таңғажайып табиғи ескерткіштердің бірі және халық арасында топонимдік аңыздармен танымал орын. Ирланд теңізінің жағалауында орналасқан бұл табиғи тас жол шамамен 40000-нан астам алтыбұрышты базальт бағаналарынан тұрады. Бұл бағаналар бір-бірімен тығыз орналасқан, олардың көпшілігі теңізге қарай бағытталып, бірінен-бірі туындап тұрғандай көрінеді. Геологиялық тұрғыда бұл бағаналар ежелгі вулкандық процесстердің нәтижесінде пайда болған деседі, алайда халық арасында аңызға айналған оқиғалар оның пайда болуын алыптардың ерлігіне байланыстырады. Аңыздарда айтылғандай, Гиганттар жолын ирландиялық батыр, алып Финн МакКул (Fionn mac Cumhaill) Шотландияға жету үшін тұрғызған.

Аңыз бойынша, Финн МакКул Солтүстік Ирландиядағы батыр, әрі алып адам болған. Оның басты мақсаты — қарсыласын, шотландиялық алып Бенандоннерді жеңу. Шотландия мен Ирландияны бөліп тұрған теңізден өтудің амалы болмағандықтан, Финн алып күшін пайдаланып, теңіз арқылы жүріп өту

үшін тас жол тұрғыза бастайды. Осылайша, Гиганттар жолы деп аталып кеткен бұл тастар Шотландияның көрініп тұрған жағалауына дейін созылады. Алайда, жолды салып біткеннен кейін, Финн Бенандоннердің өзінен де үлкен екенін біліп, қорқып кетеді. Жолды салып біткеннен кейін, үйіне келіп, жары Унадан көмек сұрайды.

Уна ақылдылық танытып, күйеуін нәресте ретінде көрсетудің амалын ойлап табады. Ол Финнді үлкен бесікке жатқызып, алып Бенандоннер келгенде, «бұл тек нәресте» деп оны сендіреді. Бенандоннер бұл нәресте осындай үлкен болса, оның әкесі, яғни Финн одан да алып болар деп шошып кетеді де, қайтып кетеді. Кері кезінде ол артындағы жолды қиратуды ойлап, Гиганттар жолының көп бөлігін тас-талқан қылып, теңізге лақтырып кетеді. Осылайша, Гиганттар жолының тек бастапқы бөлігі ғана сақталып қалған. Аңыздың айтуы бойынша: «Финн МакКул Шотландияға жету үшін тастардан ұзын жол салды. Алайда, Бенандоннерді көргенде, оның өзінен де үлкен екенін түсінді. Ол қулықпен алыпты алдап, жолды қиратуға мәжбүр етті» [167].

Гиганттар жолы Солтүстік Ирландиядағы Антрим графтығында орналасқан және ерекше табиғи құрылымы мен көрінісі үшін ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енген. Бұл аймаққа көптеген туристер мен зерттеушілер келеді. Жолдың тек Солтүстік Ирландия жағында ғана сақталған бөлігі бар, бірақ аңызға сәйкес, ол бастапқыда Шотландияға дейін созылған. Геологтардың айтуынша, тас жол шамамен 50-60 миллион жыл бұрын вулкандық атқылаулардан пайда болған, алайда фольклор аталатын халықтың шығармашылық өнері бұны халық арасында Финн МакКулдың ерлігі деп таратып, бұл жерді рухани қасиетті орынға айналдырды.

«Гиганттар жолы» аңызында кездесетін негізгі топонимдар Ирланд теңізі, Антрим графтығы және Шотландияның солтүстік жағалауы. Бұл атаулар аңыздың шынайылығын көрсетіп қана қоймай, ирландиялықтар мен шотландиялықтар арасындағы тарихи-мәдени байланысты күшейтіп, олардың бір-біріне жақын халықтар екенін де айқындайды.

Антрим графтығы – Гиганттар жолының орналасқан өңірі, Солтүстік Ирландияның солтүстік жағалауында орналасқан. Антрим табиғи сұлулығымен, биік жартастарымен және көгілдір теңіз көрінісімен ерекшеленеді. Бұл өңір тек «Гиганттар жолымен» ғана емес, сондай-ақ, шотланд және ирланд мәдениетін біріктіретін көне аңыздармен де танымал. Антримдегі Гиганттар жолы Финн МакКулдың ерліктерін көрсететін орын ретінде халықтың ұлттық рухын бейнелейді.

«Антримнің тас жолы алыстан көрініп, Финн МакКулдың алып қолымен салғандай әсер қалдырды. Бұл жол оның шексіз ерлігінің көрінісі болды» дейді аңыз [168].

Гиганттар жолы туралы аңыз ирланд және шотланд халықтарының әдебиеті, мәдениеті мен тарихи байланысын көрсететін маңызды мұра болып табылады. Аңыз халықтың табиғатқа деген құрметін, табиғат көріністерін ерекше құбылыс ретінде қабылдауын бейнелейді. Сонымен қатар, «Гиганттар жолы» финндардың батырлық аңыздарын еске түсіреді, ал Финн МакКул бейнесі

ирландиялықтардың рухани өмірінде маңызды орын алады. Ол ирланд мифологиясында тек алып, күшті ғана емес, сонымен қатар ақылды, қулықты пайдаланып жауын жеңетін батыр ретінде көрінеді. Бұл аңыз сондай-ақ табиғи орындарға аңыз арқылы мән-мағына берудің мысалы болып табылады.

Ұлыбританияның топонимдік аңыздары ғасырлар бойы халық санасында өмір сүріп, елдің мәдениеті мен рухани мұрасын байыта түсті. Король Артур мен оның Камелот патшалығы, Стоунхендждің тылсым құпиясы, Лох-Несс құбыжығы және Гленко қасіреті сияқты аңыздар ұлттың мәдениеті мен дүниетанымын бейнелеп, шынайы тарихи оқиғалар мен мифологиялық кейіпкерлердің арасындағы байланысты көрсетеді. Бұл аңыздар Шотландия, Англия, Уэльс және Солтүстік Ирландия халқының бірегей мәдениетін сақтап қалуға және келесі ұрпаққа жеткізуге септігін тигізді. Әрбір аңызда кездесетін географиялық атаулар халықтың жерге деген құрметі мен олардың рухани өмірінің мәнін көрсетіп, Ұлыбританияның ұлттық болмысына айналды.

Еуразия кеңістігіндегі өркениетті ел Германия да бай мифологияға, тарихи аңыздарға және ерекше топонимдік әңгімелерге толы ел. Ел аумағындағы таулар, ормандар, өзендер және көне қалаларға қатысты аңыздар халықтың өткенін, оның рухани әлемін және табиғатқа деген көзқарасын бейнелейді. Германияның топонимдік аңыздары көбінесе Рейн өзені мен оның маңындағы жерлерде, Шварцвальд орманында және Бавариядағы кейбір тау шыңдарында сақталған.

Лорелай аңызы — Германияның ең танымал аңыздарының бірі, ол табиғаттың құпия сұлулығы мен қауіпті күшін көрсетеді. Бұл аңыз Рейн өзені бойындағы Лорелай жартастарына қатысты және әсем табиғат көріністері мен адам тағдырының тоғысында жатқан қайғылы оқиғалар арқылы халық санасына орныққан. Лорелай аңызы ғасырлар бойы Германия халқының рухани мұрасының ажырамас бөлігі болып келді және Рейн өзені бойындағы ерекше орынға, символына айналды.

Аңыз бойынша, Лорелай — Рейн өзені бойындағы биік жартас үстінде тұрып, әсем ән айтатын сұлу қыз. Оның даусы соншалықты әдемі болған, оны естіген әрбір адам сол дауыстан керемет әсер алып, жартасқа жақындауға тырысқан. Бірақ бұл көріністің сыртында құпия қайғы бар еді. Аңызда Лорелайдың қайғылы махаббаттан жараланғаны, өзінің сүйіктісін күтіп шаршағаны туралы баяндалады. Сүйіктісінің хабарсыз кеткеніне өкініп, мұңын әнмен жеткізетін Лорелай өзен жағасында ән айтып отыратын. Әннің әдемілігі мен Лорелайдың сұлулығы теңізшілердің жүрегін жаулап, олардың назарын аударып, қайықтары өзеннің қатты ағысы мен жартасқа соққан кезде қайғылы оқиғаға ұшырап отырған.

Әрбір теңізші Лорелайдың керемет дауысына еліктеп, өзенге жақындаған сайын, өздеріне жасырын қауіптің келе жатқанын байқамай, қайғылы жағдайға тап болған. Рейн өзенінің бұл бөлігінде ағыс өте күшті және суы терең болатындықтан, теңізшілердің көбісі өз өмірін осы жерде қиған. Осылайша, Лорелай жартасы тек әдемі дауыспен ғана емес, сонымен қатар қайғылы махаббат оқиғасымен де байланысты болып, халық арасында тылсым құбылыстың біріне айналған. Аңыз сюжеті бойынша Лорелайдың мұңды әні өзен

үстіне таралып, жүректерге шабыт бергенмен, бұл әннің артында терең қайғы жатыр еді. Ол жартас үстінде жалғыз қалды, ал оның әні түннің қараңғылығында өзенде өлімге ұласатын оқиғаларға себепші болды [169].

Лорелай жартасы Рейн өзенінің бойында, Германияның оңтүстік-батысындағы Рейнланд-Пфальц өңірінде орналасқан. Бұл жартас шамамен 132 метр биіктікте және өзеннің қатты ағысына қарама-қарсы тұрған тік жарқабақ. Бұл жартас Рейн өзенінің ең тар және терең жерлерінің бірінде орналасқандықтан, оның айналасында ағыс қатты болып, өзен кемелері үшін қауіпті орын саналады. Жартас осы қасиеттерімен өзеннің табиғи ландшафтының бірегей бөлігіне айналып, аңыздың негізгі өзегі болған.

Лорелай жартасы – Рейн өзені бойындағы ең көрнекті жерлердің бірі және оның әсемдігі адамды өзіне тартып, көптеген суретшілер мен ақындарға шабыт береді. Бұл жартас тек табиғи сұлулықтың символы ғана емес, сонымен қатар қауіптілік пен тылсым құбылыстардың белгісі. Жартас пен өзен ағысының байланысы аңызды шынайы етіп көрсетіп, халық жадында ерекше мәнге ие етті.

Бұл аңызда негізгі екі топонимдік атау бар, олар – Лорелай жартасы және Рейн өзені. Бұл жартасқа қатысты аңыздар Германияда кең таралған, оны кейде «өлім жартасы» деп те атайды. Жартас үстінде отырған Лорелай таудың төбесінде отырып, өзенге қараған күйі ән айтқанын баяндайды. Лорелайдың қайғылы тағдыры мен оның даусы жартасқа тылсым қасиет беріп, оны ел арасында қасиетті орынға айналдырған.

«Лорелай жартасы көгілдір аспан астында биіктеп, Рейннің қатты ағысына қарсы тұрды. Жартастың үстіндегі сұлу қыздың әні жүректерді елжіретіп, өзенге қарай еліктіргенде, бұл әннің артында жасырын қайғы мен қасірет барын ешкім түсінбеді» [170], деп баяндайды аңыз сюжеті.

Рейн өзені – Германияның ең ірі және маңызды өзендерінің бірі, ол көптеген аңыздардың, оның ішінде Лорелай жартасына қатысты аңыздың арқауы болған. Рейн өзені Германияны басып өтіп, Солтүстік теңізге құяды. Өзеннің ағысы әсіресе Лорелай жартасы маңында өте қатты болғандықтан, ол тек табиғи сұлулықты ғана емес, сонымен қатар теңізшілер үшін қауіп төндіретін орын ретінде танымал. Осыған байланысты Рейн өзенінің бұл бөлігі теңізшілер арасында тылсым орын болып саналған, ал Лорелай жартасы Рейннің қауіпті тұсы ретінде қабылданған.

Лорелай аңызы Германияның мәдени өмірінде ерекше орын алып, халықтың табиғатқа, тылсым күштерге және махаббат пен қайғыға деген көзқарасын көрсетеді. Бұл жартас пен Рейн өзені туралы аңыз — Германияның тарихы мен ұлттық мәдениетінде де ерекше орынға ие.

Осыған ұқсас мазмұндағы топонимдік аңызды Түркиядағы Тигр өзеніне қатысты шығармашылықтан көре аламыз. Аңыз бойынша, ежелгі дәуірде бұл өзен бойында бір жас жігіт пен қыздың махаббаты тосқауылға ұшырап, олар қосыла алмай, өзен жағасында көз жұмады. Сол күннен бастап өзеннің бір бөлігін халық «Ғашықтар иірімі» деп атап кеткен. Тағы бір нұсқада, Тигр өзені – періштелердің жылаған көз жасы мен қайғылы махаббатың белгісі ретінде сипатталады. Түрік фольклорында бұл өзен рухани тазару мен жан күйзелісінен

арылу орны ретінде де көрініс табады. Осы аңыздар арқылы Тигр өзені халық жадында қасиетті мекен ретінде сақталған. Бұл мысалды келтіргенде біз белгілі бір мотивтің қай халықтың болмасын фольклорында көрініс беретіндігін айтпақ болдық.

Германиядағы аңыздардың бір парасы тәуелсіздік үшін күрескен, ел қорғаған батырларға арналады. «Герман батырдың ерлігі» аңызы — Германия тарихындағы маңызды аңыздардың бірі. Тевтобург орманының атауы бұл оқиғамен тығыз байланысты және неміс халқының ұлт ретінде қалыптасуы мен тәуелсіздік үшін күресін бейнелейді. Б.з. IX ғасырында бұл орманда римдік легиондар мен герман тайпалары арасында қанды шайқас орын алып, Герман батырдың ерлігі арқасында неміс тайпалары римдік жаулаушылардан жеңіске жетеді. Бұл шайқас неміс халқының тәуелсіздікке ұмтылысын, ерлігі мен патриотизмін бейнелейтін туындылардың қатарынан орын алып, Тевтобург орманын Германияның киелі орындарының біріне айналдырды.

Герман батырдың Тевтобург орманындағы жеңісі — тарихи деректерге негізделген оқиға. Шайқас б.з. 9 жылы орын алған және оны «Тевтобург қырғыны» деп те атайды. Рим империясы Галлия мен Германияны жаулап алып, жергілікті тайпаларды өз билігіне бағындырғысы келеді. Бірақ Германияда бұл билікке қарсыласатын ержүрек тайпалар көп болатын. Олардың бірі — Херуск тайпасының жетекшісі Арминий (немістер оны Герман батыр деп атаған). Арминий римдік жаулап алушылардың жағына өтіп, римдіктерден әскери білім алғанмен, кейін өзінің тайпасына қайта оралып, Рим империясына қарсы соғыс ашуды ұйғарады.

Тевтобург шайқасы римдік легиондарға қарсы тұратын Герман батыр бастаған неміс тайпаларының ұйымдасқан қарсылығынан басталады. Арминий өзінің туған жерінің тәуелсіздігін қайтару үшін римдік легиондарды алдап, орманға тереңдете тартады. Римдіктерге бұл орманның жолдары, ландшафты таныс болмағандықтан, олар орман ішінде бағдарын жоғалтады. Неміс жауынгерлері орманның әрбір бұрышында жасырынып тұрып, римдік әскерлерге бірінен соң бірі шабуыл жасап, оларды жан-жақтан қыспаққа алады. Соның нәтижесінде үш легион, яғни 20 мыңға жуық рим сарбазы, Тевтобург орманында толықтай жойылған.

Герман батырдың жеңісі Германияның тәуелсіздігін сақтап қалуға және халықтың римдіктерге қарсы күресін нығайтуға үлкен әсер етті. Тевтобург шайқасы германдықтарды біртұтас ұлт ретінде сезінуге, өз жерін, елін, мәдениетін қорғауға ынталандырды. Аңыздан үзінді:

«Герман батыр Тевтобург орманының әрбір ағашын, жолын жақсы білді. Оның жауынгерлері римдіктердің орман ішінде әрең қозғалып жатқанын көріп, оларды қапыда қалдырды. Шайқас барысында римдік легиондар түгелімен жеңілді» [171].

Тевтобург орманы қазіргі уақытта Германияның солтүстік-батысындағы Солтүстік Рейн-Вестфалия жерінде орналасқан. Бұл орман Германияның басты тарихи-мәдени орындарының бірі және ұлттық мақтанышы саналады. Тевтобург орманының тығыз ағаштары, биік жартастары мен бұралаң соқпақтары римдік

әскерлер үшін аса қауіпті кедергілер тудырды. Орманның жер бедері, жасырын жолдары мен шоқыларында қорғанған неміс жауынгерлері үшін үлкен артықшылық берді. Шайқас барысында жауынгерлер римдіктерді орманның терең жерлеріне дейін алдап алып келіп, сол жерде біртіндеп құрта бастады.

Аңызда кездесетін негізгі топонимдер – Тевтобург орманының өзі, Солтүстік Рейн-Вестфалия жері және Арминий ескерткіші орналасқан Детмольд қаласы. Бұл атаулар неміс халқының ерлігін, жауынгерлік рухын және өз жерін қорғауға деген ынтасын бейнелейді.

Тевтобург орманы аңыздың тарихи оқиға өткен орталығы болып табылады. Бұл орман сол заманда римдіктерге таныс емес аймақ болып, олардың толықтай бағдарынан адасуына әкелген. Тевтобург орманының тығыз және қиын жолдары римдіктерді орманның ішінде шатастырып, олардың толық жеңілуіне себепші болды. Тевтобург орманы – неміс халқы үшін жеңістің, тәуелсіздіктің және ұлттың батылдығының белгісі. Бұл ормандағы шайқас Германияның римдік жаулап алушылардан азаттық алуының негізі болды.

Солтүстік Рейн-Вестфалия – Тевтобург орманы орналасқан Германияның федералды жері. Бұл өңір Германияның тарихи, мәдени және саяси орталығы болып саналады. Тевтобург шайқасы неміс халқының жаулап алушыларға қарсы соғысқан ерлігін, туған жеріне деген патриоттық сезімін, сүйіспеншілігін паш етеді. Солтүстік Рейн-Вестфалиядағы бұл тарихи орын неміс ұлтының ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатырған сакральдылығын бейнелейді.

Детмольд қаласы Тевтобург орманының маңында орналасқан және онда Арминий ескерткіші тұрғызылған. Бұл ескерткіш Арминийдің Рим империясына қарсы күресте көрсеткен батылдығы мен тәуелсіздік үшін жасаған күресін еске алу үшін орнатылған. Ескерткіштің биіктігі 53 метр және ол Германияның ұлттық мақтанышы ретінде көрінеді. Арминий ескерткіші халықтың ерлік рухын бейнелеп, Тевтобург шайқасының тарихи маңызын көрсетеді. Арминийдің ерлігі, оның Рим империясын жеңуі және тәуелсіздік үшін күресі неміс халқының санасында мәңгі сақталған. Сол себепті аңызда Арминий ескерткіші туралы: «Детмольдтың ортасында орналасқан Арминий ескерткіші көк аспанға биіктеп, неміс халқының ерлігін мәңгі есте сақтайды. Ол Рим империясына қарсы күрестің жеңісін еске түсіріп, халықтың мақтанышы болды» деп айтылады [172].

Тевтобург орманы мен Герман батырдың ерлігі — Германияның ұлттық болмысының ажырамас бөлігі. Бұл аңыз неміс халқының тәуелсіздікке деген ұмтылысын, ерлігін және батырлық рухын дәріптейді. Тевтобург орманындағы шайқас неміс халқының римдік отаршылдарға қарсы тұрған еркіндік рухын оятқан оқиға болды. Осы аңыздың арқасында Германия халқының тарихи естелігі сақталып, бұл оқиға ұлттың бірлігін нығайтты. Тевтобург орманы мен Арминий ескерткіші ұлттық мақтаныш пен мәдени жадыны сақтайтын киелі орынға айналды.

Ал, енді алыптар жөніндегі аңыз Германия жерін де айналып өтпеген. Соның бірі – «Бавария алыптары» аңызы. Аңыз бойынша, алыптар адамдарға қолдау көрсету үшін арнайы діни рәсімдер ұйымдастырып, табиғатпен үйлесімді

өмір сүрудің жолын үйреткен. Таудың ең биік шыңында арнайы құрбандық шалу орындары болып, оларда жыл сайын табиғат құбылыстарына және аспанға табыну рәсімдері өткізілген. Халық бұл рәсімдер арқылы табиғат құдіретіне ризашылық білдіріп, тау рухтарын тыныштандыруға тырысқан. Алыптар осындай рәсімдер кезінде адамдарға күш беріп, оларды қорғап отырған делінеді. Цугшпитце шыңының төңірегіндегі түрлі орындарда халық ежелден табиғатқа табыну және аспан денелеріне құрмет көрсету ғұрпын сақтап келген. Цугшпитце шыңы – Германияның ең биік шыңы және ерекше тылсым аңыздармен танымал орын. Баварияның Альпі тауларында, Австриямен шекаралас жерде орналасқан бұл шың теңіз деңгейінен 2,962 метр биіктікте, сондықтан ол тек Германияның ең биік нүктесі ғана емес, сонымен қатар елдің табиғи және мәдени мұрасының маңызды бөлігі болып табылады. Цугшпитце туралы халық арасында аңыздар көп сақталған, олардың ішінде алыптар, табиғат құбылыстары және діни рәсімдерге қатысты оқиғалар айтылады. Бұл аңыздар жергілікті халықтың табиғатқа деген құрметін, таудың қасиетті мекен ретіндегі беделін күшейте түседі.

Аңыздан үзінді: «Алыптар Цугшпитце шыңында адамдармен бірге тіршілік етіп, табиғаттың қатал күшімен күресуде адамдарға қамқорлық көрсеткен. Олардың тіршілігі арқылы тау киелі мекенге айналып, Бавария халқы бұл шынды табиғаттың қасиетті күші ретінде көрді» [173].

Цугшпитце аңызында негізгі үш топонимдік атау кездеседі: Цугшпитце шыңы, Гармиш-Партенкирхен қаласы және Карвендель таулары. Бұл атаулар аңыздың мәнін, оның тарихи және мәдени орнын көрсетеді. Әрбір атау Бавария халқы үшін қасиетті орынға айналып, аңыздардың мағынасын тереңдете түседі.

Цугшпитце шыңы — ол Германиядағы ең биік шың болғандықтан, халық арасында ерекше құрметке ие. Аңыздарда бұл шыңда алыптар өмір сүрген делінеді, сондықтан ол халық арасында тылсым құбылыстардың ордасы ретінде танымал. Бұл шыңды халық тек табиғаттың таңғажайып көрінісі ғана емес, сонымен қатар рухани мағынасы бар қасиетті орын ретінде қабылдаған. Таудың биіктігі, оның құзар шыңдары және қарлы беткейлері оны ерекше құпиялы етіп көрсетеді, сондықтан халық арасында бұл жерге қатысты аңыздар көптеп таралған.

Гармиш-Партенкирхен — Цугшпитце шыңының маңындағы ең ірі қала және бұл аймақ Баварияның ең танымал туристік орындарының бірі болып саналады. Бұл қала аңыздармен тығыз байланысты, өйткені Гармиш-Партенкирхен тұрғындары Цугшпитце шыңы мен оның алыптарына қатысты көптеген әңгімелерді сақтап келген. Қала тұрғындары бұл жерлерге құрмет көрсетіп, Цугшпитце шыңын қасиетті орын деп санайды. Гармиш-Партенкирхен — тау шаңғысы спортының орталығы болғандықтан, бұл қаланы жыл сайын мыңдаған туристер келіп көреді.

«Гармиш-Партенкирхеннің тұрғындары Цугшпитце шыңын тылсым қасиеті бар орын деп санап, оны тек табиғи ескерткіш ретінде емес, рухани мекен ретінде қабылдайды» [174].

Карвендель таулары Баварияның Альпі тау жүйесіне кіреді және Цугшпитце шыңына жақын орналасқан. Аңыздарда алыптардың тіршілік еткен орындарының бірі ретінде осы Карвендель таулары жиі айтылады. Халық арасында Карвендель таулары ерекше табиғи күшке ие деп саналады, өйткені олардың биік шыңдары мен жұмбақ үңгірлері аңыздар мен діни нанымдардың қайнар көзі болып саналады. Карвендель тауларының үңгірлері мен жартастары неміс аңыздарында қасиетті орындар ретінде бейнеленіп, осы жерде аспан денелеріне табыну рәсімдері өткізілген делінеді.

Цугшпитце шыңы Баварияның оңтүстік-шығысындағы Гармиш-Партенкирхен қаласының маңында дедік. Бұл тау Германия мен Австрияның шекарасында орналасқандықтан, оны екі елдің де көрнекті орны деп санауға болады. Шыңға көтерілу үшін арнайы жолдар мен аспалы жолдар салынып, туристерге де қолжетімді орынға айналған. Таудың төңірегінде мұздықтар, биік жартастар және қалың қар басқан алқаптар орналасқан. Мұндай табиғи ерекшеліктер бұл тауды аңыз сюжетінде айналдыру үшін тамаша орын етеді. Әсіресе, таудың қыстағы көрінісі және айналадағы қарлы шыңдар оның тылсым көрінісін күшейтіп, аңыздардағы алыптардың мекені ретінде әсер қалдырады.

Бүгінгі күні Цугшпитце альпинизм мен тау шаңғысы спортының орталығы, сонымен қатар, Германиядағы ең биік метеостанция орналасқан орын ретінде де танымал. Мұздықтары мен биік жартастары арқылы бұл тау табиғаттың құдіретін көрсетіп, адамдарға сол құдіретке бас июдің мәнін еске салады. Бұл шыңның басында көптеген адамдар өздерін табиғаттың бөлігі ретінде сезініп, табиғатпен ерекше рухани байланыс орнатуға ұмтылады.

Цугшпитце шыңы және оның айналасындағы аңыздар Германияның ұлттық мәдениетінде ерекше орын алады. Бұл аңыздар халықтың табиғатқа табынуын, киелі орындарға құрметін және ертедегі алыптар мен тылсым күштерге деген сенімін көрсетеді. Цугшпитце шыңы бүгінгі күнде де неміс халқы үшін қасиетті орын болып саналып, табиғаттың құдіретін бейнелейтін рухани мекен ретінде бағаланады.

Германия ежелден бері орманды жер. Ал, орманды алқап, ағаш арасы өзіндік тылсымы бар орын. Сондай орынның бірі – Шварцвальд орманы аңызы Германияның оңтүстік-батысында орналасқан Шварцвальд (қара орман) орманы — елдегі ең ежелгі және жұмбаққа толы жерлердің бірі. Оны халық арасында ерекше табиғат құбылыстары мен жұмбақ оқиғалар мекені деп санайды. Аңыздарға сәйкес, орман ішінде перілер, жындар, рухтар және басқа да тылсым күштер тіршілік етеді, олар орманға келген адамдармен байланысқа түсе алады. Шварцвальд орманының ерекше қорқынышты, әрі тартымды атмосферасы, тығыз ағаштарының арасының қараңғылығы, көзге көрінбейтін құбылыстар мен сырлы оқиғалар оны орман рухтары мен ертегілердің мекені ретінде танымал етті. Осынау орман ғасырлар бойы халықты қорқытып әрі қызықтырып келді, оның қойнауларында жасырынған рухтар туралы әңгімелер әрқашан құпия болып қалған.

Шварцвальд орманы туралы ең танымал аңыздардың бірі орманның рухтармен, перілермен және басқа да тылсым тіршілік иелерімен мекендегені

туралы айтады. Аңыздарға сәйкес, бұл тіршілік иелері орманның әрбір бұрышы мен ағаштарының арасында өмір сүреді. Олар табиғаттың шексіз күштерін басқарып, орманды қорғап тұрады. Халық сенімі бойынша, орман ішінде олардың ашу-ызасын туғызбау керек, өйткені рухтар адамдарға зиян тигізуі мүмкін. Көптеген аңыздарда рухтардың кейде адамдарды жолдан адастырып, оларды орманның ең терең тұңғиығына жетелейтіні айтылады. Тіпті орман ішінде күннің жарығы әрең түсетін жерлер бар екендігіне сенген халық бұл орманның өте қауіпті, әрі қасиетті екенін түсінген.

Сонымен қатар, Шварцвальд орманы ортағасырлық ертегілерге де шабыт берген. «Қызыл телпек», «Гензель мен Гретель» және басқа да неміс ертегілерінің кейбір бөліктері осы орманды мекендеген тылсым тіршілік иелеріне, әсіресе жындар мен орман перілеріне қатысты жазылған. Бұл орманның әрбір ағашы, өзені және соқпағы аңыздың бір бөлігі ретінде қабылданады. Аңыздарға сәйкес, орманда әсіресе түнде сақ болу қажет, себебі рухтар түнгі уақытта күшейіп, орманды кезіп жүреді.

«Шварцвальдтың түнгі қараңғылығында орман рухтары тіріліп, олардың тылсым күші табиғаттың әрбір бұрышына таралады. Олардың арасында адасқан адам ешқашан орманнан шыға алмауы мүмкін деген сөз бар» [175].

Шварцвальд орманы Германияның Баден-Вюртемберг жерінде, Рейн өзенінің шығыс жағалауына қарай созылған. Бұл орман өзінің қалың ағаштары, қараңғылығы және кейде тұманды көрінісімен ерекшеленеді, осы қасиеттері оның аңыздар мен ертегілер мекені ретіндегі беделін күшейтеді. Шварцвальд — алып шырша мен қарағай ағаштарымен тығыз өскен орман, оның ағаштары соншалықты биік және тығыз орналасқандықтан, орманның ішіне күн сәулесі әрең түседі. Орманның бұл ерекшелігі тылсым сезімді күшейтіп, оның рухани және мистикалық сипатқа ие болуына әсер етті.

Шварцвальд орманының аумағында көптеген кішігірім ауылдар мен қалалар орналасқан, олардың көбісі орманмен байланысты аңыздар мен әңгімелерді сақтап келген. Кеңінен тараған аңыздарға сәйкес, орманда ерекше тастар, жартас сынықтары және ежелгі белгілер бар. Бұл тастардың кейбірінде ежелгі жазулар немесе орман рухтарына арналып салынған белгілер бар деседі. Халық бұл тастарды қасиетті деп санайды және оларға тиіспеу керек деген сенімде.

Шварцвальд орманы туралы аңыздарда кездесетін негізгі географиялық атаулар мен орындар: Шварцвальд орманының өзі, Титизее көлі және Баден-Вюртемберг жері. Бұл атаулар аңыздардың оқиғалары мен орманның табиғи күшке ие киелі мекен ретіндегі мәнін ашады.

Шварцвальд орманының атауы неміс тілінде «Қара орман» деген мағынаны білдіреді. Бұл атау орманның тығыз және қалың ағаштарының қараңғылығы мен қорқынышты атмосферасын бейнелейді. Орманның әрбір ағашы, жапырағы және соқпағы осы аңыздарда бейнеленген рухтармен, жындармен және перілермен тығыз байланысты. Сондықтан орман — халық аңыздарында қасиетті, әрі қауіпті мекен ретінде суреттеледі, оның ішінде адамзат түсінігінен тыс күштер мен тіршілік иелері өмір сүретіні айтылады. Бұл орманды кейде

«рухтар әлемі» деп те атайды, өйткені ол тылсым күштердің мекені ретінде саналады.

Титизее көлі — Шварцвальд орманында орналасқан және ол да көптеген аңыздардың орталығы болып табылады. Халық танымында Титизее көлі орман рухтарының жиналатын орны деп саналады. Бұл көлге қатысты аңыздарда кейде рухтар түнде көлдің үстінде көрініп, ерекше жарықтармен қоршаған табиғатқа белгі беретіндігі айтылады. Титизее көлі Шварцвальд орманындағы табиғаттың ерекше бөлшегі ретінде ғана емес, сонымен қатар тылсым күштерге толы қасиетті орын ретінде қабылданады. Халық бұл көлге ізетпен қарап, оның жанында дұға ету немесе орман рухтарына құрмет көрсету рәсімдерін өткізетін болған. Аңыздан үзінді: «Титизее көлінің түнгі суы ай сәулесінде жарқырап, рухтар оның жағасында жүретіндей әсер береді. Бұл тылсым көрініс көзімен көргендерге терең әсер қалдырады» [176].

Баден-Вюртемберг — Шварцвальд орманы орналасқан Германияның федералды аймағы. Бұл өңірдегі көптеген ауылдар мен қалалар Шварцвальд орманы туралы аңыздарды сақтап келген. Әсіресе ортағасырлық кезеңде бұл аңыздар өңір тұрғындарының өмірінің маңызды бөлігіне айналған. Баден-Вюртемберг халқы орман рухтарына және табиғаттың қасиетті күштеріне табыну рәсімдерін жасаған. Аймақтың табиғи байлығы, орман мен көлдердің молдығы жергілікті халықтың көңілінен шығып, орманға ерекше мән берген.

Шварцвальд орманы және оның тылсым рухтары туралы аңыздар Германия халқының табиғатқа деген аялы көзқарасын, сонымен бірге қорқынышын және оған деген сүйіспеншілігін бейнелейді. Орманның қалың, қараңғы және кейде қорқынышты табиғаты халықты ерекше әсерге бөлеп, оның рухтармен байланысы бар деген сенімін күшейткен. Бұл орман арқылы немістердің табиғаттың жұмбақтарына деген қызығушылығы көрінеді. Бұл аңыздар орманның адамдар өміріндегі рухани орнын көрсетеді, ал ормандағы тылсым тіршілік иелері мен рухтар халық санасында ерекше орын алған. Шварцвальд орманының аңыздары неміс халқының рухани мұрасының бір бөлігіне айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп келеді [177].

Германияның топонимдік аңыздары елдің тарихы мен мәдениетінің айнасы іспеттес. Лорелай жартастары, Тевтобург орманы, Цугшпитце шыңы және Шварцвальд орманы сияқты жерлерге қатысты аңыздар халықтың рухани мұрасын, табиғатқа деген тума көзқарасын, тәуелсіздікке және ерлікке деген ұмтылысын көрсетеді. Бұл аңыздар Германияның жерінде өткен тарихи оқиғалар мен мифтік сюжеттерді суреттеу арқылы, неміс мәдениетінде ерекше орын алған. Әрбір аңыздағы географиялық атаулар мен орындар халықтың ұлттық рухын қалыптастырып, ұлттың бірлігі мен ынтымағына тәуелсіздікке деген ұмтылысын нығайтты. Германияның топонимдік аңыздары мәдени сананың дамуына, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтауға ықпал ететін қымбат мұраға айналды.

Еуразия кеңістігінде орналасқан өзіндік даму жолы бар елдің бірі — Армения, бай тарихи-мәдени мұрасы мен аңыздары арқылы ерекшеленетін ежелгі елдердің бірі. Армян топонимдік аңыздары елдің табиғат құбылыстары мен киелі

орындарына, батырлар мен қасиетті тұлғаларға қатысты әңгімелерге толы. Бұл аңыздар халықтың табиғатпен тығыз байланысын, ұлттық рухын және мәдени санасын көрсетеді. Армениядағы топонимдік аңыздар халықтың ұлт ретіндегі ерекшеліктерін, ерлік пен адамгершілік қасиеттерін бейнелеп, армян мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған. Осындай орны бөлек аңыз Нұх кемесіне байланысты болып келеді.

Нұх кемесі аңызы – армян халқының ұлттық тарихындағы ең маңызды әрі қасиетті аңыздардың бірі. Армения үшін Арарат тауы тек табиғи нысанның бір бөлігі ғана емес, ол армян мәдениеті мен руханиятының басты белгісі. Бұл аңыз Нұх пайғамбардың Топан судан кейінгі тағдырымен тығыз байланысты. Халық аңызы бойынша, Нұх пайғамбардың кемесі Топан судан кейін дәл осы Арарат тауына тоқтаған, бұл тау әлемнің қайта жандану нүктесі, жаңа өмірдің бастауы саналады.

Арарат тауы туралы аңыз Библияның Нұх пайғамбар туралы оқиғасымен ұштасып жатыр. Библия мен Құранда айтылғандай, Топан су бүкіл әлемді басқан кезде, адамзат баласы үлкен қауіпке ұшырайды. Осы жағдайда Құдай Нұх пайғамбарға кемеге отбасын және әрбір жануардың бір жұбын алып, Топан суынан аман қалуды бұйырады. Топан су бірнеше аптаға созылып, бүкіл жер бетін су алып жатқанда, Нұх пайғамбардың кемесі ғана аман қалады. Ақыры, Топан су қайтып, су деңгейі төмендегеннен кейін, Нұх кемесі Арарат тауына тоқтайды.

Аңыз бойынша Топан су басылған кезде, Нұх пен оның отбасы жаңа өмірдің бастауы ретінде Арарат тауынан түсіп, айналасына алғашқы қадамдарын жасайды. Армяндар үшін бұл аңыз Арарат тауының тек қана географиялық орын емес, сонымен бірге қасиеттілік пен жаңаша жаңғырудың символы екенін көрсетеді. Бұл жер әлемнің қайта жандану, жаңа үміт пен сенімнің белгісіне айналған. Армян халқында Арараттың шыңы әрдайым қасиетті орын саналып, Нұх пайғамбар мен оның ұрпақтарының мекені ретінде құрметтеледі.

«Нұх пайғамбардың кемесі Топан су қайтқан соң Арарат тауына тоқтап, одан кейін адамзат жер бетінде жаңа өмірін бастаған. Армян халқы үшін бұл тау адамзаттың үміті мен жаңғыруының символы ретінде бағаланды» [178]. Еуразия кеңістігі халықтарының аңыздарында Нұх пайғамбардың кемесі туралы бірнеше нұсқалар бар. Әр халық өзінің ежелгі халық екенін, әлемдік тарихқа қатысын көрсеткісі келіп топан су кезінде Нұхтың кемесін өз жерлеріне тоқтатқысы келетіндей әсер береді. Дегенмен, халықтың шығармашылығына ешкім тосқауыл бола алмайды. Сол себепті Нұхтың кемесі келіп қайырлаған жер бірде Арарат, бірде Синай, бірде Қазығұрт тауы деп атала береді. Ал, Өзбек халқы оны Нұрата тауына барып тоқтады дейді. Бұл жөнінде А.Ш.Пангереев былай деп жазады: «Әйгілі топан су туралы мұсылман халықтары арасындағы әпсаналарға назар аударсақ, бұлардың кез келгені Нұх пайғамбардың іс-әрекеті арқылы өрбіп отырады. Топан су азайғанда «Нұхтың кемесі төбеме қайырайды» деп таласқан биік таулардың жарысы турасында айтылған аңызда пайғамбардың кемесі Өзбекстан жеріндегі Нұрата тауына аялдайды. Ол жөнінде аңызда: «Нұх аласа тауға тоқтау жөнінде бұйрық алады». «Аласа тау дегені осы болуы мүмкін» деп,

Нұх пайғамбар арабтардың Жудасына келсе, періштелер «бұл емес» дейді. Армяндардың Араратына келсе тағы да «бұл емес» дейді. Қазақтардың Қазығұртына келеді. «Бұл да емес» деген соң, қазіргі Бұқар облысы, Тамды ауданы маңайындағы Нұрата тауына қарай жылжиды. Нұх пайғамбардың кемесін қабыл алған киелі тау осы екен. Аласа таулар Нұхтың кемесі тоқтайды деп үміттенгендіктен балбырап, балқып кеткен. Сондықтан жоғарыда аталған таулардың бәрінде де кемеге ұқсас белгі қалған» – делінеді. Қарап отырсақ дүниежүзі халықтарының бәрі Нұхтың кемесін өз жерлеріне «қондырып», утопиялық эпсанаға өзек еткен. Ал, топан су туралы қазақ арасында жайылған эпсаналарда бүкіл тіршілік бастау алған киелі Қазығұрт тауы – Нұх пайғамбардың кемесінің қайырлаған тұсы туралы да бірқатар зерттеулер бар» [28, б. 231].

Таудың биіктігі шамамен 5,165 метрді құрайды, ол сол аймақтағы ең биік тау болғандықтан, оның басы әрдайым қармен жабылып тұрады. Арарат шыңы өзінің биіктігімен ғана емес, сондай-ақ қос шыңы – Үлкен Арарат және Кіші Арарат шыңдарымен ерекшеленеді. Үлкен Арарат шамамен 5,165 метрге жетіп, таудың ең биік нүктесі болып саналады, ал, Кіші Арарат шамамен 3,896 метр биіктікте орналасқан. Бұл екі шың бір-біріне жақын орналасқан, олардың арасындағы байланыс халық аңыздарына арқау болған. Армяндар Үлкен және Кіші Араратты туған жерінің екі бөлшегі ретінде көріп, оларды бір-біріне тәуелді қасиетті шыңдар деп санайды. Бұл екі шың армян халқының тарихи санасы мен мәдениетінде мәңгі сақталған, олар аңыздар мен ұлттық өнерде жиі көрініс табады.

Арарат тауы армян халқының болмысының бір бөлігі болғандықтан, оның бейнесі көптеген армян халықтық шығармаларында, поэзиясында және өнерінде орын алған. Армяндар Араратты ұлттық құндылығы ретінде көріп, оны елінің бірегейлігі мен рухани мұрасының белгісі ретінде қабылдайды. Көптеген армяндар Араратты туған жерінің бір бөлігі деп санағанымен, таудың қазіргі орналасқан жері басқа елдің шекарасында болғандықтан, ол армян халқы үшін алыстағы қолжетпес мұра сияқты көрінеді.

Нұх кемесі туралы аңызда бірнеше маңызды географиялық атаулар кездеседі. Негізгі топонимдік атауларға Арарат тауы, Үлкен Арарат және Кіші Арарат шыңдары жатады. Бұл атаулар аңыздың оқиғасын және армян халқының рухани-мәдени көзқарасын заттық әлем формасында бейнелейді.

Арарат тауы – аңыздың негізгі оқиғасы өтетін алаң. Бұл тау Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған қасиетті орын, адамзаттың қайта өркендеуі басталған жер ретінде көрсетіледі. Таудың ерекше биіктігі, оның басындағы қарлы шыңдар және оның айналасындағы табиғи сұлулық бұл орынды рухани киелі мекенге айналдырған.

Арарат тауы армян халқы үшін, бүкіл ұлттың рухани бірлігінен тұратын символ. Бұл аңыз арқылы армяндар өздерінің тамырларын, мәдени және рухани мұраларын қайта еске алып, ұлттың бірегейлігін көрсетуге тырысады. Арарат тауы туралы аңыз әрбір армянның жүрегінде сақталып, олардың ұлттық болмысының негізіне айналған. Бұл тау армяндар үшін үміт пен жаңғырудың

нышаны, сондықтан ол армян мәдениетінде маңызды орын алып, өнерде, поэзияда кеңінен орын алған.

Арменияның ежелгі тарихы мен мәдениетін бейнелейтін тағы бір ерекше орын – Гарни ғибадатханасы. Армения астанасы Ереваннан шығысқа қарай 28 шақырым қашықтықта орналасқан бұл ғибадатхана римдік стильде салынған және өз дәуірінің архитектуралық жетістігінің үлгісі болып саналады. Ғибадатхана б.з.д. I ғасырда күн құдайы Митраға арналып тұрғызылған деген аңыз бар. Митра – ғарыш, жарық және табиғат құдіретін бейнелейтін құдай, ол халық арасында ерекше құрметке ие болған. Гарни ғибадатханасы тек діни ғибадатхана ғана емес, сонымен бірге армяндардың табиғатқа, аспанға, ғарышқа және күнге деген терең құрметін көрсететін орын болып саналады.

Аңызға сәйкес, Гарни ғибадатханасы римдік патша Неронның қолдауымен Армения патшасы Трдат I тарапынан салынған. Ғибадатхана күн құдайы Митраға арналып тұрғызылған. Митра – шығыс мәдениетінде танымал әрі кеңінен табынатын құдай, ол күннің және ғарыштың құдіретті күші ретінде саналған. Армян халқы күнге және оның аспан құдіретіне табынғандықтан, олар бұл ғибадатхананы ғарыштық байланыс орны ретінде қабылдаған. Митра құдайына арналған рәсімдер мен құрбандықтар осы ғибадатханада өткізілген, ол аспан денелері мен табиғаттың күштерін басқарушы саналған.

Ғибадатханада жыл сайын күн мен айдың қозғалысына сәйкес рәсімдер өткізіліп, әрбір рәсімде Митра құдайының құдіреті мен күшіне табынған. Армяндар бұл ғибадатхананы ғарышпен байланыс ордасы, табиғаттың және аспан денелерінің құдіретіне бас ию орны ретінде көрген. Құрбандық рәсімдері кезінде күннің шығысы мен батысы ерекше маңызға ие болған, өйткені күн Митра құдайының басты нышаны ретінде саналған. Халық пайымы бойынша, күннің сәулесі мен ғибадатхана арасындағы байланыс арқылы Митра құдайының рақымы мен батасы халыққа жетеді деген сенім болған.

Аңыздан үзінді келтіретін болсақ: «Күн құдайы Митраға табыну үшін халық Гарни ғибадатханасына жиналып, табиғаттың құдіретіне бас иіп, аспан әлемімен рухани байланыс орнатқан» [179].

Гарни ғибадатханасы Котайк облысындағы Гарни ауылының маңында, Азат өзенінің шатқалында орналасқан. Ол орнатылған биік жартастардың үстінен айналаға кең көрініс ашылады, бұл ғибадатхананы табиғат пен ғарыштың қақ ортасына орналастырғандай әсер қалдырады. Азат өзені ғибадатхананың маңынан ағып өтіп, оның табиғи көрінісін толықтыра түседі. Таулар мен жасыл алқаптармен қоршалған бұл ғибадатхана табиғаттың ғажайып бір бөлігі ретінде көрініс береді, және бұл оның қасиетті орын ретінде танымал болуына әсер еткен.

Гарни ғибадатханасы туралы аңызда кездесетін негізгі топонимдер: Гарни ғибадатханасының өзі, Азат өзені және Котайк облысы. Бұл атаулар ғибадатхананың ұлттық руханият үшін маңыздылығын көрсетеді.

Гарни ғибадатханасы – армян мәдениеті мен тарихында ерекше орын алған Митра құдайына арнап салынғандықтан, армяндар оны күн құдайына және аспанның құдіретіне бас ию орны ретінде санайды. Гарни ғибадатханасының

классикалық римдік стильде салынған колонналары мен симметриялық архитектурасы оның ғарышпен байланысын білдіреді.

Гарни ғибадатханасы орналасқан Арменияның тарихи аймағы Котайк облысы аумағында. Бұл өңір ежелден армян мәдениетінің орталығы болған. Котайк облысының айналасы жасыл алқаптар мен биік таулармен қоршалған, бұл оны табиғат пен аспанның құдіретін бейнелейтін жер ретінде көрсетеді. Котайк облысы – көптеген тарихи орындар мен көне ғибадатханалардың мекені, оның ішінде Гарни ғибадатханасы ерекше маңызға ие.

Бұл ғибадатхана армяндардың көне дәуірде аспан мен табиғатқа табыну дәстүрін сақтап келгенін және сол сенімнің халық арасында маңызды орын алғанын айғақтайды. Ғибадатхана халықтың аспан мен күн құдайына құрмет көрсетуі арқылы олардың табиғатпен үйлесімді өмір сүру идеясын көрсетеді.

Арменияның мәдени және рухани өмірінде ерекше орын алатын қасиетті мекеннің бірі – Гегард монастыры және қасиетті найза. Гегард монастыры, армян тілінде «Айриванк» деп те аталады, яғни «жартас монастыры» деген мағынаға ие. Ол Армения астанасы Ереваннан шығысқа қарай шамамен 40 шақырым қашықтықта, Котайк облысындағы Азат өзенінің шатқалында орналасқан. Гегард монастыры ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген және Арменияның діни тарихындағы ең қасиетті жерлердің бірі болып саналады. Аңыз бойынша, Иисус Христостың бүйіріне түйрелген қасиетті найза осы монастырьда сақталған, сол себепті Гегард «қасиетті найза» деген атаумен танылған.

Аңыз бойынша, Иисус Христостың крестке шегеленген кезде, оның өлімін тездету үшін римдік жауынгер оның бүйіріне найза сұққан. Бұл қасиетті найза қасиетті жәдігерге айналып, христиан әлемінде ерекше рухани мәнге ие болған. Кейінірек, қасиетті найза Арменияға әкелініп, Гегард монастырында сақталған деседі. Армян шіркеуінде бұл найза «Гегард» деп аталып, монастырьға өз атауын берген. Гегард монастырын армян халқы қасиетті жәдігерлер мен діни рәсімдердің орталығы ретінде санайды, және оған табыну мақсатында келгендердің саны күн санап артып келеді.

Қасиетті найза арқылы монастырдің мәні ерекше дәріптеледі, өйткені ол діни маңызы зор нышан ретінде көптеген армяндар үшін қасиетті. Армян халқы Гегардты христиандықтың белгісі деп біліп, оны рухани тазару, кешірім мен тыныштық ордасы ретінде санайды. Әрбір келуші монастырьдің киелі қабырғаларының ішінде тыныштық тауып, қасиетті найзаның құдіретіне бас иіп, діни құрбандықтар мен дұғалар жасауға мүмкіндік алады.

«Қасиетті найза Гегард монастырының жүрегінде сақталып, Арменияның қасиетті орындарының біріне айналды. Бұл жерге келген әрбір адам христиандықтың мәнін және Иисус Христостың құрбандығын түсініп, рухани тыныштық табады» [180].

Гегард монастырының сыртқы көрінісі қарапайым болып көрінгенімен, оның ішкі бөліктері ерекше архитектуралық үлгіге және діни маңызға ие. Әрбір үңгір, жартас қабырғалары және тастарға ойылып жасалған мүсіндер монастырьдың христиандық дәстүрлерге сай тұрғызылғанын көрсетеді.

Шатқалдың тасты жерінде орналасқан бұл ғибадатханаға жыл сайын дін өкілдері мен туристер келеді, олар мұнда рухани тыныштық пен табиғаттың құдіретін сезінуге ұмтылады.

Гегард монастырында және оған қатысты аңыздарда бірнеше маңызды географиялық атаулар кездеседі: Гегард монастырының өзі, Азат өзені және Котайк облысы. Бұл атаулар монастырьдің қасиетті орнын, оның тарихы мен діни маңызын ашып көрсетеді, сондай-ақ Арменияның рухани мұрасына қосылған ерекше жәдігер екенін білдіреді.

Гегард монастыры — аңыздың арқауы болуымен бірге армян діни тарихының басты орталығы. Бұл монастырь қасиетті жәдігерлердің сақталатын орны болғандықтан, халық арасында сакральды мәнге ие. Монастырьде сақталған қасиетті найза христиан әлемі үшін маңызды жәдігер саналады. Оның ерекше архитектурасы мен жартасқа ойылып салынған үңгірлері оны Армениядағы ең киелі мекендердің біріне айналдырған. Гегард монастыры армян халқының рухани өмірінде маңызды орын алып, діни мерекелер мен рәсімдердің орталығы ретінде есептеледі.

Аңыздан мынадай сөздерді оқи аламыз:

«Гегардтың қасиетті қабырғаларында сақталған найза Иисус Христостың құрбандығын еске түсіріп, бұл монастырге келген әрбір адамға рухани тыныштық сыйлайды» [180, p. 5].

Азат өзені Гегард монастыры маңынан ағып өтеді және оның атауы «Азат», яғни «еркін» деген мағынаны береді. Бұл өзен орман мен жартастар арасында ағып, монастырьдің табиғи көрінісін толықтырады. Өзінің әдемі көрінісі мен тыныштығымен Азат өзені қасиетті орынның табиғатпен үйлесімділігін бейнелейді. Халық бұл өзенді рухани тазарту ордасы деп санап, оның жанында діни рәсімдер өткізген. Монастырь мен өзеннің бір-бірімен тығыз байланысы табиғат пен рухани құндылықтардың бірлігін көрсетеді.

Гегард монастыры және қасиетті найза туралы аңыз армян халқының рухани өміріне қатысты үлкен маңызға ие. Бұл монастырьде сақталған қасиетті найза армян шіркеуінің жәдігері ретінде сакральды қасиетке ие.

Ұшатын монастырь туралы аңыз армян халқының топонимдік аңыздарының ішінде ерекше орын алады. Арменияның оңтүстігінде орналасқан, Сюник облысындағы Татев монастыры халық арасында ерекше аңыздарымен танымал. Бұл монастырь армян тарихындағы маңызды діни және мәдени орталықтардың бірі. Татев атауы аңыздарда ерекше символикалық мағынаға ие, себебі бұл атау армян тілінде «маған қанат бер» деген мағынаға жақын естіледі. Аңыз бойынша, монастырьдің құрылысы кезінде шебер шіркеудің биік төбесінен құлап кетеді, сол сәтте ол құдайдан қанат сұрап, «Тате, Тате» деп айқайлаған. Құдайдың құдіретімен шеберге қанат беріліп, ол аман қалады. Осы аңыз Татев монастырын «ұшатын монастырь» деген атаумен әйгілі етіп, оның рухани мәнін күшейтті.

«Тате деп айқайлаған шеберге Құдай қанат беріп, оны өлімнен құтқарды. Осылайша, Татев монастыры халық үшін қасиетті орынға айналып, оның аты мәңгі есте қалды» деп аңыз монастырдың, яғни нысанға топонимдік атау берілген себебін түсіндіреді [181].

Монастырьге жету үшін бүгінгі таңда әлемдегі ең ұзын аспалы жолдардың бірі салынып, ол «Татевтің қанаттары» деген атауға ие болған. Бұл аспалы жол монастырьді әлемнің әр түкпірінен келген жолаушылар туристер мен дін өкілдері үшін қолжетімді етіп, оның қасиеттілігін арттыра түскен. Татевтің биік таулардың арасында орналасуы оны ерекше киелі орын ретінде көрсетіп, оның айналасында ұшып жүрген қанаттар бейнесін көз алдымызға елестетеді.

Татев монастыры туралы аңызда кездесетін негізгі топонимдік атаулар мен орындар: Татев монастырының өзі, Воротан өзені және Сюник облысы. Бұл топонимдер монастырьдің қасиетті орнын, оның тарихи және мәдени маңызын ашады, сондай-ақ Армения халқының рухани мұрасын бейнелейді.

Монастырьдің аты армян тілінде «қанат» деген мағынаны білдіреді, бұл оның аңыздағы «ұшатын монастырь» атауына негізделген. Монастырьдің айналасындағы табиғи көріністер, биік таулар мен терең шатқалдар оның ерекше орын екенін дәлелдей түседі. Армяндар үшін Татев монастыры тек шіркеу ретінде емес, рухани тазару және ғарышпен байланыс орны деп саналады.

Воротан өзені Татев монастыры орналасқан шатқалдың түбінде ағып жатыр. Бұл өзен монастырьге ерекше көркемдік үстейді. Воротан өзенінің шатқалының тереңдігі мен оның айналасындағы жартастар Татев монастырының биік әрі оқшауланған орнын айқындайды. Воротан өзені армян аңыздарында ерекше орын алады, ол табиғаттың әсемдігі мен құдіретін бейнелейді. Монастырьге келушілер үшін өзен рухани жаңарудың символы ретінде қабылданып, оның жағасында діни рәсімдер өткізу кең таралған.

Аңызда бұл жөнінде мынадай түйінді сөз бар: «Воротан өзені Татевтің аяғын жуып, қасиетті орынға құдірет беретіндей әсер қалдырады. Бұл өзеннің суы монастырьдің рухын сергітіп, оған мәңгілік өмір сыйлағандай» [182].

Арменияның топонимдік аңыздары елдің тарихы мен рухани болмысын тереңірек танытады. Арарат тауы, Гарни ғибадатханасы, Гегард және Татев монастырлары сияқты қасиетті орындарға қатысты аңыздар армян халқының діни сенімін, мәдени мұрасын, табиғатқа деген құрметін бейнелейді. Әрбір аңыз Арменияның ұлттық бірегейлігінің, ұрпақтар сабақтастығының және рухани мәдениетінің көрінісі болып табылады. Армян халқы осы киелі орындарды құрметтей отырып, ұлттық рухты нығайтып, мәдени құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Арменияның топонимдік аңыздары елдің мәдени мұрасының ажырамас бөлігіне айналып, әлемнің рухани мұрасына қосылған үлес болып саналады.

Әр елдің әлемдік руханиятқа қосатын өзіндік қазыналары бар. Ондай рухани қазына көздерінен Қазақстан да кенде емес. Қазақстан кең байтақ далалары мен әсем табиғатымен, тарихи орындары мен бай фольклорлық мұраларымен танымал. Еуразия жүрегінде орналасқан бұл елде ежелгі түркі дәуірінен қалған топонимдік аңыздар көптеп кездеседі. Бұл аңыздар тек жер-су атауларының шығу тарихын ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының дәстүрлері мен батырлық рухын, табиғатқа деген перзенттік махаббатын және ерекше оқиғаларға толы бай мәдени мұрасын көрсетеді. Қазақтың ежелгі аңызы Қорқыт атадан бастау алады.

Қорқыт ата туралы аңыздар — қазақ халқының рухани мұрасындағы ең терең әрі маңызды аңыздардың бірі. Қорқыт ата қазақ мәдениеті мен әдебиетінде өмірдің мәнін іздеген, өлімді жеңуге ұмтылған тұлға ретінде бейнеленеді. Ол өмір мен өлім, мәңгілік пен өткінші дүние туралы ойларын тереңнен қозғап, өз дәуірінің рухани жетекшісі, данышпан ойшыл және көріпкел ретінде саналады. Аңыздарда Қорқыт ата өлімнен қашу және мәңгілік өмірді іздеу жолында көптеген қиындықтарға тап болып, өзіндік ерекше жолдармен бұл қиындықтарды жеңуге тырысады. Оның басты қаруы — қобыз, ал қобыздан шыққан әуендер табиғатқа жан бітіріп, өлімді бір сәтке тоқтататын тылсым күшке айналады.

Аңыз бойынша, Қорқыт ата дүниенің өткінші екенін түсініп, өліммен бетпе-бет келгенде, одан қашудың амалын іздей бастайды. Ол адамзат өмірінің қысқалығы мен өлімнің мәңгілік екеніне терең ой жүгіртіп, осы қайғылы шындықты өзгертуге шешім қабылдайды. Қорқыт ата қобызын алып, өмірдің мәнін жеткізетін әуендер ойнай бастайды. Аңызға бой алдырсақ, оның қобызынан шыққан күй табиғатқа ерекше әсер етіп, жансыз дүниеге жан бітіреді: өзендер сарқырай ағып, жел баяу соғып, жан-жануарлар ән сала бастайды. Қобыздың үні арқылы ол табиғаттың әрбір бөлшегін тірілтіп, өлімді бір сәтке тоқтатып тұрғандай әсер қалдырады.

Қорқыт туралы аңыздардың өзегі мына байламға саяды: «Қорқыт ата қобызын күйлетіп, өмір мен өлімнің арасындағы тылсым байланысты өз әуенінде бейнеледі. Оның үні арқылы табиғатқа жан бітіріліп, уақыт тоқтап қалғандай әсер етті» [183].

Аңызда көбінесе Сырдария өзені, Байқоңыр даласы туралы айтылады. Бұл атаулар қазақ мәдениеті мен тарихындағы маңызды орындарға айналып, Қорқыт атаның өшпес ізін бейнелейді.

Қазақ халқының арман-мұраттары мен бейбіт өмірге деген ұмтылысын бейнелейтін топонимдік аңыздың қатарына Жерұйық және Асан Қайғы туралы аңыз жатады. Асан Қайғы – халық арасында терең ақыл-парасатымен танылған көреген, данағөй, әрі философ тұлға. Қазақ жерінде елдің әл-ауқаты артып, байлыққа толы мекен табуға ұмтылған ол «Жерұйық» деп аталатын, халыққа молшылық пен тыныштық орнататын қасиетті жерді іздеуге жолға шығады. Асан Қайғының осы сапары оның даналығын, көрегендігін және қазақ халқының байлық пен тыныштыққа жету тілегін сипаттайтын аңызға айналды.

Аңыз бойынша, Асан Қайғы өз халқының қиын-қыстау өмірін көріп, олардың бейбіт әрі жайлы өмір сүре алатын жерді табуды армандайды. Ол халыққа Жерұйық деп аталатын, барлық байлық, бақыт, молшылық пен тыныштық орнаған мекенді табуға шешім қабылдайды. Асан Қайғының сенімі бойынша, Жерұйық жерінде елдің болашағы жарқын, табиғаты әсем, өзен-көлдері мол, жайылымдық жерлері кең, табиғаты бай болуы керек.

Асан Қайғы бүкіл қазақ даласын аралап, тауларды асып, өзендерді кешіп, әрбір өңірдің ерекшелігін зерттейді. Оның сапары ұзақ, әрі қиындықтарға толы болды, бірақ ол әрқашан өз мақсатына сеніп, Жерұйықты табуға деген үмітін жоғалтпайды. Асан Қайғы әрбір көрген жерге өзінің философиялық

көзқарасымен баға беріп, жер ыңғайына байланысты топонимдік атау беріп, оны болашақ ұрпаққа қалдыруға ниет етеді. Ол әрбір мекенге түрлі сипаттама беріп, сол жерлердің игілігін, табиғи байлығын түсіндіріп айтып отырады. Асан Қайғы барлық байлық пен молшылыққа толы Жерұйықты іздеп табуды арман етсе де, оның қайда екені белгісіз болып, қиялдағы абат мекен болып қала береді. Бұл туралы аңыздың түйінді сөзі мынадай: «Асан Қайғы Алатаудың шыңдарына көтеріліп, Сырдарияның бойын аралап, Еділ мен Жайықтың жағасын көріп, халқының бақыты үшін Жерұйықты іздеуден еш шаршамады. Ол әр жерге тоқтап, елдің болашағына пайдасы тиер орын іздеді» [184].

Асан Қайғы аңызында Қазақстанның бірнеше маңызды географиялық атаулары кездеседі. Аңызда көбінесе Алатау, Сырдария өзені, Еділ мен Жайық өзендері туралы айтылады. Бұл атаулар Асан Қайғының Жерұйықты іздеу жолындағы сапарын, қазақ даласының кеңдігін және осы мекендерге байланысты топонимдік аңыздардың туындау себебін көрсетеді.

Таудың да, судың да сыны мен сапасы Асан Қайғының берген бағасымен айқындалып, халықтың өмір тұрмысына жайлы-жайсыздығы белгіленіп отырады. Халыққа мекен етуге қолайлы жер екендігі бағамдалады.

Сырдария өзені қазақ халқы үшін маңызы зор өзендердің бірі, аңызда Асан Қайғы осы өзеннің бойын аралап, оның шексіз байлығы мен халыққа тигізетін пайдасына көз жеткізеді. Сырдария өзені қазақ өмірінде ерекше, оның суы тіршіліктің бастауы ретінде қарастырылған. Асан Қайғы бұл жерлерге қарап, халықтың тыныштығы мен игілігі үшін ең қолайлы жер деп атайды.

«Сырдарияның бойын кезіп, Асан Қайғы оның құнарлы жағасын, бай табиғатын көріп, Жерұйықтың бейнесін осы жерден іздеді» [185] дейді аңыз.

Еділ мен Жайық өзендері қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде маңызды орын алған. Аңызда Асан Қайғы Еділ мен Жайықтың бойын аралап, олардың табиғи байлығына, малға қолайлы жайылымдарына назар аударады. Бұл өзендер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде маңызды рөл атқарған, әсіресе, мал шаруашылығының дамуына мүмкіндік берген. Еділ мен Жайықтың кең даласы Жерұйық деп есептеуге болатындай мекен болғанымен, Асан Қайғының іздеген Жерұйығы бұдан да қолайлы болуы тиіс.

«Малға жай, елге ырыс жер барын Асан өзінің ғайыптан болжайтын даналығының арқасында білді, енді сол мекенді өзі табуы керек. Сөйтіп, Асан Қайғы мал біткеннің жүрдегі, әрі шыдамдысы желмаяға мініп алып, төңіректің төрт бұрышын түгел кезеді. Айдан ай, жылдан жыл өтеді. Бірақ арман болған «Жер үйек» табылмайды. Халқына мәңгі еркіндік, тозбас бақыт сыйламақ Асан Қайғы өксіп келіп Ұлытаудың басына жеткенде дүниеден көшеді. Әлем фольклорындағы ең таңдаулы аңыздардың бірі осылай ауыр күрсініспен, мұнды толғаныспен аяқталады» [186]. Зерттеушілердің ойынша, Асан Қайғының адам баласы бақытты тұрмыс кешетін қиялдан туған мекен «Жер үйек» жайындағы ойларын баяндайтын көлемді шығармасы болғанға ұқсайды. Бұл туынды жыраулық толғау түрінде келді ме, әлде Томас Мордың «Утопиясы», Кампанелланың «Күн қаласы» сияқты үлгіде жазылды ма, – ол арасын ажыратып айту қиын. Ал бізге жеткен эпсана сол философиялық шығарманың кейбір

жұқаналарының аңызға айналып кеткен түрі болса керек. Халық қиялы «Жерұйықты» Асанның өзіне іздетеді.

«Жерұйық», «Жиделі Байсын» ұғымдары ел санасында ежелден берік орын алып қалыптасқан. Желмаяға мініп, жер шалған Асан қайғы жол-жөнекей кездескен жерлерге, мөлдіреп аққан бұлақтарға, арнасы кең өзендерге, төрт түлік малға жайлы сай мен сала, қыр мен қырқа, жайқалған жайлауларға, жайлы қыстауларға өз бағасын бере отырады. Осы баға берген жерлерге байланысты көптеген топонимдер аталады.

Ұлытау, Әулиетау шыңы (Ақмешіт) немесе Ұлытау тауларының шыңы атақты киелі орындардың бірі, Қазақстанның географиялық орталығы және Еуразиялық дала дәлізінің нүктелерінің бірі. Қазақтардың, тувалардың, түріктердің және хакастардың тауларды қастерлеуі Қазақ Ұлытауы (1133 м), Тувалық Улугдаг, түрік Улудаг (2543 м), хакас Ұлытағы (895 м) атауларынан көрінеді. Қазақ тілінен Ұлытау «үлкен тау» мағынасын білдіреді, бірақ бұл таулар шын мәнінде онша биік емес. Бұл таулар көне заманнан бері құрметтеліп, көшпелілердің киелі орындары болғандықтан, атау көбірек қасиетті мағынаға ие. Аңыздарда бұл тауларда Заратустра пайғамбар (Зараостра) дүниеге келген, орта ғасырларда Шыңғыс хандары мен басқа да көрнекті тұлғалар жерленген. Қазақ халқының арғы тегі болған алты Алаш руы туралы көне аңыз да осы таулармен байланысты. Ежелден Ұлытау сілемінің маңында барлық тарихи шешімдерді қазақ хандары қабылдаған, өйткені халық бұл жерді кие тұтып, күні бүгінге дейін тағзым етіп келеді. Ұлытаудан онша алыс емес жерде Едіге шыңы бар, оның басында Едіге би мен Алтын Орда ханы Тоқтамыс жерленген деген мәлімет бар. Олардың 14-15 ғасырлардағы Ноғай Ордасының негізін қалаушы екендіктері тарихи шындық. Бұл тарихи тұлғалардың есімдері мен даңқты істері көптеген түркі халықтарының эпостарында кездеседі. Тоқтамыш пен Едіге туралы мәліметтер ең алғаш араб жазушысы Ибн Арабшахтың трактаттарында берілген [187].

Аңыз бойынша, Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы хан өзінің иелігін басқару үшін қазіргі Қазақстанның орталық аймағына келеді. Бұл өңір кейінірек Ұлытау деп аталады. Жошы хан аңшылықты жақсы көрген, бір күні ол көп нөкерімен бірге аңға шығады. Аң аулау кезінде ол жабайы киік қуып бара жатып оқыс жағдайға тап болады. «Ұлытау» атауы аңызда «Ұлы ханның жатқан жері», «ұлы қайғы өткен тау» немесе «ұлы оқиға болған тау» деген түсінікте қолданылады. Жошы хан жерленген жер кейіннен киелі орынға айналады, қазіргі Жошы хан кесенесі Ұлытау маңында орналасқан.

Айғайқұм немесе «Әнші құм» туралы аңыз – Қазақстанның көрікті жерлерінің бірі, табиғаттың ерекше тылсым құбылыстарының мекені. Алматы облысындағы Алтын Емел ұлттық паркінде орналасқан Айғайқұм ұзындығы шамамен үш шақырым, биіктігі 150 метрге жететін құм төбесі болып табылады. Бұл құм төбенің ең ерекше қасиеті – жел соққанда құмнан әуенге ұқсас дыбыстар шығатыны. Халық арасында бұл дыбысты «құмның әні» деп атайды. Аңыз бойынша, Айғайқұмның бұл дыбыстары – алып жынның немесе аруақтардың дауысы, ол адамдарға табиғаттың тылсым күшін ескертіп тұрғандай әсер береді.

Айғайқұм қазақ халқының табиғатқа деген терең сезімі мен оны түсінуге деген ерекше көзқарасын көрсететін қасиетті орын саналады.

Айғайқұмға байланысты аңыздарға сәйкес, бұл құм төбеде ежелгі замандарда алып жын өмір сүрген екен. Ол адамдарды мазалап, қорқыныш ұялатып отырған. Тіпті жынның дауысы кең далаға тарап, оның үні желдің гуілінен ерекше көрініп, адамдарды алаңдатқан деседі. Күндердің бір күнінде жынға қарсы батырлар тобы шығып, оны жердің түбіне қамауды шешеді. Батырлардың күдіретімен және рухани күшімен жын құмның астына түсіп кетеді. Содан бері оның даусы құм астынан естіледі, ал жел соққан сайын жынның даусы құмның бетіне шығып, далаға тарайды. Халық бұл дыбысты жынның рухы деп қабылдап, құмның әуені арқылы табиғаттың құпияларын еске алады және оны аңыз түрінде айтып таратады.

«Айғайқұмның үні желмен бірге қазақ даласын кезіп, жынның даусы құмның астында қалды деген сенім ұрпақтан-ұрпаққа таралып келеді. Әрбір дыбыс табиғаттың тылсым күшін ескертіп, құмның күдіретін елге паш етеді» деп баяндайды аңыз [188].

Бұл аңызда бірнеше маңызды географиялық атаулар мен орындар кездеседі: Айғайқұмның өзі, Алтын Емел ұлттық паркі және Іле өзені. Бұл атаулар құмның табиғат құбылыстарымен және аңыздарымен қалай байланысты екенін көрсетеді. Бұл жерде біздің айтайын деген негізгі ойымыз «Айғақұм» топонимінің этимологиясына байланысты. Құм сайын даланың қай жерінде де бар. Ал, мына топоним астынан айқайлағандай дыбыс шығып жатуына тікелей байланысты қойылған атау. Халық танымы табиғаттың бұл ерекшелігін санадан тыс қалдырмай Айғақұм деген топоним арқылы дәл беріп тұр.

Айғайқұм аңызы қазақ халқының табиғат сырын түсінуге ұмтылысы мен оның тылсым құбылыстарына берген бағасын айқындаса, енді бір аңыздар табиғат бедеріне одан бетер сұқтанудан туады. Сондай аңыздың бірі – Көлсай көлдері туралы аңыз. Көлсай көлдері – үш әсем көлдерден тұратын ерекше табиғи кешен, ол Алматы облысының оңтүстік-шығысында, Күнгей Алатауы тауларында орналасқан. Жасыл қарағайлармен, биік таулармен және айнадай таза сумен қоршалған Көлсай көлдері – «Қазақстанның інжу-маржаны» атанған. Бұл көлдердің атауы халық арасында көптеген аңыздарға арқау болған, олардың ішіндегі ең белгілісі көлдердің пайда болуы туралы әңгімелейді. Аңызға сәйкес, бұл көлдер табиғи апат немесе киелі құбылыс нәтижесінде пайда болған.

Аңыз бойынша, бұрын бұл жерде кең аңғарлар мен жасыл шалғындар болған екен. Бірде осы алқапта ерекше табиғи құбылыс болады. Адамдар бұл апатты табиғаттың кереметі ретінде көріп, таулардың арасына жиналып, оның қалай аяқталатынын бақылаған. Кенеттен жер қақ жарылып, көк аспаннан су ағып, аңғарларға тола бастайды. Жұрт бұл ғажайыпты Құдайдың белгісі ретінде қабылдап, осы жерлердің киелі екенін түсінеді. Судың тереңдігі және оның айнадай беті адамдарды таң қалдырып, осы жерге «Көлсай» деген атау беріледі.

Тағы бір аңызда, бұл көлдер адамдардың күнәларын жуған киелі мекен ретінде сипатталады. Аңызға сенсек, бұл жерде бұрын бейбіт өмір сүрген ауыл болған екен. Бірақ ауыл тұрғындарының арасында зұлымдық, іштарлық таралып,

олар табиғатқа құрмет көрсетуді ұмытқан. Құдай халықтың күнәсін жуып, оларға сабақ беру үшін бұл жерді сумен толтырған дейді. Тұрғындар көлдің айнадай бетінен өздерінің бейнесін көріп, өздерін қайта танып, өзгеруге тырысады. Содан бері Көлсай көлдерінің суы тазалық пен рухани тазарудың символына айналған. Көлсай гидронимнің киелі аталуы аңызда былайша суреттеледі: «Жер қақ жарылып, таудан аққан таза су аңғарды толтырды. Адамдар бұл құбылысты Құдайдың ерекше сыйы деп қабылдап, Көлсай көлдерін киелі су ретінде құрметтеген» [189].

Көлсай көлдері Алматы облысындағы Тянь-Шань тауларының бөлігі болып саналатын Күнгей Алатауында орналасқан. Бұл үш көл теңіз деңгейінен шамамен 1000–2500 метр биіктікте, бір-біріне жақын орналасқан және өзара тау өзендері арқылы байланысып жатыр. Көлдер аймағы жасыл ормандармен, қарағайлармен, көкшіл аспанмен және таулармен қоршалған. Төменгі Көлсай (1818 м), Ортаңғы Көлсай (2252 м) және Жоғарғы Көлсай (2850 м) көлдері болып бөлінеді, олардың әрқайсысының табиғаты ерекше, және таулы климаттың әсерінен олардың суы салқын, әрі мөлдір болып келеді.

Көлсай көлдері туралы аңызда кездесетін негізгі географиялық атаулар мен орындар: Көлсай көлдері, Күнгей Алатауы және Алматы облысы. Бұл атаулар Көлсайдың табиғи сұлулығы мен киелілігін сипаттайды, сондай-ақ қазақ халқының табиғатқа деген аялы көзқарасын көрсетеді.

Көлсай көлдері – аңыздың басты өзегі, айнадай беті жарқыраған қазақ халқының табиғатқа деген эстетикалық сезімі мен сүйіспеншілігін көрсетеді.

Күнгей Алатауының биік шыңдары, қалың ормандары және көлдерге жақын орналасуы Көлсайдың табиғи аңызын дәйектей түседі. Бұл аңыздан табиғаттың сұлулығы мен құдіретіне деген таңданыс, оның тылсым күштерімен байланысуға деген ұмтылыс байқалады. Көлсай көлдері табиғаттың сұлулығын ғана емес, сондай-ақ халықтың рухани құндылықтары мен табиғатпен үйлесімді өмір сүруге деген көзқарасын бейнелейді. Аңыз бойынша, Көлсай киелі орын ретінде саналып, оның табиғи сұлулығы мен тазалығы адамдарды өздерінің күнәлары мен қателіктерін ұмытып, тазаруға, рухани жаңғыруға шақырады.

Қазақ халқында аты аңызға айналған, ерліктері ел есінде сақталған, есімдері жер-судың аты болып сайын дала төсінің бір белгісіне айналған арулар да баршылық. Ал енді топонимдік аңыздардың кейбір түрлері осы ару қыздарға байланысты айтылады. Қалмақпен соғыстың куәсі болып сақталған аңыздық желіге құрылған оқиғалардың бір парасы қазақ қыздарына байланысты. Батыс Қазақстанның аймағында Ойыл және Байғанин аударында екі арудың (Ботакөз және Ақбота) атымен аталатын жерлер бар және ол жердің аталу себептері туралы аңыз сюжеттері де сан алуан. Жалпы алғанда екеуінің сюжеттері де ұқсас. Оның бір себебі ауылда бас көтерер ерлердің жоқтығын пайдаланып, жақын маңда торуылдап жүрген қалмақтардың бір тобының олжа түсіруді, жылқы барымталап кетуді көздеп шабуылдауы болса, екінші себебі Ойыл мен Байғанин аудандарының көршілес орналасуында деп білген жөн. Қалай болғанда да Ботакөз бен Ақботаға байланысты топонимдер осы тарихи оқиғаның шындыққа қатыстылығын меңзейді [28, б. 168].

Оқиға былай сабақталады: 1742 жылы жазда Есет батырдың ауылы қазіргі Ойыл ауданының Саралжын деп аталатын елді мекенінің маңында құнарлы жайлауда отырғанда Әбілқайыр хан Есет батырды қалмаққа қарсы соғыс мәселесін шешу үшін Орда кеңесіне шақырады. Бұл кезде Есеттің ағасы Қарабас, оның баласы Кенжалы және Есеттің баласы Ақжол атақты бидің аулында қонақта екен. Олардың жоқ екенін білген қалмақтар ауылдың барлық жылқыларын қуып кетеді. Ауылда қалған Есеттің қызы Ботакөз еркекше киініп, ауыл адамдарын бастап, қалмақты қуады. Бұндай тегеурінді күтпеген қалмақтар қаша ұрыс салып, әйел адам екенін білмей Ботакөзді садақпен атып өлтіреді. Сол Ботакөз өлген жерді, осы жердегі Ойыл өзеніне құятын сағаны ел содан бері «Ботакөз» деп атайды [190].

Ал, енді аты аңызға айналған Ақбота қыз жөніндегі ел аузындағы аңызға тоқталсақ, оның желісі мынадай: «Бірде мамыр айы туа Сәңкібай жылдағы әдеті бойынша Әбілқайырханға сәлем беріп, амандасып қайтуға жиналған ел жақсыларымен бірге сый-сияпат алып, Ырғыз даласына қарай аттанады. Ол кезде хан қыста Түркістанда қыстап, ал жазда ежелгі жайлауына келеді екен. Кіші жүздің ішінде тама Есет батыр, табын Бөкенбай, кете Әжібай, беріш Есболай сияқты адамдары бастаған қазақтардың ер-азаматтары Ырғыз даласына қарай ағылғанда, ежелден аңдысып, бірде жеңілумен, итжығыспен келе жатқан қалмақтар бас көтерер ерлер жолаушылап кеткен кезін жансыздары арқылы біліп, қазақ ауылдарынан кек алмақшы болады. Ол тұста Жемнің төменгі ағысы мен Жайықтың Атырауға құяр тұсы әлі де қалмақтар қолында еді. Қалмақтар 1780 жылдары бас көтерместей болып жеңілгенге дейін жыл сайын қазақ еліне тосыннан шабуыл жасап, күн көрсетпей қойғаны тарихи шындық жағдай. Сонымен, осындай ұрымтал кезеңді көптен күткен қалмақтар Сәңкібай аулына келеді. Бұл Жемнің құйылысын мекен еткен қалмақтар еді. Сәңкібайдың Ақбота атты қызы ауылда қалған малшы-жалшы, тума-туыс, ағайын жігіттерді іріктеп алып, өзі еркекше киініп жауға қарсы шабады. Әбілқайыр ханға бір жылғы есебін беріп оралған Сәңкібай ауылына тиген жаудың жеңілгенін, бірақ Ақботасының жазым болғанын жолшыбай естиді. Көшіп келе жатқан ауылын осы күнгі Ақбота-Сәңкібай дөңінен қарсы алады. Сонда Сәңкібай: «Денесін адам мен мал аяғынан аулақ сонау тау, құм басына қойындар», – дейді» [191].

Қазақ қыздарының осындай ерлік істерін баян қылатын аңыздардың жер-су атауларына байланысты сюжет желілері бір-біріне ұқсас, өйткені жердің аталуына себеп болатын мотив бір. Ол – қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс. Тарихтың сиясы өшпейтіндей бөлшегі болып дала төсінде сақталынып қалған топонимдік атаулар осы соғыстың куәлері [28, б. 10].

Қазақстанның батысында көрікті Ырғыз өңірі бар. Халқымыздың сан ғасырлық тарихының ізі болып табылатын сан алуан ескерткіштерге бай. Мұнда табиғат сыйларының бірі – Мәні әулие деген үлкен төбе орналасқан, төбе басында қаз-қатар жақпар тастардан қаланған қорымды «Мәні әулие қорымы» деп атайды. Осы Мәні әулие қорымы, Мәні төбе туралы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бірнеше аңыз нұсқалары айтылып келеді.

Аңыздың бір нұсқа бойынша ертеде қазақ елін қалмақтар шауып, мал-мүлікпен бірге сол елдің басшысының сұлу әйелін олжалап, бір батырына қосыпты. Сол әйелден дүниеге қыз бала келіп, он жетіге келгенде анасы дүние салады. Елін, жұртын бір көруді арман еткен анасы көз жұмарда қызына қалайда қазақ еліне қосылуын өтінеді. «Бізбен бірге жеті жасар бір баланы ала келіп, қол-аяғын кісендеп қозы бақтырап қойған, сол бала ержетті, тұр-тұлғасы батырға ұқсайды, балаға жағдайды түсіндіріп, қалғанын өзің келістіріп елге қашыңдар, ең соңғы да, ең қымбат өтінішім осы», – деп көз жұмады. Сонымен қыз бір күндері қару-жарақ, ат жағдайын ұйымдастырып, екеуі ел қайда деп қашады. Қыз бен жігіттің астарына мінген сәйгүліктеріне ешкім жете алмайды екен. Жетсе тек қыздың әкесінің аты ғана жетеді екен. Соны сезген қыз жігітке арттарынан қуған ат дүбірі естілгенде әкесі екенін біліп: «әкемді өзім тоқтатам, мен артыңа қарамай кете бер», – дейді. жігіт шыдамай артына қараса қыз әкесіне садағын кезеп тұр екен. Бір қате іс болар деп жігіт қыздың жанына келіп, «әкенді атпа» деп қолқа салады. Айтқанын тыңдамай кейін келген жігітке қатты налыған қыз: «бекер келдің, атпай-ақ өзім тоқтатар едім, енді не болғанын көрерсің», – дейді. Жақындап келген әкесі қолын теріс жайып: «Көзің көргенді қолың ұстамасын», – деп бата беріп, қайтып кетеді. Құғыншыдан құтылған екеуі біраз дем алу үшін осы төбенің етегінде жағасы тал мен не қамысқа толы жойқын суға шомылып салқындау үшін екі бөлек жерге кетеді. Бір уақытта шар еткен қыз дауысы естіледі. Жігіт тез арада келсе жылан оранған қыз талықсып жатыр екен. Сонда қыз: «Қалмақтың қарғысы жаман деген рас еді, әкемнің қарғысы орындалады, енді мен саған жоқпын, осы жерге мені жерле, ешқашан менің атаушы болма, осы өтінішімді орында», – деп көз жұмады. Жігіт қыздың өтінішін орындап осы жерге жерлеп, сұраған кісіге оқиғаның мәнісін түгел айтпай, жай ғана «мәні бар ғой» деп жауап беріпті, содан бері «Мәні төбе» деп аталған [28, б. 155].

Осы аңыз бойынша профессор А.Ш.Пангереев өз пікірін білдіреді: «Аңыз десек те қыздың анасының елге, жерге деген үлкен махаббаты, сағынышы биік тұрса, жас арудың ана өсиетіне адалдығы, қазақ пен қалмақ арасында теріс әңгіме туғызбас үшін атын мәңгі айтқызбауды өтінуі, бар қызығын көре алмай өліп бара жатып, артындағы ел қамын, өзі ұнатқан жігіт жағдайын ойлап, үлкен де мәнді сыр қалдырған қасиеті дара қызға бас иесің» [28, б. 156].

Еуразия кеңістігі тарихи, этнографиялық және мәдени тұрғыдан бірегей ерекшеліктерге толы кеңістік болып табылады. Бұл жерде мекендейтін халықтардың топонимдік аңыздары жер-су атауларының шығу тегі туралы ғана емес, сонымен қатар халықтардың дүниетанымын, тұрмыс салтын, табиғатқа деген көзқарасын, тарихи сабақтастықтарын және мәдени байланыстарын айқындайды.

Мысалы, британдық аңыздар көбінесе мифологиялық сипатта, олардың кейіпкерлері арасында Король Артур және Стоунхендж сияқты ежелгі тылсым күштермен байланысты тұлғалар мен тарихи жерлер жиі кездеседі. Бұл аңыздар тылсым табиғат пен елдің тарихына деген құрметін көрсетеді. Неміс топонимдік аңыздары Лорелай жартастары немесе Тевтобург орманы секілді тарихи

оқиғалар мен табиғат құбылыстарымен тығыз байланысты, олар ұлттың ерлік пен табиғатқа ғиззат көрсету сынды құндылықтарын бейнелейді.

Қазақстанның топонимдік аңыздарында табиғаттың тылсым құдіреті мен кең дала ерекшелігіне деген ерекше көзқарас көрініс табады. Мысалы, Көлсай көлдері, Айғайқұм немесе Жерұйық туралы аңыздар табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікке деген қазақ халқының ұмтылысын көрсетеді.

Еуразияның түрлі халықтарының топонимдік аңыздары мәдени және рухани құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің негізгі құралы болып табылады. Әрбір аңыз халықтың болмысын бейнелейді, оның мәдениетінің ерекшеліктерін ашады. Сонымен қатар, бұл аңыздар топонимдердің сақталуына және олардың тарихтағы мәнін айқындауға ықпал етеді. Әр аңыз белгілі бір жердің киелілігі мен табиғаттың құдіретін білдіреді, ол адамдарды қоршаған ортаға перзенттік сезіммен қарауға, тарихи мұраларын қастерлеуге үйретеді.

Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздардың құрылымы мен мазмұны аймақтық, тарихи және мәдени ерекшеліктерге байланысты өзгеше сипатқа ие. Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан фольклорындағы топонимдік аңыздарды талдау барысында бірнеше негізгі бағыттарды анықтауға болады: мифологиялық, тарихи, географиялық және этнографиялық мотивтердің таралу деңгейі, олардың халық жадындағы орны, сондай-ақ белгілі бір тарихи оқиғалармен байланысы.


Ұлыбритания топонимдік аңыздарында мифологиялық мотивтер басым. Елдің ежелгі мәдени қабаттарында кельттік және нормандық мифология кеңінен көрініс табады. Аңыздарда көбіне табиғаттан тыс күштердің араласуы, алыптар, перілер және қасиетті орындармен байланыстырылатын сюжеттер кездеседі. Мысалы, Стоунхендждің пайда болуы туралы аңыздарда сиқыршылар мен ежелгі құдайлар ерекше рөл атқарады. Бұл аңыздар халықтың дәстүрлі дүниетанымын, табиғатқа деген сакралдық көзқарасын көрсетеді. Германиядағы топонимдік аңыздарда да мифологиялық элементтер көп кездеседі, бірақ мұнда тарихи оқиғалармен байланыс күштірек байқалады. Неміс топонимдерінің көпшілігі батырлар мен аңызға айналған тұлғалармен байланысты, бұл германдық эпостың аңызға тигізген ықпалын көрсетеді. Қалалар мен өзендер атаулары көбіне ортағасырлық рыцарьлық дәстүрлер мен шайқастар туралы баяндайды. Бұл неміс халқының ұлттық тарихи жадын нығайтуға ықпал ететін факторлардың бірі.

Арменияда топонимдік аңыздар негізінен тарихи және діни сипатқа ие. Бұл елдің ұзақ ғасырлар бойғы христиандық мәдениетінің, сондай-ақ ежелгі патшалық дәстүрлерінің әсерін көрсетеді. Көптеген географиялық атаулар библиялық оқиғалармен, армян патшалары мен діни қайраткерлермен байланысты. Арарат тауының атауы және оған қатысты аңыздар әлемдік мифологиядағы маңызды элементтердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, армян фольклорында тарихи жадының беріктігі айқын байқалады, өйткені ел ұзақ уақыт бойы әртүрлі империялардың құрамында болғандықтан, халық өзінің тарихын сақтауға ерекше мән берген.

Әзірбайжан фольклорындағы топонимдік аңыздарда халықтың көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтының іздері айқын байқалады. Өзендер мен таулардың атаулары көбіне ұлттық батырлармен, шайқастармен және түркі-исламдық дәстүрлермен байланысты. Әзірбайжандық топонимдік аңыздарда махаббат пен трагедия тақырыптары да маңызды рөл атқарады. Кейбір аңыздар табиғат апаттарына немесе белгілі бір тарихи кезеңдердегі оқиғаларға қатысты. Бұл халықтың табиғатпен тығыз қарым-қатынаста болғанын, оны киелі деп санағанын көрсетеді.

Қазақстан топонимдік аңыздарының өзіндік ерекшелігі олардың тарихи, этнографиялық және эпикалық сипатының жоғары болуында. Қазақ жеріндегі көптеген географиялық атаулар белгілі бір тарихи оқиғаларға, қалмақ пен арадағы шапқыншылықтарға, ру-тайпалық қатынастарға және эпостық батырларға қатысты. Бұл аңыздар қазақ топырағындағы рухани және тарихи дәстүрлердің ерекше тұтас жүйесін көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстандағы топонимдер көбіне көшпенді өркениеттің ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Құдықтар, өзендер, жайылымдар, тау атаулары көшпенділердің өмір салтымен тығыз байланыста болған. Топонимдер арқылы ата-бабаларымыздың көшіп-қону жолдары, руаралық қатынастардың даму тарихы, соғыс пен бейбітшіліктің іздері сақталған.

4 суретте әр елдердегі топонимдік аңыздардағы мотивтердің таралу ареалы көрсетілген. Бұл диаграмма мифологиялық, тарихи, географиялық және этнографиялық мотивтердің әр елде қандай деңгейде таралғанын көрсетеді.



Сурет 4 – Аймақтар бойынша топонимдік аңыздардың мотивтерінің таралуы

Диаграммада көрсетілгендей, әрбір аймақтың топонимдік аңыздарында түрлі мотивтердің таралу деңгейі әртүрлі. Ұлыбритания мен Германияда

мифологиялық мотивтер жоғары көрсеткішке ие (40% және 35% сәйкесінше), бұл осы аймақтардың ертедегі кельт, герман және скандинав мифологиясымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Бұл елдерде аңыздар көбінесе табиғаттан тыс күштерге, рыцарьлар мен сиқыршыларға негізделген.

Тарихи мотивтер ең жоғары деңгейде Арменияда (50%) байқалады, бұл армян халқының ежелгі дәуірден бері тарихын аңыз арқылы жеткізу дәстүріне байланысты. Армян топонимдерінің көпшілігі тарихи тұлғаларға, патшаларға, жаугершілік кезеңдеріне қатысты. Германияда да тарихи мотивтер (40%) кең таралған, өйткені елдің ортағасырлық тарихы мен рыцарьлық дәстүрлері топонимдерге айтарлықтай әсер еткен.

Географиялық мотивтер әсіресе Әзірбайжанда (30%) және Қазақстанда (25%) кеңінен таралған. Бұл елдерде табиғи нысандардың атаулары көбінесе халықтың көшпенді өмір салтымен және табиғатпен тығыз қарым-қатынасымен байланысты. Өзендер, таулар және далалар туралы аңыздар осы аймақтардағы географиялық ортаның маңыздылығын көрсетеді.

Этнографиялық мотивтер барлық аймақтарда салыстырмалы түрде төмен (10-15%), бірақ Қазақстан мен Арменияда олар біршама жоғары. Бұл халықтың салт-дәстүрлері мен мәдени ерекшеліктерінің топонимдер арқылы сақталуымен байланысты. Қазақстанда жер атаулары көбінесе ру-тайпалық құрылыммен тығыз байланысты, ал Арменияда этнографиялық топонимдер халықтың діни сенімдері мен мәдени дәстүрлерін көрсетеді.

Жалпы, топонимдік аңыздар әр елдің тарихи даму ерекшеліктеріне, мәдени дәстүрлеріне және географиялық жағдайына тәуелді түрде қалыптасады. Ұлыбритания мен Германия мифологиялық және тарихи аңыздарға, ал Армения тарихи және этнографиялық сипатқа басымдық береді. Әзірбайжан мен Қазақстанда табиғатқа байланысты географиялық және этнографиялық мотивтер басым. Бұл деректерді фольклорлық зерттеулерде, ұлттық бірегейлікті талдауда және мәдениетаралық байланыстарды зерделеуде пайдалануға болады.

Аңыздарда жиі кездесетін топонимдер әр халықтың мәдениеті мен тарихи жадында ерекше орын алатынын көруге болады. Арарат тауы Армения аңыздарында ең көп кездесетін топоним болып табылады және оның библиялық Нұх пайғамбардың кемесімен байланысты мифологиялық маңызы ерекше. Бұл тау армян халқы үшін қасиетті орын саналып, ғасырлар бойы халықтың ұлттық санасында сақталып келеді. Араратқа қатысты аңыздардың көптігі бұл таудың тек географиялық нысан ғана емес, сонымен бірге рухани-мәдени символ ретінде қарастырылатынын көрсетеді.


Германиядағы Рейн өзені де аңыздарда жиі кездеседі және бұл өзен герман-скандинав мифологиясында маңызды рөл атқарады. Әсіресе, «Нибелунгтер жыры» сияқты эпостарда Рейн өзені оқиғалар желісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл өзен ежелгі герман тайпалары үшін қасиетті саналған және оның жағалауларында көптеген тарихи шайқастар болған. Осы себепті Рейн өзенімен байланысты аңыздар неміс халық жадында ерекше орын алады.

Қазақстандағы Ұлытау өңірі де аңыздарда көп кездесетін топонимдер қатарына жатады. Қазақ халқының тарихында бұл жер киелі мекен ретінде

қарастырылады. Ұлытау көптеген тарихи тұлғалармен, қазақ хандарының билік орталығымен байланысты. Оның атауы елдің тарихи жадында хан ордаларының орнаған жері ретінде сақталған. Ұлытау туралы аңыздарда көшпелі өмір салтының, ел басқару жүйесінің және ұлттық бірліктің көрінісі байқалады.

Ұлыбританияның Стоунхендж мегалиттік кешені де аңыздарда жиі айтылады. Бұл көне тас құрылысының пайда болуы туралы көптеген мифтер бар, әсіресе кельт дәстүріндегі сиқыршылар мен перілермен байланысты әңгімелер көп кездеседі. Британ фольклорында Стоунхендждің құпиялары ғасырлар бойы сақталған, бұл оны елдің мифологиялық кеңістігінде ерекше орынға ие топонимдердің біріне айналдырды.

Әзірбайжан аңыздарында Каспий теңізі маңызды орын алады дедік. Бұл теңіздің суы мен жағалаулары көптеген мифтік сюжеттер мен тарихи оқиғаларға толы. Каспий теңізіне байланысты аңыздарда көбінесе су перілері, табиғаттың тылсым күштері және теңіздің сырлары айтылады. Бұл халықтың өміріндегі теңіздің маңыздылығын көрсетеді (сурет 5).



Сурет 5 – Аңыздарда ең көп кездесетін топонимдер

Жалпы алғанда, аңыздардағы топонимдердің жиі кездесуі олардың тек географиялық нысан ретінде ғана емес, халықтың тарихи жадында, мәдени құндылықтарында және рухани дәстүрлерінде маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Әрбір халық белгілі бір географиялық атауларды аңыздар арқылы қасиетті орындарға айналдырып, сол арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Бұл топонимдердің ұлттық бірегейлік пен мәдени мұраны сақтаудағы рөлі аса зор. Аңыздар арқылы халықтар өз тарихын, дүниетанымын және өмірлік құндылықтарын бейнелейді, ал белгілі бір географиялық орындар осы процеске арқау болып, ел санасында ерекше мәнге ие болады.

Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар әр халықтың тарихи тәжірибесі, дүниетанымы, наным-сенімі мен табиғатпен байланысын бейнелейтін терең мағыналы фольклорлық мәтіндер болып табылады. Бұл аңыздарда белгілі бір мотивтер жүйелі түрде қайталанып, әр халықтың рухани-тарихи жадын сақтау мен кеңістікті киетұту дәстүрін көрсетеді. Диссертацияда талдауға алынған елдер фольклорындағы топонимдік аңыздардан төмендегідей басты мотивтер анықталды: (кесте 6).

Кесте 6 - Топонимдік аңыздардағы басты мотив

Мотив атауы	Қысқаша сипаттамасы	Мысалдар/Елдер
Табиғат құбылыстары	Таулар, көлдер, өзендер сияқты табиғи нысандардың пайда болуы, ерекше күшке ие деп танылуы	Гейгель көлі (Әзірбайжан), Арарат (Армения), Стоунхендж (Ұлыбритания), Лох-Несс (Ұлыбритания)
Батырлық пен ерлік	Халықты қорғаған батырлардың ерлігі, ерлік оқиғалары арқылы жер атауларының пайда болуы	Бабек, Сиявуш, Қарабас батыр (Әзірбайжан), Ваагн (Армения), Артур патша (Ұлыбритания), Зигфрид (Германия)
Мифологиялық және тылсым күштер	Сиқыр, перілер, рухтар, құбыжықтар мен қасиетті орындардың шығуы мен мәні	Мерлин мен Лох-Несс құбыжығы (Ұлыбритания), Эрлькенинг (Германия), Пери Гала мен үңгірлер (Әзірбайжан, Армения)
Әйелдер ерлігі және махаббат	Қайсар қыздардың ерлігі, құрбандығы, махаббат хикаясы негізіндегі аңыздар	Қыздар мұнарасы (Әзірбайжан), Қырық қыз (Қазақстан), Лорелай (Германия), Аңшы қыздар (Армения)
Құдайлық және діни бейнелер	Қасиетті пайғамбарлар мен діни тұлғаларға қатысты киелі мекендер туралы аңыздар	Нұх кемесі (Армения), Хызыр-Зинда үңгірі (Әзірбайжан), Бешбармақ, Глостенбери Тор (Ұлыбритания)
Тарихи оқиғалар мен жады	Белгілі тарихи кезеңдер, соғыстар, геноцидтер, отарлыққа қарсылықтар негізінде туған аңыздар	Араз бойы, Базз қамалы (Әзірбайжан), (Қазақстан), Гленко трагедиясы (Ұлыбритания)
Географиялық атаулардың шығу тегі	Жер атауының тілдік негізі мен халықтық этимологияға сәйкес түсіндірілуі	Баку – Бадкубе, Шуша, Гянджа (Әзірбайжан), Семей, Тараз (Қазақстан), Лондон (Ұлыбритания)
Ұлттық рух, еркіндік символдары	Халықтың бостандығы үшін күрескен тұлғалар мен мекендер, тәуелсіздік символдары	Бабек, Араз өзені (Әзірбайжан), Мегри таулары (Армения), Ұлытау (Қазақстан), Гамбург (Германия)

Енді бұл мотивтерді тарқатып жазатын болсақ:

1. Табиғат құбылыстары

Бұл мотив табиғаттың – тау, өзен, көл, үңгір, жартас сияқты элементтерінің тылсым күшке ие екендігін, олардың киелі, ерекше орын ретінде қабылданатынын көрсетеді. Аңыздарда бұл нысандардың пайда болуы құдайлық

күдіретпен немесе тылсым жағдайлармен байланыстырылады. Мысалы, Әзірбайжандағы Гейгель көлі мен Армениядағы Арарат тауы, Қазақстандағы Алтай мен Ұлытау, Ұлыбританиядағы Стоунхендж сияқты орындар табиғатпен байланысқан қасиетті мекен ретінде сипатталады.

2. Батырлық пен ерлік мотиві

Батырлық – топонимдік фольклордағы негізгі ұғымдардың бірі. Бұл мотивте халықты қорғаған, әділет үшін күрескен тарихи немесе мифтік батырлар туралы аңыздар кең тараған. Жер атауы сол батырдың ерлігімен байланыстырылады. Мысалы, Бабек (Әзірбайжан) пен Сиявуш, Қарабас батыр, Армениядағы Ваагн мен Ұлыбританиядағы Артур патша бейнелері арқылы кеңістік ерлікпен таңбаланған.

3. Мифологиялық және тылсым күштер

Кейбір аңыздарда кеңістік тылсым құбылыстармен байланыстырылады. Бұл мотивте перілер, сиқыршылар, құбыжықтар, рухтар әрекет ететін, немесе уақыт пен кеңістіктің өзгеше өлшемі ретінде сипатталатын жерлер бейнеленеді. Мысалы, Ұлыбританиядағы Мерлин, Лохх-Несс құбыжығы, Германиядағы Эрлькенинг, Әзірбайжан мен Армениядағы Пери Гала мен үңгірлер – тылсым күштердің мекені ретінде беріледі.

4. Әйелдер ерлігі және махаббат

Бұл мотивте аңыздарда батыл қыздар, сүйіспеншілік жолында құрбан болған әйелдер, не болмаса махаббат трагедиясына байланысты жер атаулары пайда болады. Қыздар мұнарасы (Баку), Қырық қыз, Пери Гала секілді аңыздарда әйелдер бейнесі арқылы кеңістікке терең эмоционалдық мән беріледі. Бұл мотив фольклорда әйелдің қайсарлығы мен ар-намысты сақтау идеясын алға шығарады.

5. Құдайлық және діни бейнелер

Діни сенімдер мен пайғамбарларға қатысты аңыздарда жер атаулары киелі мекен ретінде сипатталып, халықтың рухани дүниетанымын бейнелейді. Нұх пайғамбар кемесі тоқтаған Арарат тауы, Әзірбайжандағы Хызыр-Зинда үңгірі, Бешбармақ тауы – халық санасында қасиетті орындарға айналған. Бұл мотив арқылы кеңістік пен дін арасындағы байланыс көркем тілмен беріледі.

6. Тарихи оқиғалар мен жады

Көптеген топонимдік аңыздарда белгілі бір тарихи оқиғалар – жаугершілік, қасірет, отарлыққа қарсы күрес, азаттық қозғалысы – кеңістік арқылы баяндалады. Бұл мотив халықтың тарихи жады мен ұлттың жадында қалған елеулі сәттерін сақтайды. Шотландиядағы Гленко трагедиясы, Әзірбайжандағы Базз қамалы мен Араз бойындағы жерлер осы сипатқа ие.

7. Географиялық атаулардың шығу тегі

Фольклорда әрбір атаудың белгілі бір оқиғаға, кейіпкерге немесе тілдік ерекшелікке негізделген түсіндірмесі беріледі. Бұл мотив халықтық этимологияға негізделген. Мысалы, Баку – «Бадкубе» (жел соғатын қала), Гянджа – «қазына», Шуша – «таза ауа», Карабах – «үлкен бақ» деген мағыналармен байланыстырылады.

8. Ұлттық рух, еркіндік символдары

Кейбір топонимдер халықтың бостандығы мен еркіндікке ұмтылысын бейнелейді. Бұл мотивте кеңістік ұлттық сана мен рухтың белгісіне айналады. Бабек көтерілісі, Тәрбиз қаласы, Араз өзені, Мегри таулары сияқты жерлер Әзірбайжан халқының тарихи еркіндік күресімен байланысты аңыздарда ерекше орын алады.

2.2 Еуразия кеңістігіндегі әпсаналар (Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан елдері фольклоры бойынша): мифтік мотивтері, ғажайыпты сипаттары, таралу ареалы

Фольклор жанрларының ішінде ерекше саналатын жанрдың бірі – әпсана жанры. Әпсана жанрының анықтамасы «Фольклортану терминдерінің сөздігінде былай берілген: «Әпсана – ертеде болған немесе ойдан шығарылған бір оқиғаны көркемдей баяндайтын шығармалар» [192].

Академик С.А. Қасқабасов бұл жанрды аңыздан гөрі көркем, бірақ көркемдігі ертегіден төмендеу жанр деп баға бере келе: «Аңыз бен әпсана өзара жақын, бірақ бір-бірінен окшаулығы бар екі жанр. Аңыздың мақсаты – бір фактіні, тарихи оқиғаны хабарлап, ол туралы тыңдаушыға мәлімет беру. Демек, аңыздың қызметі (функциясы) – танымдық, мағлұматтық. Ал, әпсананың мақсаты – баяғыда болған немесе болды деген бір оқиғаны, іс-әрекетті немесе жағдайды көркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру», – деп атап көрсетеді [115, б. 150]. Біз де өз тарапымыздан әпсананың бұл функциясы барынша дәл айтылғанын қолдай келе оның бұл қызметі топонимдік әпсаналарға да тән деп айта аламыз. Әпсаналар сол аймақтағы халықтардың дүниетанымы, тарихы, табиғатқа деген көзқарасы мен мәдени ерекшеліктерін көрсетеді. Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан сияқты елдердің топонимдерімен тығыз байланысты әпсаналар арқылы әрбір ұлттың рухани мұрасы мен мәдениеті бейнеленеді. Әпсаналар жер атауларының шығу тегін ғана емес, сонымен бірге халықтың ішкі әлемін, тіл эстетикасын аңызға айналған тұлғалар мен қасиетті орындар жайлы түсініктерін де ашып көрсетеді.

Осындай функция атқаратын әпсаналар Еуразия кеңістігінде кең таралған деуге болады. Ондай әпсаналар жекелеген топонимдерге және сондай топонимдердің туындауына себеп болған жеке тұлғаларға да байланысты болады. Әңгімені сондай кейіпкерден бастайтын болсақ алдымен таңдау Ұлыбританиялық Мерлинге түседі. Мерлин — Ұлыбританияның ең танымал және іс-әрекеті құпияға толы кейіпкерлердің бірі, ол тек сиқырлық өнерді ғана игеріп қоймай, үлкен даналыққа ие болған жан ретінде сипатталады. Мерлин туралы әпсаналар ежелгі кельттік және британиялық мифологияның бөлігі, әрі король Артурдың кемелденуіне зор ықпал еткен тұлға ретінде танымал. Мерлин сиқыршылықпен айналысып, алуан түрлі табиғаттың тылсым күштерін меңгерген. Оның өмірі тек сиқырлықпен шектелмей, ел басқару мен билеушіге дұрыс бағыт беру сынды саяси рөлдерді де қамтыды.

Мерлиннің тарихы түрлі қайшылықтарға толы. Оның әкесі ішкі сырын алдырмайтын құпиялы, әрі белгісіз тұлға болғандықтан, көпшілік оны жартылай адам, жартылай тылсым күш иесі деп санайды. Оның табиғатпен ерекше

байланысы бар деп есептеледі, бұл оның тылсым қабілеттерін күшейте түскен. Мерлиннің мақсаты, көптеген мифтерге сәйкес, Британияны қорғау және Артурға патша ретінде елді дұрыс басқаруға көмектесу болды. Оның даналығы, стратегиясы және пайымшылдығы Король Артурға халықты біріктіріп, Камелот патшалығын құруға мүмкіндік берді.

Мерлинге байланысты эпсаналарда бірқатар географиялық орындар бар. Бұл нысандар кейіпкердің сиқырлық әлемін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және оның табиғатпен байланысының қаншалықты маңызды болғанын көрсетеді.

Стоунхендж тасы — ежелгі Британияның жұмбақ ескерткіші және эпсана бойынша оны Мерлин алып келіп, өзіне сиқырлық орын ретінде пайдаланды деп айтылады. Бұл тастар Англияның Уилтшир аймағында орналасқан және әлемнің ең атақты археологиялық ескерткіштерінің бірі болып табылады. Эпсанада Мерлин бұл тастарды Ирландиядан Англияға өзінің сиқырлы күшінің көмегімен әкелген және оларды сол жерде тылсым ритуалдар үшін қолданған. Стоунхендж британ мифологиясында күдіреттің, сиқырлық пен табиғат күшінің нышаны ретінде сақталған.

Гластенбери Тор — Англияның Сомерсет графтығында орналасқан төбе. Бұл жер Мерлин және Король Артур туралы эпсаналармен тығыз байланысты. Мифтерге сәйкес, Гластенбери Тор — Мерлиннің сиқырлық рәсімдер жасайтын жері, әрі бұл жер қасиетті орын болып есептелген. Төбенің шыңында ежелгі мұнара орналасқан, оны тұрғындар «әулиелердің өткелі» деп атайды. Гластенбери Тордағы мұнараның төңірегінде Артур патша мен оның рыцарлары жайлы көптеген эпсаналар бар, ал Мерлин оны өз қуатын күшейту үшін қолданған.

Гринмен немесе жасыл Адам — Ұлыбритания мифологиясында ерекше орын алған және ғасырлар бойы өзгермей сақталған табиғаттың рухани бейнесі. Бұл эпсананың мазмұны бойынша, Гринмен ормандарды, ағаштарды және басқа да өсімдіктерді мекендейтін, сол табиғаттың бір бөлігі болып табылатын рух ретінде сипатталады. Ол ағаштардың арасында өмір сүріп, адам көзіне сирек көрінеді, тек орманға ерекше құрметпен қараған және оның тылсым әлеміне сенгендер ғана Гринменді байқайды.

Гринмен бейнесі ағаштар мен өсімдіктерден құралған адам пішініне ұқсас. Оны көбіне адамның бет-әлпетіне ұқсайтын жапырақтар, бұтақтар, тамырлар көмкеріп тұрады. Жасыл түс оның табиғатпен, өсімдіктер әлемімен ажырамас байланысын білдіреді. Гринмен бейнесі арқылы табиғаттың тұрақтылығы, оның мәңгілігі мен қайталанбайтын сұлулығы көрсетіледі. Бұл бейне табиғатпен үйлесімді өмір сүруге шақырып, оның күшіне, тылсымына сыйластықпен қарауды ескертеді.

Эпсана бойынша, Гринмен орманда өмір сүріп, өсімдіктердің өсуіне, ағаштардың гүлденуіне және жануарлардың өміріне жауапты. Ол әрбір ағашты, әрбір гүлді, әрбір аң-құсты өз қамқорлығында ұстайды, ал табиғатқа құрметпен қарамайтындарды немесе оған зиян келтіретіндерді жазалайды. Бұл миф табиғаттың күшін және оны қорғау қажеттігін көрсетеді.

Гринмен туралы эпсана Ұлыбритания мәдениетінде табиғатқа деген ізет пен табиғатты қорғау идеясын дәріптейді. Бұл бейне ағаштар мен орманның адам өмірі үшін құндылығын көрсетіп қана қоймай, оларды сақтауға және қорғауға шақырады. Гринменді ежелгі ғибадатханаларда, ортағасырлық шіркеулерде және көне ескерткіштерде жиі кездестіруге болады, өйткені ол табиғаттың және өмірдің мәңгілігін, оның циклдарын бейнелейді.

Гринмен туралы эпсаналарда нақты топонимдер аз кездеседі, өйткені бұл миф табиғат рухының бейнесі ретінде жалпы орман және табиғатқа қатысты концепцияны білдіреді. Дегенмен, Гринмен бейнесі мен осыған байланысты кейбір географиялық орындар Ұлыбританияның табиғат қорғау аймақтарымен, табиғат культімен байланысты атаулы жерлермен тығыз байланыста. Қараңыз:

Шервуд Орманы (Sherwood Forest) – Англиядағы әйгілі орман, бұл жерде Гринменді «табиғат рухы» ретінде қабылдайтын эпсаналар мен аңыздар жиі кездеседі. Бұл орман, көбінесе, Робин Гудтың мекені ретінде танымал болса да, Гринменнің рухы осы орманды күзетіп, оған ерекше қасиет беріп тұрады деген эпсаналар бар.

Англияның Котсуолдс ауданы (Cotswolds) – Гринмен мифологиясымен байланысты жерлердің бірі. Мұнда ежелгі шіркеулер мен тарихи ғимараттарда Жасыл Адам бейнесіндегі мүсіндер кездеседі. Котсуолдс аймағы өзінің жасыл төбелері мен ормандары арқылы Гринмен мифінің табиғатпен тығыз байланысын бейнелейді.

Германия мифологиясындағы ең атақты эпсаналардың бірі – зұлым айдаһар Фафнир мен батыр Зигфрид туралы. Бұл эпсана «Ниbelунгтер туралы жыр» эпосының бір бөлігі болып табылады және батырлық пен жанкештіліктің бейнесі ретінде суреттеледі. Фафнир бейнесі Ниbelунгтердің қазынасын күзетіп жатқан алып айдаһар ретінде белгілі, ал Зигфрид оны жеңіп, мәңгілік даңққа қол жеткізеді.

Фафнир бастапқыда айдаһар емес, Ниbelунгтер әулетінің құдіретті батыры және алып болған. Алайда оның шексіз ашкөздігі мен билікке деген құмарлығы оны айдаһарға айналдырады. Фафнир әкесінің қазынасын тартып алып, оны күзету үшін өзіне алып күш пен айдаһардың қорқынышты денесін еншілейді. Айдаһар бейнесінде ол адамзат үшін өлім мен үрейдің кейпіне айналады.

Батыр Зигфрид болса, әділдік пен батылдықты бейнелейді. Ол Фафнир туралы естіп, қазынаны босатуды мақсат етеді. Зигфрид айдаһарды жеңу үшін өзінің күшін, айласын және ержүректігін пайдаланады. Ол Фафнирдің жүрек тұсына семсермен соққы жасап, оны өлтіреді. Осыдан кейін Зигфрид айдаһардың қанына шомылып, айдаһардың терісін өзін қорғаушы қабыққа айналдырады, бұл оның денесін жарақаттан қорғайтын сауық болады. Алайда айдаһар қаны арқасына тегіс тиіп үлгермегендіктен, оның денесіндегі арқа тұсы бір ғана әлсіз жері болып қалады.

Фафнир мен Зигфрид туралы эпсанада бірнеше географиялық атаулар мен нысандар кездеседі:

Бұл аңыздағы басты топоним — Рейн өзені. Германияның батысынан ағып өтетін Рейн өзені мифологияда киелі мекен ретінде суреттеледі. Ниbelунгтер

казынасы осы өзеннің бойында, тіпті өзеннің астында жасырылады деп айтылады. Рейн өзені тек табиғи орын ретінде ғана емес, тарихи, мәдени мұраның көзі ретінде қарастырылады.

Фафнир жасырынған орынның бірі ретінде Мидгард таулары аталады. Бұл жер айдаһардың қорқынышты әрі тылсым мекені болып суреттеледі. Мидгард таулары ежелгі герман мифологиясында құдіретті күштермен байланыстырылған, ал бұл эпсанада оның шындары батырдың ерлігінің куәсі ретінде көрсетіледі.

Нибелунгтер қазынасы жасырылған үңгір – айдаһардың басты мекені, әрі эпсананың ең маңызды географиялық нысандарының бірі. Бұл үңгір байлықтың, зұлымдықтың және қуаттың орталығы болып табылады. Үңгір тек материалдық байлықты ғана емес, адам бойындағы ашкөздік пен тәкаппарлық мінездерді де бейнелейді.

Фафнир мен Зигфрид туралы миф батырдың даналығын, ержүректілігін және тәуекелге баруын дәріптейді. Бұл аңыз тек физикалық жеңіс ғана емес, адамгершілік қасиеттерді сақтаудың маңыздылығын да насихаттайды. Айдаһарды жеңу арқылы Зигфрид зұлымдықты жеңгенін көрсетеді. Жалпы, қай халықтың болмасын фольклорлық туындысы ізгілік пен зұлымдықтың күресіне негізделеді.

Эрлькениг эпсанасы неміс фольклорындағы ең танымал, әрі қорқынышты оқиғалардың бірі болып табылады. Эрлькениг, яғни Орман Патшасы, ормандарды мекендейтін, тылсым күшке ие құпиялы және қауіпті тұлға ретінде сипатталады. Бұл эпсана бойынша, Эрлькениг орманда жүрген адамдарға, әсіресе балаларға, әлсіз жандарға көрініп, оларды алдап, өзімен бірге алып кетеді. Эрлькениг бейнесі табиғаттың қауіпті және жұмбақ қырын білдіреді, орманның тылсым күшін еске салады және адамдарға орманға сақтықпен қарау керектігін ескертеді.

Эрлькениг орманда адам бейнесінде көрініп, сиқырлы дауыспен адамды өзіне жақындатады. Ол көбіне нәзік, жұмсақ дауыспен сөйлеп, оған жақындағандарды, әсіресе балаларды баурап алады. Оның эпсана бойынша көрінісі және қылықтары адамды алдап, арбауға бағытталған. Эрлькенигтің негізгі мақсаты – адамның рухын өзіне бағындырып, оны орманда мәңгі қалдыру. Бұл эпсана бойынша, оны кездестірген адам орманның тереңіне сіңіп, із-түссіз жоғалады. Эрлькенигтің айтқан әңгімелері сиқырлы, бірақ қайғылы сарынмен өрнектеледі, ол өзінің жәбірленушілеріне уәде береді, бірақ ақыр соңында оларға қорқыныш пен қасірет әкеледі. Бұл эпсана арқылы табиғаттың тек әсемдігі ғана емес, оның тылсым әрі қауіпті жағы көрсетіледі.

Эрлькениг туралы эпсанада нақты номендік атаулар, топонимдер көрсетілмесе де, оқиға макротопонимдермен, яғни Германияның кейбір белгілі ормандары мен табиғат аймақтарымен байланыстырылады. Бұл эпсаналар көбіне Германияның тылсым орманды аймақтарымен, табиғи ескерткіштерімен ұштасады.

Қара Орман (Schwarzwald) – Германияның ең әйгілі орманы. Қара Орман өзінің қалың ағаштары мен тұмшаланған көріністері арқылы тылсым

бейнелердің ортасы саналады. Эрлькениг эпсанасы көбінесе осы орманмен байланыстырылады, өйткені Қара Орман неміс фольклорында құпия мен қауіптіліктің белгісі ретінде көрінеді.

Тюринген Орманы (Thüringer Wald) – Германияның орталығында орналасқан үлкен орманды аймақ. Тюринген Орманы көптеген эпсаналардың, соның ішінде Эрлькениг туралы эпсаналардың негізі ретінде қызмет етеді. Мұнда көне заманнан бері табиғаттың қорқынышты және жұмбақ бейнесін бейнелейтін оқиғалар мен аңыз, эпсаналар айтылып келеді.

Рейн өзенінің аңғары – Эрлькениг туралы кейбір эпсаналар Рейн өзенінің бойындағы ормандарда өрбиді. Рейн аңғары ежелгі заманнан бері мифтер, аңыз, эпсаналармен байланысты орындардың бірі болып саналады, ал мұндағы ормандар мен аңғарлар Эрлькенигтің мекені ретінде суреттеледі.

Эрлькениг эпсанасы неміс мәдениетінде табиғаттың жұмбақты жағын көрсету мақсатында қалыптасқан. Бұл эпсана адамдарды орманға жауапкершілікпен және сақтықпен қарауға шақырады, себебі ормандар тек табиғаттың сұлулығын ғана емес, сонымен қатар оның қауіптілігін де бойында сақтайды. Эрлькенигті «жамандық пен қасіреттің бейнесі» деп санай отырып, миф адамдарды табиғатқа абай болуға шақырады.

Эрлькениг эпсанасы музыка мен өнерде де көрініс тапқан. Мәселен, неміс композиторы Франц Шуберт Эрлькенигке арналған музыкалық туынды жазып, эпсананың қорқынышты тұстарын музыка арқылы жеткізді. Бұл эпсананы Германия мәдениетінде ғана емес, бүкіл Еуропаға таныс болып, ормандарға деген сақтық көзқарас қалыптастырды.

Еуразия кеністігі халықтарының эпсаналарына байыптап қарайтын болсақ, олардың сюжеттерінен олардың ежелден қалыптасқан кәсіптерінің ізін байқауға болады. Сонымен қатар ол елдердің ландшафт жағдайларынан хабар алуға болады. Мысалы, Германия жерлері орманды, қалың жынысты ағаш, талдары көп болып келсе, армян жерлері таулы, тасты болып келеді. Армяндардың эпсаналары ел қорғайтын батырлар мен халықты жарылқаушы құдайларға қатысты өрбіп отырады. Мәселен, құнарлылық құдайы Анаит туралы осыны айтуға болады. Бұнымен қатар армян мифологиясында соғыс құдайы Ваагн туралы эпсаналарда сақталған. Ол соғыс, от және жауынгерлік рух құдайы ретінде сипатталады. Ол Армения жерінің қорғаушысы, зұлымдықпен күресуші, оттың және күннің бейнесі. Ваагн ерлігінің, күші мен батылдығының арқасында армян халық фольклорында ерекше орын алған. Оның басты қарсыластары — айдаһарлар, олар зұлымдықты бейнелейді. Ваагн осы құбыжықтарды жеңіп, әділеттілік пен жарықты қайтарады деп сенген.

Арарат тауы – Арменияның символы, әрі елдің киелі орны дедік. Ваагн мен айдаһарлардың шайқасы осы тау маңында немесе оның тылсым әлемінде өтті деп есептеледі. Арарат тауы армян халқы үшін қасиетті орын, ол халықтың рухани тірегі мен қорғаушы ретінде танылған. Ваагнның осы тауды қорғауысы және зұлымдықты жеңуі оның Армения үшін қорғаушы ретіндегі рөлін айқындай түседі.

Севан көлі – Арменияның табиғи кереметтерінің бірі және елдің мақтанышы. Вагнның жалынды оты осы көлді жарыққа толтырып, айналасындағы аймақтарды жаулардан қорғауға көмектескен деп айтылады. Көлдің қасиетті суы армян халқы үшін қуат пен өмірдің нышаны, ал Вагнның жалындаған күші оған қорғаныс береді.

Вагнның күші көбінесе аспан мен тауларда көрініс тапқан. Оның отты күші арқылы ол аспаннан жауды аңдып, оны өз күшін пайдаланып жеңіп отырды. Аңыз бойынша, оның отты жалыны тек жер бетінде ғана емес, аспан кеңістігінде де байқалып, елдің шекараларын қорғаған.

Вагнның ең әйгілі ерліктерінің бірі – айдаһарлармен шайқасы. Ол жойқын айдаһарларды жеңу арқылы әлемді хаостан және жойқын апаттан сақтайды деген әпсана бар. Айдаһарлар зұлымдықтың, күштің және тәртіпсіздіктің бейнесі болғандықтан, олардың жеңілісі әділеттілік пен жарықтың салтанат құруын білдіреді. Вагнның отты күші оның жауларын жеңуіне септігін тигізді. Осы шайқастарда ол Арменияның қорғаушысы, тәуелсіздік пен қауіпсіздікті камамасыз ететін күш ретінде танылды.

Анаит – армян мифологиясындағы құнарлылық, су және аналықтың белгісі ретінде құрметке ие құдай. Ол халықты қамқорлығына алып, оларға өмірге қажетті құнарлылық пен берекені сыйлайды. Анаит құдайы тек табиғаттың емес, адамдардың тіршілігінің сақтаушысы, молшылық пен амандықтың бастауы ретінде танымал. Әпсана бойынша, оның киелі сулары мен ормандары өмірдің негізгі күші болып есептелген және ол халықты түрлі табиғи апаттардан, аштық пен қуаңшылықтан қорғап отырған.

Анаит құдайы құнарлы жерлер мен таза сулардың иесі, оның киелі өзендері армян халқын қоректендіріп, табиғи әлемді тіршілікпен қамтамасыз еткен. Әпсана бойынша Анаит қасиетті өзен мен бұлақтардың бойында өмір сүріп, адамдарға жыл сайын жаңа өнім, табиғатқа байлық пен береке сыйлаған. Оның мейірімділігі, қамқорлығы әрқашан елге тыныштық пен бейбітшілік әкелген. Өзендерге барғандар суға дұға етіп, оның құрметіне құрбандықтар шалып, одан береке мен жақсылық тілеген. Анаитқа табыну және оның киелі суларына, олардың аталу ерекшелігіне деген құрмет армян халқының ежелгі дәстүрінің бір бөлігіне айналған.

Аракс өзені – Арменияның ең үлкен және қасиетті өзендерінің бірі. Анаиттың құдіреті Аракс өзенінде де көрініс тапқан. Бұл өзен халыққа құнарлылық, егіндікке бай су ресурсын береді деп есептелген. Аракс өзені арқылы Анаиттың халыққа деген қамқорлығы мен табиғат байлығын сақтау ниеті көрінеді.

Севан көл – Армениядағы ең ірі көлі және су құдайы Анаиттың қасиетті мекендерінің бірі деп есептеледі. Бұл көлдің тұнық сулары халық үшін ерекше қасиетті болып саналған, және олар Севан көлі арқылы Анаиттың мейірімділігін сезінген.

Аралат тауында Анаиттың рухы деген сенім де бар. Осы тау арқылы адамдарға береке әкелінеді деп сенілген.

Әпсанада Анаит адамдарды табиғатты қорғауға, оған құрметпен қарауға шақырады, өйткені ол барлық тіршіліктің көзі және тірек күші. Анаит туралы әпсаналар басқа халықтар секілді армян мәдениетінде де табиғатқа асыраушы деп қарау, оны қорғау идеясын насихаттайды.

Әзірбайжанның мифологиясында Гейгель көлі мен Қасқыр жартасы туралы әпсана елдің табиғатқа және жануарлар әлеміне деген ерекше ықыласын көрсетеді. Қасқыр жартасы мен Гейгель көлі табиғаттың ерекше орындары ретінде қасиетті болып есептеледі және оларды халық тек қана табиғи нысан емес, тылсым күш иелерінің мекені ретінде қабылдап, осылайша атаған.

Гейгель көлі – Әзірбайжанның әсем табиғи көлдерінің бірі, ерекше көгілдір түсті сулары мен тұнықтығы арқылы танымал. Әпсана бойынша, бұл көл құдайлардың ерекше қорғауында болған және оның суы қасиетті деп есептелген. Гейгель көлінің ерекше түсі мен тереңдігі оны жұмбақ әрі қасиетті деп тануға себеп болған.

Көне әпсанаға сәйкес Гейгель көлі аспанның бейнесін көрсететін айна іспетті. Әпсана бойынша, оның суы кез-келген қастандықты немесе жамандықты өзінен кері қайтарып, тек жақсы ойлы, адал жүрек иелеріне ғана өз құпияларын ашады. Жергілікті тұрғындар арасында Гейгельдің киелі суы арқылы рухани тазару мүмкін деген сенім қалыптасқан.

Қасқыр жартасы Гейгель көлінің айналасындағы табиғи ерекшеліктердің бірі болып саналады. Әпсанада Қасқыр жартасының маңайында киелі қасқырлардың рухы өмір сүреді деп айтылады. Қасқырлар Әзірбайжан ұғымында батылдық пен күштің нышаны ретінде танылғандықтан, олардың рухының бұл жерде болуы қасиетті деп есептелген.

Қасқыр жартасы ежелгі дәуірде сол мандағы тұрғындарды қорғаушы күш ретінде қабылданып, ол жерге адамдар жиі келіп, құрбандықтар шалып, елге бейбітшілік, ұрпаққа батырлық тілейтін болған. Әпсана бойынша, түнде бұл жартас маңайында қасқырлардың көлеңкелері байқалып, олардың ұлыған дауыстары естіліп тұрады. Сондықтан да жартас – қасқыр жартасы деп аталған. Топонимдердің жер рельефіне, белгілі бір оқиғаға, не болмаса осы секілді құбылысқа байланысты қойылып отыратын ерекшелік қай халықтың да әпсаналарында кездесіп отырады.

Гейгель көлі мен Қасқыр жартасы туралы әпсаналар Әзірбайжан халқының табиғатқа деген сергек көзқарасына байланысты деп айтуға болады. Бұл әпсаналар арқылы халық өз жерінің табиғи сұлулығын, киелі орындарын құрметтеуді үйренген.

Гейгель көлі мен Қасқыр жартасына топонимдік атау бергеннің өзінен Әзірбайжан халқының табиғатқа, қоршаған ортаға деген ерекше қатынасы байқалады.

Еуразия кеңістігінде өмір сүретін халықтардың бірі ретінде қазақ халқының да топонимдік әпсаналары өзіндік спецификасымен ерекшеленеді. Бұл жерде айта кететін жәйт Еуразия кеңістігінде болсын, жер шарының басқа құрлықтарында болсын жер-суға байланысты әпсаналар негізінен табиғатқа, қоршаған ортаның белгілі, белгісіз құпия сырларына байланысты болып келеді.

Дейтұрғанмен, зерттеу барысында Еуразия кеңістігі халықтарының топонимдік әпсаналарының бірдей еместігі байқалды. Қай халық табиғат аясында көбірек өмір сүрсе сол халықта бұндай әпсаналар молырақ кездесетіндігі көзге түседі. Мәселен, жоғарыда Әзірбайжандағы «Қасқыр жартасы» әпсанасы инвариантты болып келсе, көшпелі өмір салтын ұстанып ғұмыр кешкен қазақ халқында қасқырға қатысты топонимдік әпсаналар көпнұсқалы болып келеді. Қазақтар қасқырды өздерінің тотемі болғандықтан тікелей атамай «бөрі» деп айтады.

Қазақ танымында Көк Бөрі – қазақ халқының ең танымал және қасиетті бейнелерінің бірі. Бұл әпсананың негізгі мазмұны бойынша Көк Бөрі халықтың қорғаушысы, рухани жетекшісі және тәңірлік символ ретінде көрінеді. Көк Бөрі қиын кезеңдерде қазақтарға қолдау көрсетіп, оларды сақтап қалған деген сенім қалыптасқан. Ол тек қорғаныш пен қуаттың бейнесі ғана емес, халықтың рухани тәуелсіздігін білдіретін киелі ұғым ретінде де ерекше орын алған. Сондықтан да қазақтар бөріні өздерінің жебеушісі деп біліп, туларына бөрінің бейнесін түсірген, соғыста ұранқылып шақырған. Сүйінбай ақынның:

Бөрі басы – ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым! –

деп жырлауы осыны білдіреді [193]. Әпсана бойынша қазақтар қуғын-сүргінге ұшыраған немесе ашаршылық сияқты қиын-қыстау кезеңдерде Көк Бөрі оларға жол көрсетіп, қиындықтан шығуына көмектескен. Бір заманда қазақ елі жаулардың шабуылынан қатты зардап шегіп, өз жерінен қуылады. Осы қиын кезеңде Алтай тауларынан тылсым Көк Бөрі пайда болып, елді құтқаруға және оларға жаңа бағыт сілтеуге көмектеседі. Көк Бөрі өзінің тапқырлығы мен батылдығының арқасында жауларды жеңіп, халыққа бейбіт өмір сүруге мүмкіндік береді.

Әпсанада Көк Бөрі халықтың қолдаушысы ретінде суреттеледі. Көк Бөрі туралы әпсана Қазақстанның Алтай тауларымен тығыз байланысты. Алтай таулары тек жеке тұрған ореним ғана емес, ол түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың қасиетті мекені, отаны. Өйткені бұл жерде ежелгі халықтардың тамыры жатыр деп есептеледі.


Көк Бөрі – қазақ танымында тәңірлік күштің және тәуелсіздіктің символы. Бұл бейне қазақ халқының өмірінде ерекше орын алып, ұлттық рухты, бірлік пен батырлықты дәріптейді. Көк Бөрі – тек қорғаушы емес, сонымен қатар халықтың сенімі мен рухани бірлігінің белгісі. Қазақ танымында ол тек өткен заманның аңызы ғана емес, қазіргі қазақ халқының болмысында әлі де өмір сүріп келеді. Өйткені, Көк Бөрі туралы әпсана бүгінгі күндері халықтың тәуелсіздік рухын да бейнелейді.

Фольклорда географиялық нысандар ерекше орын алады, өйткені олар қасиетті жерлер, батырлық оқиғалар өткен мекендер немесе сиқырлы күштерге ие аймақтар ретінде қарастырылады. Сондықтан да Ұлыбритания, Германия,

Армения, Әзірбайжан және Қазақстан халықтарының фольклорында таулар, өзендер, ормандар мен көлдерге байланысты әпсаналар жиі кездеседі.

Әр елдің фольклорында географиялық нысандардың рөлі мен таралу деңгейі әртүрлі. Кейбір халықтарда әпсаналар тарихи оқиғалармен, ұлттық бірегейлікпен тікелей байланысты болса, кейбір елдерде табиғат пен сиқырлы күштерге деген сенім басым. Осы ерекшеліктерді зерттеу әр халықтың мәдени құндылықтарын, тарихи танымын, эстетикалық зердесін және экологиялық көзқарасын түсінуге мүмкіндік береді.

5 сурет әр ел фольклорлық туындыларында көрініс беретін географиялық нысандардың жиілігін қарастырады.



Сурет 5 – Әпсаналардың елдің географиялық нысаны бойынша таралуы


Диаграмма көрсеткендей, Қазақстан (8 нысан) және Ұлыбритания (7 нысан) фольклорында географиялық нысандар жиі кездеседі. Бұл осы елдердің мифологиясында тарихи және қасиетті жерлердің ерекше рөл атқаратынын көрсетеді. Мысалы, Қазақстанда Алтай, Ұлытау, Еділ мен Жайық т.б. топонимдер орын алса, Ұлыбританияда Стоунхендж, Гластенбери Тор және Шервуд орманы сияқты топонимдер қамтылады. Германия (6), Армения (5), Әзірбайжан (4) елдерінде де маңызды географиялық нысандар бар, бірақ олардың саны салыстырмалы түрде аз. Бұл елдерде фольклор кейіпкерлері мен оқиғаларына көбірек мән берілсе, кейбір географиялық нысандар символикалық сипатта қарастырылады.

Фольклорлық сюжеттердегі басты мотивтерді қарасақ, табиғат культі (8) және рухани мағынада алынған тұлғалар (7) басымдыққа ие. Бұл халықтардың табиғатпен байланысын, қасиетті орындарға және рухани күштерге деген сенімін көрсетеді.

Батырлық (6) мотиві әсіресе Қазақстан, Германия және Армения фольклорында айқын көрінеді (Көк Бөрі, Зигфрид, Ваагн).

Сиқыр (5) мотиві Ұлыбритания мифологиясында ерекше дамыған (Мерлин, Гринмен).

Құдайлар (4) Армения, Әзірбайжан фольклорына тән (Анаит, Ваагн, Гейгель көлінің рухы) (сурет 6).



Сурет 6 – Әпсаналардың негізгі тақырыптары

Қазақстан фольклорында тарихи оқиғаларға, батырлыққа, халықтың рухани бірлігіне баса назар аударылады.

Ұлыбритания фольклоры табиғат, сиқыр, қасиетті нысандарға ерекше мән береді.

Германия фольклоры батырлық пен қаһармандықты, сондай-ақ зұлым күштермен шайқасуды сипаттайды.

Армения фольклорында құдайлар мен рухани күштер ерекше орын алған, сондай-ақ батырлық эпостар мен байланысты әпсаналар маңызды.

Әзірбайжан фольклоры табиғат культі мен қасиетті жануарларға, қасиетті орындарға қатысты аңыздармен ерекшеленеді.

Еуразия кеңістігіндегі топонимдік әпсаналар әр халықтың табиғатқа, тарихқа, мифологияға және рухани болмысқа деген көзқарасын бейнелейтін күрделі танымдық құрылым ретінде көрінеді. Әр елдің әпсана мазмұнында қайталанып отыратын тұрақты мотивтер бар, оларды бірнеше топқа жіктеуге болады (кесте 7).

Кесте 7 - Топонимдік эпсаналардың мотивтері

Мотив атауы	Қысқаша сипаттамасы	Кездесетін елдер	Негізгі кейіпкерлер/
Табиғат культі	Табиғат нысандарының киелілігі мен қорғаушы рух ретінде қабылдануы	Ұлыбритания, Германия, Әзірбайжан, Армения, Қазақстан	Гринмен, Қара орман, Гейгель көлі, Севан көлі, Алтай, Арарат тауы
Батырлық пен қаһармандық күрес	Зұлымдыққа қарсы күрес, халықты қорғау	Германия, Армения, Қазақстан	Зигфрид, Ваагн, Көк бөрі
Сикыр және тылсым күштер	Сикырлы қабілеттер, табиғатпен атасқан тылсым әрекеттер	Ұлыбритания, Германия, Армения	Мерлин, Стоунхендж, Эрлькенинг, Ваагн
Құдайлар мен киелі жаратылыс	Құдайлар, қасиетті рухтар және жануарлар арқылы жер атауларының пайда болуы	Армения, Әзірбайжан, Қазақстан	Анаит, Ваагн, Қасқыр жартасы, Көк Бөрі
Тарихи жады, ұлттық рух	Ұлттың басынан өткен тарихи оқиғалар мен рухани-танымдық тірек ретінде қабылдануы	Қазақстан, Германия, Армения	Алтай, Ұлытау, Бөрілі байрақ, Арарат тауы, Рейн өзені

Енді бұл эпсаналардың мотивтерді тарқатып айтсақ:

1. Табиғат культі

Көптеген елдердің фольклорында табиғи нысандар – орман, тау, өзен мен көл тек географиялық объект ретінде емес, киелі, рухани мәні бар мекендер ретінде сипатталады. Бұл мотив әсіресе табиғатпен етене өмір сүрген халықтардың дүниетанымда айқын көрініс табады.

Мысалы, Ұлыбританиядағы Гринмен – орман рухы ретінде танылып, табиғаттың мәңгілік жаңғыруын білдіреді, ал Стоунхендж мен Шервуд орманы – тылсым мен қасиеттіліктің нышаны. Германия фольклорында Қара орман мен Эрлькенинг образы табиғаттың тылсым әрі қауіпті болмысын бейнелейді. Әзірбайжан топонимдерінде Гейгель көлі мен Қасқыр жартасы киелі табиғи нысандар ретінде сипатталса, Арменияда Севан көлі мен Арарат тауы халықтың рухани символына айналған. Қазақстанда Алтай, Еділ, Жайық пен Ұлытау сияқты жерлер табиғат пен кеңістіктің киелі, ата-баба рухымен байланысқан мекені ретінде беріледі.

2. Батырлық пен қаһармандық күрес

Фольклорлық мәтіндерде кең таралған келесі мотив – батырлық пен зұлымдыққа қарсы күрес. Бұл мотив арқылы халық өз идеалдарын – ерлік, әділет, ел қорғау сияқты құндылықтарды бейнелейді.

Германияның әйгілі Зигфрид пен Фафнир туралы эпсанасы айдаһармен шайқасу арқылы ерлік пен өжеттікті дәріптейді. Арменияда Ваагн бейнесі зұлым айдаһарларға қарсы күресіп, әділетті орнатушы құдай ретінде көрінеді.

Қазақстанда Көк Бөрі – тек тотем емес, халықтың қорғаушысы, жебеушісі және бірліктің символы. Ал, Ұлыбританияда Артур патшасы мен Мерлин елдің тұтастығы мен әділдігін сақтаушы кейіпкерлер ретінде сипатталады.

3. Сиқыр және тылсым күштер

Сиқыр мен тылсым күштер мотиві әсіресе мифологиясы сиқырлы оқиғаларға толы елдер фольклорында ерекше орын алады. Бұл мотив кеңістікке ерекше қасиет дарыту, табиғатпен астасқан құбылыстарды түсіндіру үшін қолданылады. Ұлыбританияда Мерлин бейнесі сиқырлы күш пен көріпкелдікті білдіріп, Стоунхендж оның тылсым рәсімдер жасаған орны ретінде баяндалады. Германияда Эрлькенинг – арбаушы орман рухы ретінде табиғаттың жұмбақ әрі қауіпті қырын көрсетеді. Арменияда Ваагн от пен күннің құдыретін бойына жинаған, аспаннан жауды андитын тылсым күш иесі ретінде суреттеледі.

4. Құдайлар мен киелі жаратылыс

Кейбір елдердің топонимдік эпсаналарында ежелгі құдайлар мен киелі рухтар басты орын алады. Бұл мотив – халықтың мифологиялық жүйесін, діни сенімдерін және табиғатты киетуту көзқарасын айқын көрсетеді.

Арменияда Анаит – құнарлылық пен мейірімділік құдайы, ал Ваагн – соғыс пен оттың құдайы ретінде ел қорғаны саналған. Әзірбайжан мифтерінде Гейгель көлінің рухы мен қасиетті қасқырлар табиғаттың киелілігін білдірсе, Қазақстанда Көк Бөрі киелі жаратылыс ретінде халықты бастап, жол көрсететін рух иесі ретінде бейнеленеді.

5. Тарихи жады, ұлттық рух

Эпсаналар халықтың тарихи жадын сақтап, оның өткенін ұлықтауға арналған көркем форма болып табылады. Бұл мотив арқылы елдің бірлігі, еркіндікке ұмтылысы және ұлттық болмысы суреттеледі.

Қазақстан фольклорында Бөрілі байрақ, Алтай – түркі халықтарының отаны, рухани негізі ретінде саналады. Армения үшін Арарат тауы ұлттық символ, ал Германияда Рейн өзені мифтер мен тарихи санада орын алған өзен. Бұл нысандар тек географиялық атау ғана емес, халықтың ұлт болып қалыптасуындағы тарихи-рухани ізі ретінде көрсетіледі.

2.3 Топонимдік нарративтердің халықтардың мәдени ықпалдастығына әсері: салыстырмалы талдау

Топонимикалық нарративтер – халықтардың рухани мұрасы мен мәдениетінде елеулі орын алатын, белгілі бір географиялық орындардың атауларымен байланысты аңыздық, эпсаналық сарындағы тарихи оқиғалар. Әрбір топоним белгілі бір аймақтың тарихи, мәдени және табиғи ерекшеліктерін бейнелейді, сонымен қатар халықтың сол жермен байланысты тәжірибесі мен көзқарасын қалыптастырады. Еуразия кеңістігінде әртүрлі халықтардың топонимдік аңыздары географиялық атауларды түсіндіре отырып, сол халықтар арасындағы мәдени ықпалдастықтың дамуына ықпал етеді.

Топонимдік аңыздар халықтардың мәдени және тарихи жадысын сақтауға көмектеседі. Олардың мазмұнында белгілі бір табиғи құбылыстарды немесе тарихи оқиғаларды сипаттау арқылы сол кезеңдегі қоғамның көзқарасы көрініс

табады. Өртүрлі халықтардың мифтері мен аңыздарында, эпсаналарында кездесетін ортақ тақырыптар мәдени ықпалдастықты күшейтеді. Мысалы, тау, өзен, орман секілді табиғат нысандары көптеген халықтардың топонимдік нарративтерінде кездеседі, бұл олардың табиғатпен тығыз байланысын көрсетеді.

Көптеген топонимдер өзге тілдер мен мәдениеттердің әсерімен өзгеріске ұшыраған. Тарихи оқиғалар жаулап алу немесе сауда-саттық байланыстары нәтижесінде бір халықтың тіліне екінші халықтың топонимдері еніп, жаңа атаулар қалыптасады. Мысалы, Қазақстанның кейбір аймақтарындағы жер атаулары парсы және араб тілдерінің әсерін көрсетеді, бұл өзара мәдени және экономикалық байланыстардың дәлелі.

Еуразия халықтарының топонимдік аңыздары арасында ортақ мотивтер мен кейіпкерлерді кездестіруге болады, бұл халықтар арасындағы мәдени алмасудың нәтижесі. Мысалы, Германияның Лорелай жартасы, Қазақстанның Алтай тауы және Арменияның Арарат тауы туралы аңыздар белгілі бір ортақ рухани түсініктер мен табиғатқа деген құрметті насихаттайды. Бұл ортақ мотивтер мәдени ықпалдастықтың негізін қалайды, әрі өртүрлі халықтар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсінуге мүмкіндік береді.

Көші-қон және этникалық байланыстардың нәтижесінде пайда болған топонимдер халықтар арасындағы мәдени ықпалдастықтың көрсеткіші болып табылады. Көшіп-қонған халық өз жерінің атауларын жаңа мекендерде де қолданған. Бұл миграциялық процесстер мәдени ықпалдастықтың үздіксіз жүріп отырғанын көрсетеді. Мысалы, қазақ, қырғыз және башқұрт халықтарының арасында ортақ топонимдер мен табиғи нысандардың атаулары ұқсас келеді.

Төменде әр халықтың аңыздары мен эпсаналарының салыстырмалы талдауы кестелер арқылы көрсетілген. Кестелерде әр халықтағы аңыздар мен эпсаналардың негізгі тақырыптары, олардың кейіпкерлері, географиялық ерекшеліктері және мәдениетке әсері талданған (кесте 8).

Кесте 8 - Аңыздардың салыстырмалы талдауы

Ел	Аңыз атауы	Кейіпкерлер	Негізгі тақырыптар	Топоним дер	Танымдық мәні
1	2	3	4	5	6
Қазақстан	Жерұйық туралы эпсана	Асан Қайғы	Құтты мекен іздеу; бейбіт өмір	Жерұйық (қиялдағы мекен)	Қазақ халқының бейбітшілік пен берекеге деген құштарлығын бейнелейді
Армения	Арарат тауының аңызы	Арарат құдайы	Киелі орын, рухани күш	Арарат тауы	Арарат — армян халқының рухани тірегі, ол киелі және қасиетті орын ретінде құрметтеледі

8 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Германия	Лорелай жартасы	Лорелай	Табиғаттың сұлулығы және қауіптілігі	Рейн өзені, Лорелай жартасы	Табиғаттың екі қырын тану арқылы неміс мәдениетінде табиғатқа сақтықпен қарау қалыптасқан
Әзірбайжан	Гейгель көлі туралы аңыз	Қасқыр рухы	Қасиетті жер, табиғатпен үйлесім	Гейгель көлі	Табиғат пен аң, жануарларға құрмет көрсету қажеттігін насихаттайды.
Ұлыбритания	Король Артур туралы аңыз	Артур, Мерлин	Патриотизм, әділдік, сиқырлық	Камелот, Эйвон өзені	Артурдың патшалық құруы британ халқының патриоттық рухын арттырады.

Бұл аңыздарда ортақ бірнеше тақырыптар бар:

- Әр халықтың аңыздарында батырлық пен қорғаушы кейіпкерлер бар. Бұл ерекшелік халықтардың болашаққа ортақ ұмтылысын көрсетеді: тәуелсіздікке, әділдікке және рухани күшке ие болуға деген ұмтылыс.

- Көптеген аңыздар белгілі бір табиғи нысандарымен байланыстырылған, мысалы, Жерұйық, Арарат таулары, Рейн өзені, Эйвон өзені және Гейгель көлі. Бұл нысандардың киелі, әрі сакральды мәнге ие болуы олардың халық санасындағы маңыздылығын көрсетеді.

Туризм саласын дамытуда бұл аңыздар негізінде экскурсиялық бағдарламалар құру арқылы әрбір елдің мәдениеті мен аңыздарын насихаттауға болады (кесте 9).

Кесте 9 - Әпсаналардың салыстырмалы талдауы

Ел	Аңыз атауы	Кейіпкерлер	Негізгі тақырыптар	Топонимдер	Танымдық-эстетикалық мәні
1	2	3	4	5	6
Қазақстан	Көк Бөрі туралы аңыз	Көк Бөрі	Халықтың қорғаушысы, ұлттық рух беруші	Алтай таулары	Көк Бөрі — ұлттық тотем, табиғатпен байланыс, қорғаушы рух ретінде қабылданады
Армения	Анаит құдайы	Анаит	Құнарлылық, су, табиғат қорғау	Аракс өзені, Севан көлі	Анаиттың киелі нысандармен байланысы армян халқының табиғатқа құрметін көрсетеді

9 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Германия	Нибелунгтер туралы аңыз	Зигфрид	Батырлық, әділдік, айдаһарды жеңу	Рейн өзені	Зигфридтің батырлығы — Германияның ұлттық эпосында көрініс тапқан батырлықтың символы.
Әзірбайжан	Қасқыр жартасы туралы әпсана	Қасқыр рухы	Киелі рухтар, табиғатпен үйлесім	Қасқыр жартасы	Табиғатқа, киелі жерлерге және аң-жануарларға құрметпен қарау идеясын насихаттайды.
Ұлыбритания	Жасыл Адам (Гринмен)	Жасыл Адам	Табиғат рухы, табиғатты қорғау	Шервуд орманы, Йоркшир Дейлз	Жасыл Адам — табиғатты қорғаудың және онымен үйлесімді өмір сүрудің символы.

Әпсаналардағы тақырыптар көбінесе табиғатпен байланысу, оның қорғаушы рухтарын қадірлеу және қоршаған ортаға құрметпен қарау сияқты мотивтерге негізделеді:

- Әпсаналарда табиғат ерекше қастерленіп, оның киелі нысандары ретінде өзендер, көлдер, ормандар бейнеленеді. Мысалы, Анаит пен Жасыл Адам табиғат қорғаушысы, ал Лорелай мен Қасқыр рухы табиғаттың қауіпті тұстарын және қорғаушы жақтарын көрсетеді.

- Әр халықтың өзіне тән табиғат құбылыстарына деген нанымдары бар. Мысалы, армяндар үшін Аракс өзені мен Севан көлі құнарлылықтың белгісі болса, қазақтар үшін Жерұйық бейбітшілік пен молшылықтың мекені ретінде мифтік сипатқа ие.

Экологиялық ағарту бағдарламаларын құруда бұл әпсаналар табиғат қорғау, экологиялық білім беру шараларының негізі ретінде қолданыла алады.

Әрбір топоним белгілі бір географиялық нысанмен, оқиғамен немесе кейіпкермен байланысты болғандықтан, халықтардың ұжымдық жадында орнығып, олардың ұлттық санасының ажырамас бөлігіне айналады. Еуразияның кең байтақ кеңістігіндегі түрлі елдердің фольклорында сақталған топонимдік аңыздар ортақ белгілерге ие бола отырып, мәдени ықпалдастықтың айқын көрінісі болып табылады.

Көптеген Еуразия халықтарының топонимдік аңыздары табиғат нысандарын киелі санаумен тығыз байланысты. Ұлыбританиядағы Жасыл Адам (Гринмен), Армениядағы Анаит құдайы, Әзірбайжандағы Қасқыр жартасы, Қазақстандағы Көк Бөрі бейнесі сияқты әпсаналарда табиғатпен ерекше байланыс пен оған деген құрмет айқын көрініс табады. Бұл әпсаналарда орман,

тау, өзен, көл сияқты табиғи нысандар адам өміріне қажетті қасиетті жерлер ретінде суреттеледі. Осындай ортақ түсініктер халықтардың табиғатпен үйлесімде өмір сүруге деген ұмтылысын көрсетеді және олардың қоршаған ортаға деген ерекше қарым-қатынасын бейнелейді. Табиғатқа құрметті арттыру үшін осындай эпсаналардың негізінде экологиялық тәрбие беру жобаларын дамыту мүмкіндігі бар. Мысалы, мектептерде немесе мәдени орталықтарда табиғатты қорғау мен оған қамқорлық көрсету идеяларын насихаттайтын мәдени іс-шаралар ұйымдастыруға болады. Бұл ұрпақтар арасындағы экологиялық сана мен табиғатқа деген құрметті күшейтуге көмектеседі.

Еуразия елдеріндегі топонимдік эпсаналарда кейіпкерлердің белгілі бір ұқсастықтары байқалады. Мысалы, Германиядағы Лорелай жартасының рухы мен Қазақстандағы Көк Бөрі рухани көмек көрсететін кейіпкерлер ретінде елестетіледі. Екі кейіпкер де белгілі бір топонимге байланған, әрі табиғаттың қорғаушысы болып саналады. Бұл эпсаналарда әрбір кейіпкер өз жерін сыртқы қауіптен қорғайтын құдіретті күш ретінде бейнеленіп, олар халықтың ұлттық рухы мен тәуелсіздікке деген ұмтылысын көрсетеді. Туризм саласында осы ұқсас кейіпкерлерді пайдалану арқылы ортақ экскурсиялық бағдарлар жасауға болады. Мысалы, мифологияны жақсы көретін саяхатшылар үшін «Қорғаушы рухтар ізімен» атты халықаралық туристік маршруттар ұйымдастыруға болады, бұл халықтардың мифологиялық, эпсаналық кейіпкерлерін таныстырып қана қоймай, Еуразия кеңістігінде өмір сүретін халықтардың арасындағы мәдени ықпалдастықты нығайтады.

Армян мифологиясындағы Анаит құдайы мен қазақ мифологиясындағы Көк Бөрі бейнесі құдайлар мен рухани күштерге табыну тақырыбын көтереді. Анаит құдайы Арменияда құнарлылық пен су құдайы ретінде құрметтелсе, Көк Бөрі қазақ халқында тәңірлік құбылыс ретінде, яғни көк аспанмен байланысқан құдіретті күш ретінде қарастырылады. Бөрі – көктің, яғни тәңірдің аңы деп есептеледі. «Иттің-иесі бар, бөрінің-тәңірісі бар» дегенде қазақ халқы қолындағы итті асырайтын, жарылқайтын адам (иесі) деп білсе, түзде жүрген бөріне жарылқайтын, қамқорлық жасайтын иесі – тәңірі деп біледі.

Түркітілдес тайпалар көк бөріні өздерінің шығу тегімен байланыстырып, ұранға айналдырған. Оның «көк бөрі» аталуы бөрі түсінің көктігінен туған ұғым емес, қайта «көктен келген көк аспанның бөрісі – Көк Тәңірдің бөрісі, киелі бөрі» деген түсініктен туған. Халық ішінде бөрінің «Тәңірдің серісі» аталуы да сондықтан [194].

Жалпы, әрбір халықтың мифологиясында, танымында, аңыздық, эпсаналық сарындағы шығармашылықтарында рух беретін күштерге табыну мен оларды өз өмір-тіршілігіне байланыстыру арқылы табиғатқа жақын болуға деген ұмтылыс бар. Осыны жандандыру үшін халықаралық фестивальдер мен мәдени көрмелер ұйымдастырып, осы құдайлар мен рухани бейнелерді көрнекілендіру арқылы халықтар арасында мәдени алмасу мүмкіндіктерін кеңейтуге болады. Бұл іс-шаралар халықтардың өз мәдениетін көрсетуі арқылы олардың арасында өзара түсіністік орнатуға ықпал етеді.

Әрбір елдің географиялық орналасуына байланысты оның топонимдік аңыздарының өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, Ұлыбританияның Жасыл Адам аңызы ормандар мен ағаштарға баса назар аударды, бұл елдің орманды алқаптарының көптігінен туындаған түсінік. Германияның Лорелай жартасы Рейн өзенімен байланысты, өйткені өзен мен су нысандары Германия үшін маңызды. Қазақстанның Көк Бөрі әпсанасы болса, көбіне кең дала мен тауларға бағытталған, бұл қазақтардың табиғат аясында үйлесімді өмір сүргенін көрсетеді. Сайып келгенде әрбір халықтың аңызы, әпсанасы өз аймағының табиғи ерекшеліктерін көрсету арқылы оларды өзіне тән топонимдік бейнемен таныстырады.

Туризм саласында аймақтың топонимдік ерекшеліктерін насихаттау үшін әр елдің әпсаналарына негізделген интерактивті карталар немесе мобильді қосымшалар жасауға болады. Бұл аймақтың табиғи ерекшеліктерін көрсетіп, олардың танымдық мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Тарихи кезеңдердегі көші-қон, соғыстар және сауда қатынастары халықтардың топонимдік аңыздарына әсер етіп, олардың мәдениетаралық байланыстарының артуына себеп болды. Мысалы, Қазақстандағы кейбір жер атаулары парсы және араб тілдерінің ықпалына ұшыраған, бұл Орта Азия халықтарының өзара мәдени байланыстарын көрсетеді. Арменияның Арарат тауы туралы халықтық шығармашылығы да көршілес халықтардың мифтерімен араласып, аңыздағы, әпсанадағы оқиғалардың кең таралуына ықпал етті. Мәдени байланыстарды зерттеу мақсатында әртүрлі елдердің топонимдік аңыздарын салыстырып, олардың тарихи-этникалық байланыстарын көрсету үшін ғылыми-танымдық экспедициялар, біріккен зерттеулер ұйымдастыруға болады. Бұл зерттеулер халықтардың өзара қарым-қатынасының қалай қалыптасқанын түсінуге және ортақ тарихты жаңаша қырынан қарауға мүмкіндік береді.

Еуразия халықтарының топонимдік аңыздары олардың ұлттық бірегейлігін нығайтуға ерекше үлес қосады. Мысалы, Германиядағы Эрлькениг аңызы немесе Армениядағы Анаит құдайы туралы әпсаналар сол елдің тарихи мұрасының бір бөлігі болып саналады. Қазақстандағы Көк Бөрі туралы әпсана қазақ халқының ұлттық рухын, еркіндікке бағыт алғандығын көрсетеді. Әр халықтың топонимдік аңыз бен әпсаналары олардың ұлттың ерекшелігін, болмысын түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

